І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

ӘОЖ 343.352 (574) (043)

Қолжазба құқығында

ЕСЖАНОВ ЕРЛАН БОРАНБАЕВИЧ

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдіру мәселелері

6D030100 – Құқықтану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесшілер:
Заң ғылымдарының кандидаты,
профессор Б.А. Сериев
Философия докторы (PhD),
қауымдастырылған профессор
(доцент) Б.Ж. Айтимов

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Заң ғылымдарының докторы,
профессор П.С. Берзин

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2026

Мазмұны

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 3
КІРІСПЕ 4

1 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ 14
1.1 Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қылмыстық құқықтық сипаттамасы 14
1.2 Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының таралу деңгейі және оның трансұлттық сипатқа ие болуы 20
1.3 Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасы 31
1.4 Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша қылмыскердің тұлғасы 37
1.5 Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілі - криминалистикалық сипатының маңызды элементі ретінде 42

2 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТЕРГЕУ АМАЛДАРЫ 57
2.1 Сыбайлас жемқорлықты тергеу кезіндегі кездесетін болжаулар мен жоспарлар 57
2.2 Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеуде типтік жағдайлар (ситуациялар) 62

3 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ 76
3.1 Сыбайлас жемқорлық оқиғасы болған жерді қарау 76
3.2 Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жауап алудың ерекшеліктері 85
3.3 Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексерудегі тінту жүргізудің маңызы 101
3.4 Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша тануға ұсынудың тәртібі 103

ҚОРЫТЫНДЫ 110
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 120
Қосымшалар 128

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР:

БҰҰ	– Біріккен Ұлттар Ұйымы
КСРО	– Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚР	– Қазақстан Республикасы
ҚР ҚК	– Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
ҚР ҚПК	– Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодекс
ҚР ҰҚО	– Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары
ЭЫДҰ	– Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
G-20	– «Үлкен жиырмалық» - әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған және дамушы елдерінің халықаралық форумы

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдірудің теориялық және тәжірибелік мәселелеріне арналған. Диссертациялық зерттеу жұмысында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қылмыстық құқықтық және криминалистикалық сипаттамасы, осы қылмыстарды тергеу кезінде кездесетін болжаулар мен жоспарлар және де жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізудің ерекшеліктері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің типтік жағдайлары қарастырылды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. «Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдіру мәселелері» тақырыбын зерттеу барысында «сыбайлас жемқорлық» қылмыстарына қатысты екі түрлі тенденцияның қалыптасқанын байқадық.

Біріншісі, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тіркелуі мен тергелуі бойынша ресми статистиканың жылдан-жылға төмендеуі. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің мәліметтеріне сүйенсек, 2025 жылы сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша 1052 қылмыстық іс тіркелген, оның 860 сотқа жолданған [1]. Аталмыш көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 35 %-ға төмендеген. 2024 жылы сол кездегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Ұлттық баяндамада берген мәліметтерінде 2310 қылмыстық іс өндірісте болған. Оның 1641, яғни 71% бойынша ғана өндіріс аяқталған. Тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстарының санатына үңілер болсақ, онша ауыр емес қылмыстар 21%-ға, ауыр қылмыстар 13%-ға азайса, аса ауыр қылмыстар 27%-ға артқан. Жалпы 2019 жылдан бері қарай сыбайлас жемқорлық қылмыстарының динамикасын қарасақ, 2025 жылы мұндай қылмыстардың тіркелуі екі есеге немесе тең жартысына төмендеген [2].

Екіншісі, соңғы уақыттардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі мен әлеуметтік-экономикалық жағдайында сыбайлас жемқорлық құбылысының жиілеуі. 2019-2023 жылдар аралығында ҚР Президенті Қ.Тоқаев сөйлеген сөздерінде сыбайлас жемқорлық фактілерінің еліміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени т.б. салаларында көптеп кездесетінін жиі айтады. Мәселен, 2019 жылғы 20 мамырдағы сөзінде Қ. Тоқаев экономиканы дамытуға бөлген қыруар қаржы және соған сәйкес мемлекеттік бағдарламалар сыбайлас жемқорлықтың салдарынан тиімді жүзеге аспай жататынын айтты. Сыбайлас жемқорлық халықты әлеуметтік қорғау, ауыз сумен қамтамасыз ету, жол салу, бизнесті дамыту салаларында көптеп кездеседі деп көрсетеді. Осы кеңесте «тұрмыстық жемқорлықтың» кең тарағанын атап өтіп, онымен күресті саналық тұрғыда іске асыруды тапсырған. Сыбайлас жемқорлық фактілерін әкімшіліктермен жүргізілген сауалнамалар көрсететінін және ел аралағандағы кездесулерде байқайтынын атап өткен. [3]. 2020 жылғы 19 тамызда жоғарыда айтылған кеңесте ҚР Президенті сыбайлас жемқорлық жағдайларының саны азамай тұрғанын, осындай әрекеттері үшін жауапқа тартылғандардың саны

11%-ға артқанын атаса [4], 2021 жылғы Қазақстан халқына жолдауында экономикаға мемлекеттің тым көп араласуы сыбайлас жемқорлыққа алып келіп отырғанын айтқан [5]. 2022 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында ҚР Президенті «сәулет-құрылыс саласы қағазбастылыққа көмілгендігін, соның әсерінен осы салада жемқорлық аз еместігін» [6] атап өткен. 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында да Президент автокөлік жолдары құрылысында тиісті жұмыстар уақтылы әрі сапалы жасалмайтынын айта келе, бұл салада жемқорлық жайлап тұрғанын назарға алды [7]. 2024 жылдан бастап ҚР Президентінің сөйлеген сөздерінде, Қазақстан халқына жолдауларында да «сыбайлас жемқорлық» фактілері туралы мәліметтер азаяды. Біздің ойымызша, бұл қоғам мен мемлекеттегі сыбайлас жемқорлық қылмыстары жоқтың қасы және оған қарсы іс-қимылдың да қажеті азайды дегенді білдірмейді. 2019-2023 жылдар аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың құқықтық және институционалдық негізі қалыптасты. Соның ішінде, мемлекет басшысының тікелей ықпалымен басшылардың жауапкершілігі, нормативтік-құқықтық актілердің сараптамасы, заңсыз активтерді қайтару, әсіресе мемлекеттік қызмет көрсетулерді цифрландыру мәселелері жолға қойылды. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлықпен күрес жекелеген саяси науқан емес мемлекеттік органдардың тұрақты қызметі ретінде қалыптасқан. Яғни, саяси риторикада сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы мәліметтердің айтылмауы осы қылмыстардың азаюы дегенді білдірмейді. Жоғарыда айтқанымызда, аса ауыр санаттағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының артуы осы қылмыстарды жасаудың санының емес, оның формасы мен қылмыс зардаптарының артуын көрсетеді.

Қазақстанның саяси-әлеуметтік, қоғамдық өмірінде және де экономикалық қатынастарда сыбайлас жемқорлық құбылысының бүгінгі таңда да азаймағандығын зерттеу барысында жүргізген сауалнама нәтижелері көрсетіп отыр. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес «сыбайлас жемқорлық» фактілерімен жауап берушілердің 70% кездессе, респонденттердің 47% пара беруге немесе танысының көмегін пайлануға мәжбүр болғанын айтады (*Қосымша А*). Біз қарастырып отырған ҚР ҚК-нің 15-тарауында көзделген, сондай-ақ осы кодекстің 3-бабы 29-тармағында сыбайлас жемқорлық қылмыстары ретінде танылған 189, 190, 218, 218-1, 234, 249, 452-баптарда [8] қаралған қылмыстар жоғары латенттікке ие. Сондықтан да уәкілетті органдармен беріліп отырған ресми статистика сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қоғамда көрініс табуын толықтай сипаттайды деп айта алмаймыз. Демек, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының нақты статистикасы жоғарыда берілген мәліметтерден әлдеқайда жоғары деуге негіз бар.

Сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша қозғалған қылмыстық істерді алдын ала тергеу практикасын талдау 2024 жылы істердің 37% ақтау негізі жоқ іс ретінде, 45% ақтау негіздері бойынша тоқтатылғандығын көрсетті. Мұның басты себептері қылмыстық істердің тиісті дәрежеде тергеп-тексерілмеуі екендігін зерттеу көрсетті. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексеру процесін криминалистикалық қамтамасыз ету деңгейі төмен, осы

қылмыстарды алдын ала тергеу жүргізетін мамандардың сыбайлас жемқорлық қылмыстары, қылмыскер тұлғасы туралы ғылыми білімдер жүйесінің болмауы басты себептердің бірі. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексеруде дер уақытында қолданылмаған тергеу әрекеттері кейінгі тергеуде өз нәтижесін бермейді. Диссертациялық зерттеу жүргізуде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексерумен айналысатын тергеуші, анықтаушы және де жедел уәкілдерден алынған сауалнама нәтижесі олардың аталмыш қылмыстарды тергеуде тактикалық амалдарды қолдануының аясы мардымсыз екенін көрсетті (*Қосымша Ә*). Бұл алдын ала тергеу органдары қызметкерлерінің кәсіби дайындығының төмендігін және криминалистикалық тактиканың теориялық негіздері бойынша білімдерінің жетіспеушілігін білдіреді.

2022-2026 жылдарға арналған ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты тұжырымдамасы сыбайлас жемқорлықпен күресте заңға қайшы әдістерді пайдаланып, арандатушы әрекеттерге жол бермеуді, Конституцияда бекітілген «кінәсіздік презумпциясы» қағидатын қатаң сақтауды негізгі міндеттерінің бірі ретінде бекіткен [9]. Осыған сәйкес, қылмыстық істерді ақтауға мүмкіндік берілмейтін негіздерде тоқтату «сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады» [10], ақтауға мүмкіндік беретін негізде істерді тоқтату «кінәсіздік презумпциясы» [10] сияқты конституциялық қағидаттарды бұзады [11, б.147-148] деген автордың пікірімен келісеміз.

Құқық қорғау жүйесін жетілдіру ең әуелі қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді сапалы ұйымдастырудан басталады. Бұл өз кезегінде тергеу әрекеттерін сауатты әрі кәсіби жүргізуді талап етеді. Ақпарат алуда кеңінен танылған және тиімді тергеу әрекеттердің бірі – жауап алу. Жауап алу тергеу әрекеттерінің сан қырлы әрі қиын түрі. Сонымен қатар, іске асыруда қарапайым әрі сенімді бола отырып, жауап алу бұл дәлелдемелік ақпарат және келесі бір тергеу әрекеттерін жасаудың алғышарты ретінде танылады.

Ғылыми-техникалық ілгерілеу қылмыстық сот өндірісіне де еніп келеді. Қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеп-тексеру электрондық форматта табысты жүргізіліп келеді. Қылмыстық сот өндірісінің цифрлық кеңістікке өтуін 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде (бұдан әрі – ҚР ҚПК) «Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алудың (қашықтықтан жауап алу) ерекшеліктері» [12] сияқты тергеу әрекетін енгізуінен байқауға болады.

ҚР Жоғарғы соты сайтында қол жетімді апелляциялық сатыда қаралған істерді талдау нәтижесінде шағымдардың 70%-ға жуығы сотқа дейінгі тергеп-тексеруде іске қатысушылардан жауап алуда берілген түсініктемелерінде ескерілмеген мәселелер бар екенін көрсетті [13]. Қолданыстағы ҚР ҚПК-нің 210-бабы 9-тармағына сәйкес жауап алу кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның шешімі бойынша, сонымен бірге күдіктінің, айыпталушының, куәнің не жәбірленушінің өтініші негізінде дыбыс-бейне жазба қолданылуы мүмкін. Демек, жауап алу процесінің дыбыс-бейне жазбасы автоматты түрде емес, тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның шешімі

бойынша немесе жауап алынатын тұлға өтінгенде ғана жүргізіледі. Бұл сотқа дейінгі жауап алуда дыбыс-бейне жазба барлық істер бойынша жүргізілмейді дегенді білдіреді. Бұл өз кезегінде жауап алу хаттамасының бұрмалануына немесе ондағы кейбір іс үшін қажетті мәліметтердің еленбей қалуына әкеп соғатын бірден-бір фактор. Бастапқы жауап алуды жүргізудің процестік нормаларын елеулі түрде бұза отырып, тәндік немесе психикалық қысым көрсету арқылы мәліметтер алған фактілер [14], осындай дәлелдемелер негізінде тағылған айыппен келіспейтін жағдайлар [15] жиі кездеседі. Мұндай жағдайларда ҚР ҚПК-нің 211-бабына сәйкес қосымша немесе қайталап жауап алу қажеттігі туындайды. Бұл істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімінің созылуына, сондай-ақ қосымша ресурстарды шығындауға (уақыт, еңбек т.б.) алып келеді. Нәтижесінде, құқық қорғау органдарына деген тұрғындардың сенім деңгейі төмендейді. Осы тұста тергеу әдістемесін жасанды интеллектінің жетістіктерін пайдалана отырып кейбір тергеу әрекеттерін автоматтандыру арқылы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әдістемесін жетілдіруге мәселесін қараудың өзектілігі туындайды.

Зерттеу тақырыбымның өзектілігі - сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша қылмыстық істерді тергеудің басты тұжырымы ғылыми негізделіп қылмыстық барлық тұстарын объективті, жан-жақты және толық анықтауға мүмкіндік беретін, сондай-ақ тергеу барысында жәбірленушінің, куә мен күдіктінің (айыпталушының) құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтындай заманауи әдістемені қалыптастырумен айқындалады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күрестің криминалистикалық аспектілері мәселелері бірнеше отандық және шетелдік зерттеушілердің зерттеуінде қамтылған. Атап айтсақ, отандық зерттеушілерден О.Б. Хусаиновтың (орыс тілінде, 2005 ж.), Ч.Д. Кенжетаевтың (орыс тілінде, 2005 ж.), Р.М. Абдрашевтің (орыс тілінде, 2010 ж.) еңбектерін атауға болады. О.Б. Хусаиновтың «Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің ұйымдастырушылық-тактикалық ерекшеліктері: Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессуалдық заңнамасына сәйкес» тақырыбындағы еңбегі ҚР сыбайлас жемқорлықпен күрестің теориялық және қолданбалы мәселелерін талдауға, ІІО жедел іздестіру бөлімдерінің сыбайлас жемқорлықпен қатысты қылмыстарын тергеуде қызметін жетілдіруді зерттеуге арналған [16, б.5-6]. Ч.Д. Кенжетаевтың еңбегі сыбайлас жемқорлық қылмыстарындағы делдалдық құбылысын зерттеуге арналса [17, б.4-5], Р.М. Абдрашев «Құқық қорғау жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің теориясы мен тәжірибесі» атты еңбегінде құқық қорғау органдары жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тарихи аспектілері мен түсінігі, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаты, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын анықтау мен қылмыстық істі қозғаудың әдістемелік мазмұны, осы қылмыстарды тергеудің әдістемелік негіздері талданған [18, б.3-6]. Жоғарыда аталған ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлығы қазіргі уақытта күшін жойған ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексінің [19] негізінде жазылғанын айта кетуіміз керек.

Шетелдік ғалымдардан диссертациялық зерттеу ретінде ресей ғалымдарының еңбектері басым. Соның ішінде Н.Н. Лашконың «Парақорлық пен сыбайлас жемқорлықты тергеудің криминалистикалық сипаттамасы мен бастапқы кезеңі» (орыс тілінде, 2001 ж.) [20, б.3-15] тақырыбындағы еңбегі осы қылмыстарды тергеудің алдыңғы кезеңін зерттеуге арналса, ресей ғалымы Е.Ю. Фролованың «Құқық қорғау және сот органдарындағы сыбайлас жемқорлықты тергеудің әдістемесі» (орыс тілінде, 2005 ж.) [21, б.3-12] еңбегінде құқық қорғау және сот органдарындағы сыбайлас жемқорлық қылмысының криминалистикалық сипаттамасы, осы саладағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының белгілерін анықтаудың ерекшеліктері, құқық қорғау және сот органдарындағы жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізу талданған. Келесі бір ресей ғалымы В.В. Крюковтың «Сыбайлас жемқорлық бағытындағы лауазымды қылмыстарды тергеу әдістемесі» (орыс тілінде, 2011 ж.) [22, б.3-21] атты еңбегі де лауазымды тұлғалармен жасалатын сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипатын талдауға және олардың тергеудің ерекшеліктерін қарастыруға арналған.

Жоғарыда аталған диссертациялық зерттеулердің басты айырмашылығы біріншіден, көпшілігі ресейдің қылмыстық процестік заңнамасына сүйене отырып жазылғандығында болса, екіншіден, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің ұйымдастырушылық-тактикалық қамсыздандырылу мәселелеріне немесе құқық қорғау сияқты бір ғана саладағы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп тексерудің мәселелерін талдауға арналған. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың басты ерекшелігі – сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әдістемесін қазіргі уақыттағы ғылым мен техниканың даму мүмкіндіктерін ескере отырып кешенді криминалистикалық талдау жүргізуінде көрінеді.

Диссертациялық зерттеудің объектісі болып сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу процесінде туындайтын құқықтық қатынастар танылады.

Диссертациялық зерттеудің пәні сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен осы қылмыстарды тергеуге байланысты туындайтын, сондай-ақ қылмыстық жауаптылықты көздейтін қоғамдық қатынастарды реттейтін қылмыстық, қылмысты-процестік және өзге де құқықтық нормалардың жиынтығы, осы категориядағы қылмыстарды ашу мен тергеуге байланысты органдардың қызметі және де зерттеу тақырыбы бойынша осы уақытқа дейін қалыптасқан ғылыми-теориялық ой-пікірлер болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты болып тергеу практикасын және қолданыстағы заңнаманы талдау негізінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әдістемесін жетілдіру бойынша кешенді ғылыми-практикалық негізделген ұсынымдар беру болып табылады.

Аталмыш мақсатқа қол жеткізу үшін диссертациялық зерттеу жұмысында төмендегідей міндеттер алға қойылды:

- сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қылмыстық құқықтық сипаттамасын қарастыру;

- сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасына тоқталу;

- сыбайлас жемқорлық қылмыстарындағы қылмыскердің тұлғасы айқындау;

- криминалистикалық сипатының маңызды элементі ретіндегі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілін зерделеу;

- сыбайлас жемқорлықты тергеу кезіндегі кездесетін болжаулар мен жоспарларды айқындау;

- сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеуде туындайтын типтік жағдайларды (ситуацияларды) талдау;

- сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жекелеген тергеу әрекеттері және оны жүргізудің тәжірибелік мәселелерін зерттеу.

Диссертациялық зерттеудің әдіснамалық негізі. Диссертациялық зерттеуді жүргізуде ғылыми танымның жалпы әдісі ретінде диалектикалық әдіс – сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әдістемесінің қалыптасуы мен дамуын зерттеуде пайдаланылды.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің жасырын заңдылықтарын, әдістемелерді қалыптастырудың гипотезалары мен нақты болжамдарын жасауда сыбалйлас жемқорлық қылмыстарының статистикасы өңделіп, алынған мәліметтер бірыңғайландырылды.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының аса ауыр санатының артуы статистикалық гипотезалар құруға мүмкіндік беріп, олар арнайы әдістемелердің негізінде нақтыланды.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің қазіргі заңнамалық қамтылуы мен сотқа дейінгі тергеп-тексеру тәжірибесінің сәйкестігін қарастыруда жалпы ғылыми әдістерден талдау мен синтез қолданылды.

Диссертациялық зерттеудің теориялық негізі. Диссертациялық зерттеудің теориялық негізін жалпы құқық теориясының, қылмыстық іс жүргізу құқығы мен криминалистиканың жалпылама және жекелеген мәселелері бойынша жүргізілген ғылыми еңбектер құрады.

Тақырыпқа сәйкес зерттеу жүргізген отандық ғалымдар Р.М. Абдрашев, Б.Ж. Айтимов, А.Ж. Жұмағали, А.Б. Избасова, Ч.Д. Кенжетаев, М.Г. Мукашев, Б.Г. Мухамедьярова, Д.Т. Нұрбек, Е.Т. Нұрмағанбет, М.А. Рахметова, Б.А. Сериев, Р.Б.Тапалова, Е.К. Утебаев, В.В. Хан, О.Б. Хусаиновтың еңбектері, сондай-ақ қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы мен криминалистика саласындағы Н.М. Абдиров, А.Н. Ағыбаев, Т.К. Акимжанов, Е.О. Алауханов, М.А. Арыстанбеков, Е.Н. Бегалиев, И.Ш. Борчашвили, С.Ф.Бычкова, Р.Е. Джансараева, А.А. Ешназаров, С.С. Каржаубаев, М.Ч. Қоғамов, Б.М. Нургалиев, С.Т. Нуртаев, С.М. Рахметов, К.Н. Шакиров, Д.С. Чукмаитов т.б. ғалымдардың еңбектері зерттеуіміздің теориялық негіздерін құрады.

Ресей ғалымдары В.В. Крюков, Н.Н. Лашко, С.А. Машков, И.В. Посохина, Е.Ю. Фролова, Т.В. Филатова, Ю.В. Шляпниковтың теориялық

еңбектері диссертациялық жұмыстың теориялық негізіне алынып қарастырылды.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің процестік және әдістемелік негіздерінің бүгінгі мәселелерін зерттеуде румыниялық ғалым Делия Магхерескудың, нигериялық ғалым Алию Абубакир Лаванның, финляндиялық ғалым Пекка Хентоненнің, украина ғалымы А.Чистякованың, германиялық ғалым Джоханнес Уоштың, венгриялық ғалым Джанос Кертеч, словениялық ғалым Матджаз Перктің еңбектері қаралып, салыстырмалы-құқықтық талдау жасалды.

Диссертациялық зерттеудің нормативтік базасы. Зерттеу жұмысының нормативтік негізін еліміз ратификациялаған конвенциялар, халықаралық шарттар, ҚР өзге мемлекеттермен құқықтық көмек туралы жасаған екеуара келісімдер, 2025 жылдың 15 наурызында қабылданған ҚР Конституциясы, ҚР ҚПК, сонымен қатар осы диссертацияның зерттеу пәнімен байланысты қатынастарды реттеу бөлігіндегі заңдар мен өзге де құқықтық актілер құрады.

Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық негізін ҚР Жоғарғы Соты сайтының сот актілерінің банкінен алынған зерттелген 217 қылмыстық істер мен сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша тергеушілерге (20 адам), сонымен бірге сыбайлас жемқорлық қылмысының саяси-қоғамдың өмір мен әлеуметтік-экономикалық қатынастардағы қазіргі уақыттағы таралу тенденциясын білу мақсатында құрастырылып жүргізілген сауалнама құрады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесінің бүгінгі жағдайын алғаш рет диссертациялық деңгейде кешенді зерттеуінен көрінеді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесінің тәжірибесін жан-жақты зерттеу жүргізу нәтижесінде тәжірибелік және теориялық маңызға ие болатын осы қылмыстардың криминалистикалық сипатының негізгі заңдылықтары айқындалды, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының белгілерін анықтаудың ерекшеліктері нақтыланды, тергеп-тексерудің типтік жағдайлары мен бағыттары анықталып, мейлінше маңызды тергеу әрекеттерін жүргізуге байланысты практикалық ұсынымдар әзірленді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесінің практикасын талдау тәжірибеде бар мәселелер мен қолданбай отырған ресурстарды ашуға, қолданыстағы криминалистикалық амалдардың, әдістер мен тәсілдердің осы қылмыстарды ашу мен тергеудегі тиімділігін анықтауға, жемқорлық қылмыстарын тергеудің жекелеген міндеттерін шешудің тактикалық ғылыми-әдістемелік ұсынымдарын әзірлеуге мүмкіндік берді. Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы ізденушімен қорғауға ұсынылған тұжырымдарда айқындалған.

Диссертациялық зерттеудің қорғауға ұсынылатын ғылыми негізгі **нәтижелері мен қорытындылары**:

1. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеуді жүзеге асыратын тұлғалардың ғылыми негізделген және практикалық дәлелденген әдістемемен қамтамасыз етілмегендігі алғаш рет ғылыми тұрғыда дәлелденді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарында тергеуші қызметінің нәтижелі болуы алдыңғы кезеңдегі тергеп-тексеруді тиімді әдістемелік қамтамасыз етуімен тікелей байланысты. Зерттеу нәтижелері тергеушілердің тергеу амалдарын жүзеге асыруды жоспарлау, оны өз кезектілігінде жүзеге асыруға қатысты ғылыми негізделген практикада апробациядан өткен тиімді әдістememен қамтамасыз етілмегендігін көрсетті.

2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әдістемелік тұрғыда тиімділігін айқындайтын төрт негізгі компоненттен тұратын практикалық-әдіснамалық модель негізделді:

Тергеу процесін басқару құзіреттіліктері + Жеткілікті ақпараттық-техникалық ресурстар = Ақпараттық база + Тергеудің тиімді әдістері + Аналитикалық құзіреттіліктер **= *Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің тиімділігі***

Модельдің компоненттері сапалық деңгейдегі өзара қатынаста тиімді іске асырылады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің нәтижелілігі жекелеген компоненттер формалды іске асуы арқылы емес, олардың өзара теңгерімді іске асырылуына тәуелді екенін көрсетті. Бір компоненттің әлсіздігі қалғандары жоғары деңгейде болғанымен өтелмейді. Модельдің қолданбалы жарамдылығы сотта қаралған істерді контенттік талдау мен практикада істерді жүргізумен және де тергеушілерге жүргізілген сауалнамалардың нәтижелерімен дәлелденді.

3. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бастаудың себептері талданып, анықталды: а) масс-медиа мен онлайн платформалардағы жемқорлық фактілері туралы жарияланымдар (барлық істердің – 5 % ғана құрайды); ә) салалық тексерулер нәтижесінде мекемелер мен ұйымдардың арызы немесе хабарлармаларында белгілі болған фактілер негізінде (барлық істердің – 81% құраған); б) басқа қылмыстарды тергеп-тексеру материалдарында белгілі болған не жедел-іздестіру шараларын жүргізу нәтижесінде (барлық істердің – 14% құрады).

4. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексерудің бағдарламасы: әрбір кезеңінің мақсаты мен міндеттерінен, сондай-ақ оған жетудің амалдары, әдістері мен тәсілдері жөніндегі ақпараттан; болжамды тергеу әрекеттері мен жедел-іздестіру шаралары және тактикалық, процестік шешімдердің кешенінен тұруы тиіс. Бағдарлама криминалистикалық бастапқы маңызды ақпараттардың негізінде құрылуы тиіс. Осы мақсатта: а) лауазымды тұлғаның қызмет аясын, сондай-ақ қылмыс жасауға әсер еткен негізгі және қосымша факторлар зерттеледі; ә) жасырын тергеу әрекеттері, құжаттарды беру, ұстау, тінтуді жүргізу (жеке тінтумен қоса алғанда), жәбірленушілерден, куәлардан жауап алу сияқты тергеу әрекеттері мен бұлтартпау шаралары өз кезектілігімен жүргізіледі; б) қылмыс іздерін айқындалып (заттай айғақтар, құжаттар, үлгілер т.б.), зерттеледі; қылмыс жасады деген күдіктіге қатысты мәліметтерді сұратылып, материалдар жинақталады; арнайы зерттеулер тағайындалып, жүргізіледі (құжаттық тексерулер, ревизиялар, сот сараптамасы және т.б.) (*Қосымша Б*).

5. Тергеп-тексерудің тиімділігі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын ашу мен тергеуге қажетті әрі жеткілікті тактикалық амалдар мен тәсілдердің жиынтығына байланыстылығы дәлелденді. Құжаттарды зерттеуге кіріспестен бұрын тергеуші тиісті мекеменің қызметін реттейтін нормативтік құжаттармен (ереже, регламент, жарғы, бұйрық т.б.) танысуы қажет. Тактикалық тұрғыда ерекше мәнге ие тергеу әрекеті - күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алуда тергеуші жауап алынатын тұлғаның психологиялық жағдайын бағалауы тиіс. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша істерде тінтуді жүргізудің тактикасы іздеуге ие объектіге тікелей байланысты. Осыған сәйкес жұмыста тергеу әрекеттерінің типтік нұсқаларын ұсындық.

6. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында құқық қорғау органдарының ақпараттық-талдамалық қызметіне жасанды интеллект технологияларын енгізу қажет, бұл электрондық дәлелдемелерді өңдеуді жеделдетуге, жасырын қылмыстық байланыстарды анықтауға, қаржылық операцияларды кешенді талдауға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын ала болжауға мүмкіндік береді. Осыған орай Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексе және ведомстволық нормативтік актілерінде жасанды интеллект құралдарын қолданудың құқықтық негіздерін, оларды пайдалану тәртібін және алынған нәтижелерді дәлелдемелік ақпарат ретінде бағалау тетіктерін нормативтік тұрғыдан бекіту ұсынылады.

7. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жауап алудың нақты уақыт режимінде автоматты жазбасын жүргізетін зияткерлік құрылғы әзірлеуді ұсынамыз.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы. Зерттеудің теориялық маңыздылығы автордың сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әдістемесін жетілдіруге байланысты проблемалық сұрақтарды толықтай қамти отырып, криминалистиканы, соның ішінде криминалистикалық әдістемені одан әрі дамытуында көрінеді. Қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы туралы осы уақытқа дейінгі қалыптасқан криминалистикалық ілімнің негізінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің әдістемесін жетілдіруге қатысты кейбір криминалистикалық категорияларды теоретикалық пайымдауға талпыныс жасалды. Мұндай категориалдық аппараттар ретінде «криминалистикалық әдістеме», «бастапқы тергеу жағдайы», «тергеп-тексеруге қарсы іс-қимыл», «тактикалық және криминалистикалық амалдар, әдістер мен тәсілдердің жүйесі» т.б. ұғымдар алынды. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің тиімді криминалистикалық әдістемесін анықтауға қажетті теориялық ұсынымдар әзірленді. Диссертациялық жұмыс сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексеруді терең қарастыруымен, сондай-ақ осы қылмыстар бойынша ғылыми-теориялық мәселелерді зерттеуімен және практикалық ұсынымдар әзірлеуімен ерекшеленеді. Диссертацияда берілген ұсынымдар мен қорытындылар алдағы уақытта сыбайлас жемқорлық қылмыстарын ашу және тергеп-тексеру мәселелеріне арналған ғылыми ізденістерде қолданылып, сонымен бірге

конструктивті ғылыми пікірталастардың негізі бола алады. Сол арқылы криминалистикалық тактика мен әдістеме саласындағы ғылыми ой-пікірдің дамуына үлесін қосады.

Криминалистиканың мүмкіндіктерін кеңінен қолдана келе сыбайлас жемқорлық қылмыстарын ашу және тергеп-тексеру қызметін жетілдіруге бағытталуы **диссертациялық зерттеудің практикалық маңызын** айқындайды. Диссертацияда берілген қорытындылар мен ұсыныстар сыбайлас жемқорлық қылмыстарын сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары мен сот органдарының тәжірибесін одан әрі ілгерілетуге ықпал етеді. Диссертация материалдары «Қылмыстық іс жүргізу құқығы», «Криминалистика», «Қылмыстардың жекелеген түрлерін тергеу әдістемесі» пәндерін өткізу үшін оқу, оқу-әдістемелік материалдарды даярлауда қолдануға болады.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Диссертация І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің құқықтық пәндер кафедрасының базасында орындалып, талқылаудан өтті. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ғылыми ұсыныстары ғылыми басылымдарда 5 ғылыми мақалаларда көрініс тапқан. Оның ішінде, 3 мақала уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus деректер базасына кіретін басылымда, 1 мақала ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдарында және өзге басылымдарда жарияланды.

Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен көлемі зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, теориялық және практикалық аспектілерін зерттеуге мүмкіндік берді. Жұмыс кіріспеден, негізгі мазмұнды қамтитын 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

1.1 Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қылмыстық құқықтық сипаттамасы

Өмірдің барлық салаларында сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендету – қазіргі Қазақстанның басты мақсаты. Мемлекеттік әкімшілендіру саласындағы сыбайлас жемқорлық мәселелері жалпыға ортақ сипатқа ие және де оның жағымсыз әсері әлемнің барлық елдерінде сезіліп отыр. Біздің мемлекетіміз де бұл жағымсыз құбылыстан тыс емес.

Сондықтан да сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда бүтіндей бір жүйе құруымыз қажет. Жекелеген мемлекеттердегі сыбайлас жемқорлықпен күрестің тәжірибесін талдау сол елдердегі танылған азаматтардың заң алдындағы теңдігі қағидаты мен қылмыстық жауаптылыққа іс жүзінде тартудың практикасы арасында алшақтық бар екенін көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлық – ақ жағалылар қылмыстылығының әдеттегі түрі. Демек, бұл қылмыс жоғары латенттілікке ие, өзінің санқырлылығымен және ірі зардап келтіруімен ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлықтың ерекше қауіптілігі оның мемлекеттік аппаратты өзгеріске ұшыратып, қалпына келтірмейтіндей етуінде жатыр. Қылмыстың қауіптілігі оның қылмыстың өзге түрлерін жасаумен жалғасуында. Мемлекеттік органдардың қалыпты қызметіне қол сұға отырып, сыбайлас жемқорлық олардың беделіне нұқсан келтіріп, билік органдарын мойындамауға алып келеді. Ол өз кезегінде әлеуметтік әділеттілік пен заңдылық қағидаттарын бұзады. Ең бастысы сыбайлас жемқорлық бұл ұйымдасқан қылмыстылықтың катализаторы, оның қоғамда өмір сүруінің құрамдас бөлігі. Өзара әрекеттес бола отырып бұл екі құбылыс мемлекет пен қоғам үшін шынайы қауіп төндіреді, әсіресе демократияның қалыптасу кезеңінде тұрған Қазақстан жағдайында аса қауіпті. Сыбайлас жемқорлық көптеген лауазымды адамдардың адалдығына күмән келтіртеді, тек оларға ғана емес толықтай алғанда мемлекетке сенімді азайтады, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін бұзады, заңдылық қағидатын өзгеше түсінуге алып келеді. Осы жағдайлардың барлығы Қазақстан Республикасының ілгері дамуы мен көркеюін тежейді. Осы жағдайлардың барлығы сыбайлас жемқорлықпен күресті заңнамалық реттеуді ілгері дамытудың қажеттілігін айқындауды, қажетті заңнамалық нормалар мен ережелерді, тиісті іс-шараларды қабылдауды талап етеді.

Сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендетуге мемлекеттік қызметшілердің жағдайды дербес бағалауына және қандай да бір төлемдерді белгілеу мүмкіндіктерін азайтуға бағытталған басқару жүйесіндегі практиканы өзгерту де көмектескен болар еді. Тұрмыстық жемқорлықтың алдын алу оңай шаруа емес, бұл мектеп қабырғасында алған білімі мен тәрбиенің нәтижесі, қалыпты құбылыс ретіндегі тұтас қоғам мен мемлекеттің қабылдауы.

Бұрынғы кеңестік кеңістік кезеңінде өздерінің пайдакүнемдік қара бастарының қамы үшін ештеңеден де жиіркенбейтін сатып алу-сату жағдайларында өскен адамдардың ұрпақтары өсіп, қалыптасты. Әлеуметтік сала парақорлыққа қолайлы жағдай туғызды, бұл орайда Дүниежүзілік банктің зерттеушілері ынта қоярлық нәтижелер алған. Орташа есеппен ел халқының 10-15 пайызы – оң кодқа ие болғандар, олар заңды құрметтейді, ортаның толықтай өзгермегені себепті құқықтық тәртіпті сақтайды. Азаматтардың осы саны – генетикалық кодқа ие болғандар және қоғамға қарсы бейімделулерімен өзгешеленген деп көрсетеді. Қоғамның көп бөлігі (70-80%) аралық қасиеттерге ие болған, яғни олар сыбайлас жемқорлықты толықтай қолдамағанымен де оны қалыпты құбылыс ретінде санайды. Мұндай азаматтар елімізде, соның ішінде мемлекеттік билікте қандай әлеуметтік ортаның басым болуына қарай бейімделуімен ерекшеленеді.

Біз проблеманы, әрине, тек әкімшілік шараларымен ғана шеше алмаймыз, өйткені біз жүйелі түрдегі айрықша құбылысқа тап болып отырмыз. Осы проблеманың табиғатын: оның себептерін, факторларын және таралу ортасын, даму үрдісін терең талдау қажет болады. Және де оған сақтықпен қарау қажет. Түбегейлі әрекеттер табысқа жеткізе қоймайды, өйткені, сыбайлас жемқорлық тамырын терең жайған. Ойланбай жасалған әрекеттер орны толмас салдарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Сыбайлас жемқорлыққа белшесінен батқан шенеунік бай, білімді, ақылды, сонымен қоса билік пен байланыстарға маталған. Оның іс жүзінде сақтандыру желеуі де бар, оған сондай-ақ заңдылықты заңды түрде айналып өту де көмектеседі. Ең бастысы, биліктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі таза ниеттеріне, елде әлі сатылмайтын әділет және құқық тәртібі органдарының болып отырғанына халықтың көздерін жеткізу керек. Республикалық, сондай-ақ жергілікті қаражаттарды қалыптастыру мен жұмсау саласында ашықтықтың, бюджет қаражаттарын жұмсауда Құрылтай мен мәслихаттардың бақылаушылық рөлін күшейтудің маңызы зор. Қабылданған шешімдер үдерістерінің ашықтығы саяси мәдениеттің ажырағысыз элементі болуға тиіс. Тек сонда ғана сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес төңірегінде оң қоғамдық пікір қалыптасатын болады.

Осының бәрі, сайып келгенде, ҚР Президенті Қ.Тоқаев атап көрсеткендей: «Сыбайлас жемқорлықпен жүйелі түрде күресу – аса қажетті жұмыс. Бұған еш күмән жоқ. Мемлекет жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық фактілерін анықтау ғана емес, жемқорлықтың алдын алу үшін жұмыс жүргізіп жатыр. Қазақстан жемқорлыққа қарсы күрес жолында ең озық халықаралық стандарттарды, соның ішінде ЭЫДҰ енгізіп жатқан талаптарды басшылыққа алады. Бұл – өте жоғары талап, біз соған сай болуымыз керек. Бұған қоса, мен сыбайлас жемқорлықпен күресуге жауапты мекеменің басшыларына науқаншылдыққа салынбай, байыпты шешімдер қабылдау қажеттігін үнемі айтып отырамын. Өйткені әрбір шешімнің артында адам тағдыры тұр» [23]. Біз қоса айтарымыз, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының алдын алу мен күрестің артында ұлт тағдыры, мемлекет тағдыры тұр.

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстармен күрес жүргізу барысында құқық қорғау органдары өзара бірлесе отырып қызмет атқарады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының өзекті мәселелерінің бірі – жеке азаматтарға және мемлекетке үлкен шығын алып келуі. Мемлекетімізде сыбайлас жемқорлық қылмысы көбінесе инвестицияда, бюджет қаражаттарын пайдалануда, мемлекеттік және мемлекеттік емес зейнетақы қорларында, жекешелендіруде мемлекеттік ресурстарды пайдаланудың жекелеген салаларында, газ, мұнай өндіретін өндірістіктің кейбір объектілерінде, бидай кешені мен несие-қаржылық және банкілік операцияларының аясында жиі кездеседі.

Қазақстан қоғамындағы болып жатқан құбылыстар сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұратын іс-шаралармен қамтылуда. Бұл құбылыстың сипаты және де оның басқа қылмыстың түрлерімен байланысының дамуы, оған тек аса назар аударуды ғана емес, сондай-ақ нақты саяси бағыттың болуы да маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес алдағы уақытта мемлекеттегі демократиялық дамудың жүзеге асырылуымен бірдей атқарылады. Сондықтан да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Қазақстан Республикасының Конституциясы [10] мен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаятының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасынан бастау алады деуге болады [9].

Көптеген ұсынылып отырған шаралар жемқорлықтың туындауының себептерімен емес, оның салдарларымен күреспен көбірек байланысты. Айталық, қылмыстық ізге түсу шаралары сыбайлас жемқорлықты жоюға әсерін тигізе алмайды, онымен күрес тек криминалды емес, сондай-ақ әлеуметтік болу керек, және де бұл мемлекет пен қоғам бірігіп шешетін жүйелі проблема болып отыр.

Сонымен қатар мынаны ескеру қажет: а) Құқық қорғау органдарының ұйымдасқан қылмыс пен оның құрамының алдын алудың кадрлық, техникалық және жедел-тактикалық дайындығының төмендігі; ә) Саяси элитаның көп бөлігінің криминалдануы; б) Сыбайлас жемқорлыққа жаппай қарсы тұра алмауға әкеп соқтыратын, халықтың құқық санасының төмендігі.

Жемқорлыққа қарсы күрес қатынастарын реттейтін негізгі нормативтік акт Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы [24] болып табылады. Көрсетілген заңның төртінші бабында жемқорлыққа қарсы күрес қағидалары көрсетілген. Ең біріншісі заңдылық қағидаты. Бұл еліміздің Жаңа Конституциясының 3-бабында бекітілген «заң мен тәртіп үстемдігін қамтамасыз ету» қағидатымен үндестікте дамиды [10].

Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігіне, экономикалық дамуға және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сеніміне елеулі қауіп төндіретін күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретінде қарастырылады. Халықаралық ұйымдардың бағалауы бойынша сыбайлас жемқорлық демократиялық

институттардың дамуын тежейді, әлеуметтік теңсіздікті күшейтеді, мемлекеттік ресурстардың тиімді бөлінуіне кедергі келтіреді және құқық үстемдігі қағидатының жүзеге асуына теріс әсер етеді [25]. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес көптеген мемлекеттердің қылмыстық саясатының басым бағыттарының біріне айналды.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, сондай-ақ халықаралық шарттар мен конвенцияларда бекітілген. Аталған нормативтік-құқықтық актілер сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу, жолын кесу және олар үшін жауаптылықты белгілеу мәселелерін кешенді түрде реттейді.

Қылмыстық құқық ғылымында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қылмыстық-құқықтық сипаты мен құқықтық табиғатына қатысты әртүрлі ғылыми көзқарастар қалыптасқан. Мәселен, А.В. Наумов сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік билік институттарының қызметіне қарсы бағытталған және лауазымдық өкілеттіктерді жеке пайда үшін пайдаланумен байланысты қоғамдық қауіпті әрекеттердің жиынтығы ретінде сипаттайды [26, б.215]. Ал Н.Ф. Кузнецова сыбайлас жемқорлықтың негізгі белгісі ретінде қызметтік мәртебені заңсыз артықшылықтар алу мақсатында пайдалануды көрсетеді [27, б.47].

Қазақстандық ғалымдар да сыбайлас жемқорлық қылмыстарының мазмұнына ерекше назар аударады. Мысалы, А.М. Алибекова сыбайлас жемқорлық қылмыстарын мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру саласындағы қоғамдық қатынастарға қол сұғатын және қызметтік өкілеттіктерді жеке немесе топтық мүдде үшін пайдаланумен сипатталатын қылмыстық құқық бұзушылықтар ретінде анықтайды [28, б.36]. Бұл анықтама сыбайлас жемқорлық қылмыстарының негізгі белгілерін толық қамтиды.

Қылмыстық құқық теориясында кез келген қылмыстың заңдық табиғатын анықтау үшін оның құрам элементтері талданады. Осыған сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қылмыстық-құқықтық сипаттамасын олардың объектісі, объективтік жағы, субъектісі және субъективтік жағы арқылы ашуға болады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының объектісі ретінде мемлекеттік аппараттың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, мемлекеттік қызметтің және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қалыпты әрі заңды қызметін қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар танылады [29, б.121-128]. Сонымен қатар мұндай қылмыстар азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, қоғамның экономикалық қауіпсіздігіне және мемлекеттік билік беделіне нұқсан келтіреді. Сондықтан олардың объектісі күрделі және көпдеңгейлі сипатқа ие.

Ғылыми әдебиеттерде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тікелей объектісі ретінде мемлекеттік қызмет мүдделері қарастырылады. Бұл ретте

мемлекеттік қызметтің қалыпты жұмыс істеуі мемлекеттік басқарудың тиімділігі мен заңдылық режимінің сақталуының басты кепілі болып табылады [30, б.128]. Мемлекеттік аппарат қызметінің бұзылуы қоғамның мемлекетке деген сенімінің төмендеуіне алып келеді, ал бұл өз кезегінде құқықтық мемлекеттің дамуына кері әсерін тигізеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының объективтік жағы әртүрлі әрекеттер арқылы көрініс табады. Олардың қатарына пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану, заңсыз сыйақы алу, сенімді теріс пайдалану, алдау, сеніп тапсырылған мүлікті талан-таражға салу және басқа да әрекеттер жатады [24]. Бұл қылмыстардың ерекшелігі – олардың субъектінің қызметтік жағдайымен тікелей байланысты болуында.

ҚР Қылмыстық кодексінің 366-бабында пара алу үшін жауаптылық көзделген. Пара алу дегеніміз – лауазымды адамның немесе оған теңестірілген тұлғаның өзінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалана отырып белгілі бір әрекеттерді жасағаны немесе жасамағаны үшін жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз мүліктік игілік алуы болып табылады [8]. Құқық қолдану тәжірибесінде пара алу ең кең таралған сыбайлас жемқорлық қылмыстарының бірі болып есептеледі.

Пара алудың қоғамдық қауіптілігі оның мемлекеттік аппараттың беделін түсіруімен және мемлекеттік шешімдердің заңдылығы мен объективтілігіне күмән туғызуымен түсіндіріледі. Пара алу нәтижесінде мемлекеттік қызметші заң талаптарына емес, өзінің жеке материалдық мүдделеріне сүйеніп әрекет етеді. Бұл жағдай мемлекеттік биліктің әлеуметтік мәніне қайшы келеді [31, б.124-130].

ҚР Қылмыстық кодексінің 367-бабында пара беру қылмысы көзделген. Пара беру – лауазымды адамға белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыру немесе жүзеге асырмау мақсатында материалдық немесе өзге де игіліктер ұсыну болып табылады [8]. Пара беру мен пара алу өзара байланысты қылмыстық әрекеттер болғанымен, олардың қылмыстық-құқықтық табиғаты әртүрлі. Пара беруші көбінесе заңсыз артықшылықтарға қол жеткізуді көздейді, ал пара алушы өзінің қызметтік жағдайын жеке пайдасына пайдаланады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 368-бабында парақорлыққа делдал болу үшін жауаптылық белгіленген. Делдалдық қызмет пара беруші мен пара алушы арасындағы байланысты қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады. Қылмыстық құқық теориясында делдалдықтың қоғамдық қауіптілігі сыбайлас жемқорлық қатынастардың қалыптасуына және олардың жасырын жүзеге асуына ықпал етуімен түсіндіріледі [27, б.59].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының маңызды құрамдарының бірі – қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану. ҚР Қылмыстық кодексінің 361-бабына сәйкес бұл қылмыс лауазымды адамның өзінің қызметтік өкілеттіктерін қызмет мүдделеріне қайшы пайдалануынан көрініс табады [8]. Мұндай әрекеттер мемлекет пен қоғамның заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіреді.

Ғалымдардың пікірінше, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдаланудың негізгі белгісі – субъектінің өзіне берілген билік мүмкіндіктерін заңсыз мақсаттарға пайдалануында [32, б.154]. Бұл ретте қылмыстың міндетті белгісі ретінде қызметтік өкілеттік пен келтірілген зиян арасындағы себептік байланысты анықтау қажет.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектісі көбінесе арнайы субъект болып табылады. Дегенмен де, пара беру, парақорлыққа делдал болу сияқты қылмыстарда жалпы субъект болады. Қылмыстық құқықтағы арнайы субъект ұғымы жалпы субъект белгілерінен басқа қосымша құқықтық мәртебесі бар тұлғаны білдіреді [33, б.212]. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай субъектілерге мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар, мемлекеттік қызметшілер, лауазымды тұлғалар және оларға теңестірілген адамдар жатады [24].

Арнайы субъект белгісі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын басқа қылмыстардан ажыратуда маңызды рөл атқарады. Егер қылмыстық әрекет қарапайым азамат тарапынан жасалса, ол сыбайлас жемқорлық қылмысы ретінде сараланбауы мүмкін. Сондықтан субъектінің құқықтық мәртебесі қылмысты дұрыс саралаудың негізгі критерийлерінің бірі болып табылады [34, б.98].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъективтік жағы, әдетте, тікелей қасақаналықпен сипатталады. Қылмыскер өзінің әрекетінің құқыққа қайшы екенін түсінеді, оның қоғамдық қауіпті салдарын алдын ала біледі және сол салдардың орын алуын тілейді [26, б.227]. Бұл қылмыстардың басым көпшілігі пайдакүнемдік ниетпен жасалады.

Жеке басына пайда келтіретін мүддені қолдау сыбайлас жемқорлық қылмыстарының негізгі қозғаушы факторы болып табылады. Алайда қазіргі ғылыми әдебиеттерде сыбайлас жемқорлық әрекеттердің әрқашан материалдық пайда табуға бағытталмайтыны көрсетіледі. Кейбір жағдайларда тұлғалар мансаптық өсу, туыстық байланыстарды қолдау немесе саяси ықпалын күшейту мақсатында да сыбайлас жемқорлық әрекеттерге барады [35, б.44]. Автормен жүргізілген сауалнама соңғы уақытта сыбайлас жемқорлықты тамыр-таныстықты қолдау, мансаптық өсу үшін қолданудың көбейгенін растайды (*Қосымша А*). Сондықтан да өз еңбегімізде, «Мүдделер қақтығысы туралы Заңды» қабылдауды ұсынған болатынбыз [36, б.38-50].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тағы бір ерекшелігі олардың жоғары латенттілік деңгейімен сипатталуында. Латенттілік дегеніміз – жасалған қылмыстардың едәуір бөлігінің құқық қорғау органдарының ресми есебіне енбеуі [37, б.183]. Пара беру мен пара алу қатынастарының екі тарап үшін де тиімді болуы олардың жасырын жүзеге асырылуына ықпал етеді.

БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидаттары белгіленген. Конвенция мемлекеттерге парақорлық, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану, заңсыз баю және басқа да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тиімді қылмыстық жауаптылық енгізуді міндеттейді [25]. Қазақстан Республикасы

аталған халықаралық құжаттың талаптарын ұлттық заңнамаға имплементациялаған мемлекеттердің қатарына жатады.

Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының трансұлттық сипаты да ерекше маңызға ие. Халықаралық экономикалық байланыстардың кеңеюі нәтижесінде сыбайлас жемқорлық схемалары ұлттық шекаралардан шығып, бірнеше мемлекеттің аумағын қамтитын күрделі құрылымдарға айналуда [38]. Бұл жағдай халықаралық құқықтық ынтымақтастықтың маңызын арттырады. Алынған тақырыптың өзектілігін айқындау, яғни қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қоғамда таралуының деңгейін анықтау және оны ресми статистикамен салыстыру мақсатында диссертацияның 1.2 бөлімінде арнайы зерттеу жүргізілді. Және сыбайлас жемқорлық қылмыстарының трансұлттық сипатқа ие болуының деңгейі мен оның ұлттық қауіпсіздікке келтіретін нұқсаны мен оны тергеудің ерекшеліктері туралы келесі бөлімде егжей-тегжейлі қарастыратын боламыз.

Сонымен қатар цифрландыру процестерінің дамуы сыбайлас жемқорлықтың жаңа нысандарының пайда болуына ықпал етуде. Электрондық мемлекеттік сатып алу жүйелері, цифрлық активтер және ақпараттық технологиялар саласындағы құқық бұзушылықтар қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жаңа түрлері ретінде ғылыми зерттеуді қажет етеді [39].

Осылайша, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қылмыстық-құқықтық сипаттамасы олардың арнайы және жалпы субъект арқылы жасалуымен, мемлекеттік қызметтің қалыпты қызметіне қол сұғуымен, қызметтік өкілеттіктерді заңсыз пайдаланумен, тікелей қасақаналықпен және пайдакүнемдік мақсатпен жүзеге асырылуымен ерекшеленеді. Бұл қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі мемлекеттік басқару тиімділігінің төмендеуінен, заңдылық режимінің бұзылуынан және қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімінің әлсіреуінен көрінеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлық қылмыстарын ғылыми тұрғыдан зерттеу, олардың құрам белгілерін нақтылау және олармен күрестің қылмыстық-құқықтық тетіктерін жетілдіру қазіргі қылмыстық құқық ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.


1.2 Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының таралу деңгейі және оның трансұлттық сипатқа ие болуы

Transporency International агенттігінің зерттеуінде 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінде 38 баллды иемденіп [40], Суринам, Эфиопия сияқты елдермен бір қатарда орналасты. Сыбайлас жемқорлық кең тараған салалардың алғашқы ондығына экспортқа лицензиялар мен квоталар беру, бюджеттік трансферттер мен бюджеттік шоттарға қызмет көрсету, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кіреді.

ҚР Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері 2025 жылы 1052 сыбайлас жемқорлықпен

байланысты құқық бұзушылық тіркелген деп көрсетеді [1]. Дегенмен де, 2024 жылы заңсыз алынған табысты шетелдерден қайтаруға байланысты істер көп. Дегенмен де осы сипаттағы сыбайлас жемқорлық қылмыстары трансұлттық қылмыстар ретінде арнайы статистикасы жүргізілмеген.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызмет саласындағы қатардағы шенеуніктің халықпен өзара іс-әрекеттерінің аумағын қамтитын «сыбайлас жемқорлықпен» қатар әлеуметтік (денсаулық сақтау, білім, жеке сектор т.б.) салалардағы «тұрмыстық» сыбайлас жемқорлық жиі кездесетін құбылыс. Күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық азаматтың кейбір қажеттерін қанағаттандыру мүмкін болмайтын немесе жылдам болмайтын жағдайда басқа жолмен өтуге болатын бірден бір жол болып көрінеді. Жол қозғалысын бұзғаны үшін ЖПП қызметкерлерімен ресми түрден гөрі, сол жерде «есеп айырысу» немесе танысына хабарласу арқылы шешу оңтайлы сыңайлы. Олар осы теріс құбылысты азаматтардың көпшілігі қалыпты жағдай ретінде санайтынын өз еңбегімізде атап өткен болатынбыз [36, б.38-50]. Ойымыздың шынайылығын тексеру мақсатында сыбайлас жемқорлықтың қоғамда таралу деңгейін анықтау үшін азаматтар арасында сауалнама жүргізілді (*Қосымша А*). 2026 жылдың қаңтар-ақпан айларында жүргізілген сауалнамаға 1000 адам қатысты. Сауалнама жүргізер алдында оған қатысушылардың жас құрамы әртүрлі болуын қамтамасыз ету мақсаты қойылған. 1-суретте көрсетілгендей репонденттердің 5% - 18 жасқа дейін, 27% - 18-24 жас аралығы, 32% - 25-34 жас аралығы, 17% - 35-44 жас аралығы, 12% - 45-54 жас аралығы, 5% - 55 жастан жоғары.




Сурет 1. Азаматтардың сыбайлас жемқорлықпен кездесу жиілігін анықтауға арналған сауалнама қатысушыларының жас мөлшері.

Ескерту – автормен жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде құрастырылған

Сауалнаманың нәтижелі болуы мақсатында ер адамдар мен әйел адамдардың өзара теңгерімін қалыптастыруға тырыстық. Қатысушылардың 46% - ер, 54% -әйел адам.


Сауалнамаға қатысушылардың 70% сыбайлас жемқорлықпен кездескен. оның ішінде 2025 жылдың 12 айында 14% - 4-5 рет, 35% - 1 рет, 21% -2-3 рет (*Сурет 2*).



N = 1000. 1 рет, 2–3 рет және 4–5 рет көрсеткіштері сыбайлас жемқорлықпен кездескен 70% ішіндегі үлестерден қайта есептелді.

Сурет 2. 2025 жылы азаматтардың сыбайлас жемқорлықпен кездесу жиілігі
Ескерту – автормен жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде құрастырылған

Сауалнама нәтижесі оған қатысушылардың 47% - параны өзі берген не танысының көмегімен бергенін, сондай-ақ мәселені танысына телефон шалу арқылы шешкенін көрсеткен. Респонденттердің 53% - пара бермегенін, соның ішінде сұраған жағдайда да бермегенін көрсеткен (*Сурет 3*).




N = 1000. «Берілмеген» санатына сұралса да бермегендер енгізілген.

Сурет 3. Азаматтардың сыбайлас жемқорлықпен кездесу жиілігі
Ескерту – автормен жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде құрастырылған

Осы жоғарыда айтылған параны өзі берген не танысының көмегімен бергенін, сондай-ақ мәселені танысына телефон шалу арқылы шешкен 47%

азаматтардың ішінен, 46% - параны өзі ұсынған, 32% -лауазымды тұлға өзі талап еткен не ишара жасаған соң пара берсе, 11% -үшінші тұлға ұсынған соң берген, респонденттердің 11% - бұл сұраққа жауап беруге қиналған (*Сурет 4*).




Пайыздар пайдаланушы ұсынған деректер бойынша берілді.

Сурет 4. Азаматтардың параны ұсыну немесе лауазымды тұлға/үшінші тұлға тарапынан ұсынуының үлесі

Ескерту – автормен жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде құрастырылған

Азаматтар қаншалықты уәкілетті органдарға жүгініп өз құқықтарын жиі қорғайды дегенге келсек, сұралғандардың 51% - тергеудің нәтижесіне сенбеген соң шағымданбаған болса, 26% - ықтимал теріс салдарынан қорыққандықтан шағымданбаған, 13% - қайда шағымдануды білмейді, 7% - жағдайды өзі шешкен, 3% - шағымданғанын көрсеткен (*Сурет 5*).




Пайыздар пайдаланушы ұсынған деректер бойынша берілді.

Сурет 5. Азаматтардың уәкілетті органдарға шағымдануының үлесі

Ескерту – автормен жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде құрастырылған


Жүргізілген сауалнамаға қатысушылардың құрамын талдайтын болсақ, 13% - жұмыссыз, 18% - жеке кәсіпкер, 41% - жұмыс істейді, 20% - студент, 5% - көрсеткісі келмегендер, 3%-зейнеткер (*Сурет 6*).



N = 1000.

Сурет 6. Сауалнамаға қатысушылардың құрамы
Ескерту – автормен жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде құрастырылған


Сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен жиі кездесетін 70% респонденттерді құрамына қарай талдау олардың 50% - жұмыс істейтіндер, 30% - жеке кәсіпкерлер, 10% - жұмыссыздар, 7% - студенттер, 3% - өз мәртебесін көрсеткісі келмегендер екенін көрсетті (*Сурет 7*).



Берілген санаттардың жиынтығы 97% болғандықтан, қалған 3% «Мәртебесі көрсетілмеген» деп белгіленді.

Сурет 7. Сыбайлас жемқорлықпен кездесеміз деп жауап бергендердің құрамы
Ескерту – автормен жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде құрастырылған

Жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызметтерді (заңмен көрсетілген өзге де қызметтерді) тұтынуда оң шешімін табу үшін сыбайлас жемқорлықтың түрлі формаларын қолданған 47% азаматтардың да құрамын талдау жүргізілді.



Пайыздардың жиынтығы 100%.

Сурет 8. Мемлекеттік қызметтерді (заңмен көрсетілген өзге де қызметтерді) тұтынуда оң шешімін табу үшін сыбайлас жемқорлықтың түрлі формаларын қолдандым деп жауап бергендердің құрамы

Ескерту – автормен жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде құрастырылған

Талдауларға сәйкес осылай жауап берген респонденттердің 67% - жұмыс істейтін азаматтар, 10% - жұмыссыз, 10% - студенттер, 9% - жеке кәсіпкерлер, 4% - зейнеткерлер екені анықталды (*Сурет 8*).

Зерттеулер сыбайлас жемқорлық қылмыстарының таралу аясының кең екенін және де азаматтарымыз онымен жиі кездесетінін көрсетті. Сондықтан да ресми статистика тек уәкілетті органдармен анықталып, сыбайлас жемқорлық қылмысы бойынша іс қозғалған деректерді ғана көрсетеді деуге негіз бар.

Сыбайлас жемқорлық ұлтаралық саладағы құқыққа қайшы қызметтің түрі ретінде халықаралық экономикалық әріптестікті немесе трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылықты жүзеге асыруда жиі туындайды. Халықаралық экономикалық әріптестік саласындағы сыбайлас жемқорлық шетелдік капиталдың қатысуымен кәсіпорын құруда; инвестициялық жобаларды іске асыру не мемлекеттік меншікті жекешелендіруде т.б. әріптестікке байланысты мемлекетаралық ірі қаржылар шоғырланған салаларды қамтиды. Мемлекетішілік ұйымдасқан қылмыстылықтың трансұлттық сипатқа ие болуы мемлекеттер арасындағы халықаралық-құқықтық әріптестіктің кеңеюімен, шетел азаматтарымен және заңды тұлғаларымен экономикалық, әлеуметтік және де өзге де тығыз қатынастар орнатуымен өсті. Мұндай қауіпті құбылыспен күрес халықаралық субъектілердің күштерін біріктіру арқылы ғана жүзеге асатыны анық. Трансұлттық сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

қимыл жасауда халықаралық жүйені құрудың тиімді құралдарының бірі – әлемнің барлық мемлекеттерінде осы саладағы құқықтық ықпал етуді біртектендіру және универсалды көпжақты келісімдерді жасау болып табылады. Мемлекетаралық әріптестіктің кеңінен таралған және танылған формаларының бірі халықаралық конвенцияларды тану және жүзеге асыру.

Трансұлттық сыбайлас жемқорлық барған сайын маңызды ғаламдық мәселеге айналып келеді. Техникалық прогресс пен жаһандану қылмыстың осы түрін жасауға кең мүмкіндіктер ашып отыр. Сыбайлас жемқорлық келтірген әлеуметтік және экономикалық салдар халықаралық қатынастардың барлық деңгейінде аталмыш құбылысты тиімді құқықтық реттеудің қажеттілігін арттыруда. БҰҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясы «ендігі жерде сыбайлас жемқорлық жергілікті проблема болудан қалып, трансұлттық құбылысқа айналғанына, оның қоғамды және барлық елдердің экономикасын қамтып отырғанына, оның алдын алу саласында халықаралық ынтымақтастықтың және оған қарсы күрестің зор маңызына» [25] тоқталған.

БҰҰ Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясының 3-бабына сәйкес қылмыс, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстар трансұлттық деп есептеледі, егер: а) ол бірнеше мемлекетте жасалса; ә) ол бір мемлекетте жасалып, бірақ оны дайындаудың, жоспарлаудың, басшылық жасауды немесе бақылаудың елеулі бөлігі басқа мемлекетте орын алса; б) ол бір мемлекетте жасалып, бірақ бірнеше мемлекетте қылмыстық әрекеттерін жүзеге асыратын ұйымдасқан қылмыстық топтың қатысуымен жасалса; в) ол бір мемлекетте жасалып, бірақ оның елеулі салдарлары басқа мемлекетте орын алатын болса, трансұлттық сипатқа ие болады [41].

Соңғы уақытта жемқорлық жолымен табылған ақшалардың шетелдерде жасырынғандығын, сондай-ақ шетелдік юрисдикциялардың көмегімен елге қайтарылып жатқанын ескерсек [42], сыбайлас жемқорлық қылмыстарының трансұлттық сипатын байқау қиын емес деп ойлаймыз.

Трансұлттық сыбайлас жемқорлық көптеген ғаламдық мәселелердің өзегі бола отырып, әлемдік қауіпсіздікке нұқсан келтіреді. 2015 жылғы Түркияда өткен G-20 саммитінде сыбайлас жемқорлық пен терроризм XXI ғасырда адамзатқа төнетін басты қауіп ретінде танылған. Бұл екі құбылыстың арасындағы тікелей байланысты байқамау мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейіндегі мемлекеттер (Ауғанстан, Нигерия, Ирак т.б.) қауіпсіздікті қамтамасыз етуде үлкен мәселелерге ие бола отырып, террористік әрекеттерге қолайлы орта қалыптастырады [43].

Еліміздегі сыбайлас жемқорлық қылмыстары деңгейін ескере отырып, трансұлттық сыбайлас жемқорлық көріністері қылмыстық топ ортасынан, қазақстандық іскерлік әлеміне өту мүмкіндігі жоғары екенін де айтуымыз керек. ЭЫДҰ зерттеулерінде трансұлттық корпорациялардың қызметінде сыбайлас жемқорлықтың даму деңгейі өскен. 34 елде жүргізілген зерттеуде, парақорлық туралы 427 істердің 58% мемлекеттік ірі келісім-шарттарды алу мен мемлекеттік сатып алуларға қатысумен байланысты болған [44].

БҰҰ Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясының 8-бабы пара беру мен пара алуға ұқсас қылмыстық әрекеттерді трансұлттық сыбайлас жемқорлық деп танумен шектелді. Осыған қарамастан аталмыш конвенцияны сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бірыңғайландырудың алғышарты деп танимыз. Оның ережелері БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында жалғасын тапты. Осы екі құқықтық актінің маңыздылығы оны мойындаған мемлекеттердің қылмыстық заңнамаларында «сыбайлас жемқорлық» ұғымын кеңінен қалыптастыруға әсер етуінде.

Алғашқы уақытта трансұлттық қылмыстарға бейбітшілік пен адамзатқа қарсы қылмыстар, әскери қылмыстар жатқызылып келді. Соңғы уақытта трансұлттық сипатқа ие қылмыстардың ұғымы кеңейген. Алайда, қазақстандық заң ғылымы мен сот тәжірибесінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының трансұлттық сипаты әлі де толық ашылмай отыр.

Мемлекетаралық қатынастарда, сондай-ақ халықаралық қауымдастық үшін сыбайлас жемқорлықтан келетін қауіптің жоғарылығына қарамастан, оның трансұлттық құрамын нақты анықтау мүмкін болмай отыр. Оның басты себебі сыбайлас жемқорлықтың қоғамға қауіпті, құқыққа қайшы іс-әрекет ретінде біртектес қоғамдық қатынастарға ғана емес, қоғамдық қатынастардың сан алуан салаларына қол сұғып, сан түрлі нысандарда көрініс табатындығында деп есептейміз.

Сыбайлас жемқорлықтың Қазақстанның аумағында ғана жасалатын қылмыс болып қалмағандығын, оның трансұлттық сипатын қарастыру 2014 жылғы қолданыстағы Қылмыстық кодексті қабылдауда көрініс тапты. Оның негізінде ҚР Қылмыстық кодексінің 366, 367-баптарында параны алғаны не бергені үшін жауаптылыққа тартылатын тұлғалардың шеңбері кеңейтілді. Салыстырар болсақ, 1997 жылы 16 шілдеде қабылданған қазіргі уақытта күші жойылған ҚР Қылмыстық кодексінің 311, 312-баптарында қылмыстың субъектісі «мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті адам не оған теңестірілген адаммен» [45] шектелсе, 2014 жылы қабылданған қылмыстық кодекс олардың қатарын «шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы» [8] сияқты арнайы субъектілермен толықтырды. Сонымен бірге, қазіргі уақытта күші жойылған 1997 жылғы 16 шілдеде қабылданған ҚР Қылмыстық кодексі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топқа қатысу нысанында жасалу мүмкіндіктерін мүлдем қарастырмайды. Қолданыстағы ҚР Қылмыстық кодексінің 366, 367-баптары сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық топпен жасалу мүмкіндіктерін қарастырады. 2014 жылы қабылданған Қылмыстық кодексінің 3-бабы 24) тармақшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық әрекеті трансұлттық ұйымдасқан топпен, трансұлттық қылмыстық ұйыммен не трансұлттық қылмыстық қоғамдастықпен жасалады деп түсінуге болады. Бұл қазақстандық жоғары лауазымды тұлғалардың мемлекеттік төңкеріс жасау әрекетінде қылмыстық топ (трансұлттық ұйымдасқан топ) құрамында әрекет ете отырып, ірі көлемде мемлекеттік қаржыларды жылыстатты, түрлі төңкеріс жасау әрекеттерін (шекарадан қаруды заңсыз өткізу, топтарды қажыландыру т.б.) тамыр-

таныстықты пайдалана отырып жасады деген ой тұжырымдауға да алып келеді [46]. «Қаңтар оқиғасы» кезінде елімізде террористердің еркін әрекет етуі де осы жағдайды айқындай түседі [47]. Трансұлттық сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін жауаптылыққа тартудың статистикасы мен соттық тәжірибесі болмағанымен де, атап өткен жағдайлардың барлығы елімізде трансұлттық сыбайлас жемқорлық қылмыстары болуы мүмкіндігін, алайда оны тергеп-тексерудің әдістемесі жетілмегендігін дәлелдейді.

Шетелдік ғалым «Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлық жаңа трансұлттық деңгейге көшті, сондықтан да ғаламдық халықаралық құқықтық шаралар қабылдануы тиіс» [48, б.626-655] деп көрсетеді. Жоғарыда аталған БҰҰ-ның конвенцияларын ратификациялау арқылы оның нормаларының заңдық күшін тани отырып, Қазақстан Республикасы ұлттық заңнаманы жетілдіруде айтарлықтай қадамдар жасады. Айтар болсақ, конвенцияда көрсетілген пара алу мен пара беру қылмыстарының трансұлттық сипаты айқындалды, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы қылмыс субъектісі ретінде танылды, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қатарын айқындады.

Осылайша, БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялау арқылы заң шығарушы жанама түрде болса да сыбайлас жемқорлық қылмыстарының трансұлттық сипатын қарастырады.

Халықаралық құқық пен ұлттық құқықтың өзара қатынасы қиын мәселелердің бірі. Барлық дерлік халықаралық құқықтық актілердің нормаларын ұлттық заңнамаға енгізуге мүмкіндік жоқ. Екеуінің өзара қатынасы халықаралық құқықтық доктриналармен айқындалған: халықаралық құқықтық нормалар қазіргі қылмыстық құқықтың жүйелік маңызын құрайды. Олар ұлттық қылмыстық құқықтың мазмұны мен бағытын анықтайды, алайда оның реттеу аясына күштеп енгізілмейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптері мен нысандарын айқындайтын қандай да бір халықаралық құқықтық акт сыбайлас жемқорлықтың трансұлттық құрамын анықтап бермейді.

Заңдық тұрғыда сыбайлас жемқорлық дегеніміз – бұл ең алдымен белгілі бір заңға қайшы мінез-құлық. Мысалы, құқыққа қайшы әдістермен бұқаралық билік органдарының шешім қабылдауына әсер ету. Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлық бизнесте монополия орнап, жосықсыз бәсекелестіктің туындауына алып келеді. Жоғарғы басшылық деңгейінде қаржы, саяси және әкімшілік салаларда орныққан сыбайлас жемқорлық халықаралық экономикалық және саяси қатынастарда үлкен мәселелерді туындатады. Сыбайлас жемқорлық нысандарының әртүрлі болуы оның ұлттық деңгейде де, сондай-ақ мемлекет аралық деңгейде де түсінігін анықтауға әсер етіп, оған қарсы іс-қимыл жасауды қиындатады. Қазақстандық авторлардың сыбайлас жемқорлық ұғымының құқықтық табиғатын анықтауға ұмтылған еңбектері көптеп кездесетіні де осыған байланысты [49, б.59-66]. Авторлар «сыбайлас жемқорлық» ұғымын анықтау, оның алдын алу мен оған қарсы іс-қимылды жеңілдетеді деп көрсетеді. Мұндай пікірмен келісе отырып, сыбайлас

жемқорлықтың тұрмыстық сыбайлас жемқорлық, трансұлттық сыбайлас жемқорлық, халықаралық сыбайлас жемқорлық сияқты т.б. түрлері мен оның түсінігін беру қажет деп есептейміз. Бұл өз кезегінде жемқорлықтың әрбір түрін тергеудің тиімді әдістемесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Шетелдік криминологиялық зерттеулерде сыбайлас жемқорлықтың трансұлттылығы мәселесіне XX ғасырдың 70-жылдары мән бере бастаған. Бұл барлығымызға белгілі «Watergate» атты сыбайлас жемқорлық дауынан басталды. Екінші президенттік мерзімге сайланып жатқан Ричард Никсонның сайлау компаниясын заңсыз қаржыландыруды тергеу барысында АҚШ-тың 25 ірі компаниялары (Exxon, General Motors, Lockheed Aircraft, Gulf Oil т.б.) Никсонның пайдасына заңсыз төлемдер жасаған. Кейінірек американдық компаниялардың шетелдік үкімет пен мемлекеттік лауазымды тұлғаларды параға сатып алуы күнделікті тәжірибеде кездесетіні белгілі болды [50, б.334-338].

ҚР ҰҚО трансұлттық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі басқармасы 2022 жылы 5,2 мыңға жуық қатысушы бар 1 216 этникалық топты анықтады, ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі аймақтық басқарма материалдары бойынша 1 979 қылмыстық іс қозғалып, оның ішінде 539 топ көшбасшыларына қатысты, 640 этникалық топ пен бір қылмыстық қоғамдастық қызметінің жолын кескен. Ғалымдар атап өткендей, трансұлттық қылмыстылық Қазақстанда көлемі ұлғайған сыбайлас жемқорлықтың арқасында дамып келеді. Елдегі ұйымдасқан қылмыс пен сыбайлас жемқорлық деңгейі арасында тікелей тәуелділік бар [51, б.27-29]. Жеткілікті бақылаудың болмауы, жүргізілетін тергеулердің жасырын және жабық сипаты, қызмет борышы бойынша заңға қайшы қоғамдастықтардың қатысушыларымен тығыз қарым-қатынас жасау, орасан зор қаражат – осының барлығы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бір бөлігінің трансұлттық қылмыстық топ құрамына өту мүмкіндігін өздігінен күшейтеді. Шенеуніктердің баюға деген ұмтылысын трансұлттық қылмыс өкілдері өте жақсы пайдаланады. Сыбайлас жемқорлық, ұйымдасқан және кәсіби қылмыс қазірдің өзінде «бір-бірін тауып, олардың әрқайсысына тиімді «үштік одақ» орнатуға тырысады» [52, б.124-138].

Қазақстандағы трансұлттық қылмыстардың пайда болуының ішкі себептеріне Э.А. Иванов: а) Қазақстанның конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге және аумақтық тұтастығын бұзуға тырысу; ә) заңсыз қарулы құралымдарды құру, жарақтандыру, дайындау және олардың жұмыс істеуі; б) Қазақстан Республикасының аумағында қарудың, оқ-дәрілердің және жарылғыш заттардың заңсыз айналымы; в) Қазақстан Республикасының жекелеген лауазымды субъектілердің саяси тұрақтылыққа қауіп төндіретін трансұлттық қылмыстың кең ауқымды қызметі; г) сепаратистік және радикалды діни-ұлтшылдық қозғалыстардың қызметін [53, б.367-368] жатқызады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын түсінудегі басты қателік бұл қылмыс пайда болған мемлекеттен басқа, қандай да бір мемлекет үшін қауіп-қатер

болып табылмайды деп есептелетіндігінде. Алайда, мұндай қылмыстардың трансұлттық сипатқа ие болу мүмкіндігі жоғары екендігін ескеруіміз қажет. Егер қауіп бір елдің ауқымынан кеңейсе, басқа мемлекеттердің саяси тұрақтылығына қауіп төндіреді, ол қаралып отырған мемлекеттің аумағында пайда болғанымен де, тек қана ішкі қылмыс болуын тоқтатады.

Қылмыстың трансұлттық сипатқа ие болуының негізгі себебі: қазіргі уақытта болып жатқан әлеуметтік процестер мен қылмыскерлердің ықпалдасуы процестерінен артта қалған экономиканың әлемдік жаһандануын атап өткен жөн.

Пара беру немесе заңды билік өкілдерін қорқыту арқылы трансұлттық қылмыс мемлекеттіліктің негізін қалаушы институттардың олардың тиімділігін жоғалтуына ғана емес, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада олардың қызметі негізделген құндылықтардың беделін түсіру есебінен пәрменділігіне нұқсан келтіреді. Мұндай трансұлттық сыбайлас жемқорлық қылмыстар қатарына қылмыстық топ құрамында жасалған ҚР ҚК 3-бабы 29)-тармақшасында көзделген қылмыстардың барлығын дерлік жатқызуға болады деп есептейміз. Айталық, ҚР 234-бабы 3-тармағы 1-тармақшасында көзделген қылмыс субъектісі – мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттілік берген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның осы қылмысты жалғыз жасамайтыны белгілі. Оның үстіне контрабандалық тауарларды шетелден алып келетінін ескерсек, мұндай адамның шетелде де сыбайласы болуын қажет етеді. Демек, жемқорлық қылмыстарының осындай құрамдары трансұлттық құрам ретінде танылып, тиісті тергеуді қажет етеді.

Қорыта айтқанда, өзіміздің авторлық зерттеуімізде төмендегідей қорытындыларға келіп, көпшілікке ұсынған болатынбыз [54, б.54-64].

1. Зерттеу барысында елдегі сыбайлас жемқорлықтың дамуының трансұлттық қылмыстылықтың артуымен тікелей байланысы анықталды. 2024 жылғы статистикалық мәліметтер сыбайлас жемқорлық қылмыстарының аса ауыр санатының артып отырғанын көрсетті. Бұл ірі көлемдегі ақшаны шетелге жылыстату мен заңсыз жолмен баюдың көбеюін білдіреді. Елімізде қаруды заңсыз сату, қарақшылық, есірткінің заңсыз айналымы, адам саудасы (оның ішінде жезөкшелік те), ақшаны жылыстату сияқты аса ауыр қылмыстардың көрініс табуы сыбайлас жемқорлықтың деңгейінің жоғары болуымен тікелей байланысты екені дәлелденді. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында «сыбайлас жемқорлықтың трансұлттық сипатын» одан әрі айқындай түсу мен «трансұлттық сыбайлас жемқорлықтың» өзге сыбайлас жемқорлық қылмыстарынан ерекшелігін анықтауды қажет етеді. Осы мақсатта:

а) ҚР Қылмыстық кодексіне БҰҰ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенциясы 20-бабының нормасын имплементациялаудың өзектілігі артып келеді. Нақтырақ айтсақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада «заңсыз жолмен баю», «ұлттық жария лауазымды адамдарды сатып алу» сияқты

қылмыстық іс-әрекеттердің сипатын анықтап, жауаптылық қарастыру қажет. Осыған сәйкес:

- ҚР ҚК 8-тарауында «заңсыз жолмен баюды» қылмыстық іс-әрекет ретінде нақтылау;

- «ұлттық жария лауазымды адамдарды сатып алу» әрекетін ҚР ҚК 367-бабы 3-тармағына енгізу;

- ҚР ҚК 3-бабында «шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамы» ұғымын нақты айқындау керек;

ә) «шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның лауазымды адамын» сыбайлас жемқорлық қылмысының арнайы субъектісі ретінде тану жеткіліксіз. Себебі трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топтардың мүшелері аталмыш ұғым аясында қарастырылмайды. Бұл осы қылмыстар бойынша алдағы уақытта жауаптылыққа тартуды қиындатады.

2. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары - трансұлттық қылмыстылықтың пайда болуының алғышарты ретінде дәлелденді. Қазақстандағы бюрократиялық аппараттың артуы, экономикадағы іркіліс, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының латенттілігі сыртқы қылмыстық құрылымдардың елде дамуына қажетті жағдайлар жасайтыны белгілі болды. Осыған сәйкес, «трансұлттық сыбайлас жемқорлық» қылмыстарының заңнамалық негіздерін айқындау жеткіліксіз, сонымен қатар оның трансұлттық сипатын айқындауда аталмыш қылмыстарды тергеудің қалыптасқан әдістемесі болуы қажеттігі анық.

1.3 Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасы

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық қылмысына ұқсас қылмыстардың көбі латентті қылмыстардың санына жатады, яғни қылмыстық топтар «мамандандырған», тиісінше Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексерудің әдістемесі дамымыған, халықтың пара беруді қалыпты құбылыс ретінде көруі, қылмыстық жолмен табылған ірі ақша соммасын иеленетін тұлғалармен мемлекеттік қызметкерлердің тығыз байланысы елімізде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының көбеюіне алып келеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары көбіне ұйымдасқан сипатқа ие. Мұндай қылмыстарды ашу өте қиын. Өйткені сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасап отырған және соған жол беріп тұрған тұлға да қылмыстық жауаптылыққа тартылады. Бұлардың екеуі де қылмыстық әрекетін жасарын ұстауға мүдделі, сондықтан тергеу әрекетіне әртүрлі нысанда қарсылық білдіреді: куәнің қатысуынсыз жүзеге асырады; қылмыстың іздерін жояды; ал егер құқыққа қайшы әрекеті анықталса, жалған жауап береді, қатысушыларды айтпайды; қылмысты бұрыс бағыттау үшін қатысушы мен куәлерді қорқыту арқылы дәлелдемелерді бұрмалауға тырысады. Аталған факторлар сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстарды ашуға, анықтауға, тергеу әрекеттерін жүргізуге қиындық туғызады.

Сыбайлас жемқорлық қылмысын тергеудің криминалистикалық әдістемесі мен тактикасының ерекшеліктеріне байланысты оның криминалистикалық сипатының негізгі элементтерін атап өткен жөн:

- сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы және оның субъектісі туралы мәлімет;
- қылмысты жасау орны мен жағдайының ерекшеліктері;
- қылмысты жасау тәсілі және оны жүзеге асырудың типтік салдары [55, б.45].

Қоғамда орын алған күрделі әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістердің нәтижесінде лауазымды адамдардың қылмыстары мемлекеттік органның аппараты жүйесінде немесе коммерциялық және өзгеде ұйымдар жүйесінде істелетіні айқын.

Мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстардың топтық оъектісі – мемлекеттік аппараттың дұрыс, қалыпты қызметі; қосымша тікелей объектісіне – азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделері, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің заңды мүдделері жатады. Кейбір қылмыс құрамдарының міндетті белгісі – қылмыс заты болады: сыйақы, ресми құжат. Объективтік жағынан – мемлекет мүддесіне қарсы қылмыстар формалды құрамда жасалады. Субъективтік жағынан бұл қылмыстар негізінен қасақана кінә нысанымен жасалады.

Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, қызметтік жалғандық жасау құрамдарының субъективтік жағының қажетті белгісі ретінде заңда пайдакүнемдік немесе өзге де жеке басының мүддесі көзделген. Осы қылмыстардың субъектісі – мемлекеттік қызметші немесе аппараттың лауазымды адамдары, пара беруші, парақорлыққа делдал болатын кез келген азамат.

Қызметтік өкілетілікті теріс (заңсыз) пайдалану қызметтік қылмыстардың неғұрлым кең тараған түрі. Ол көптеген жағдайларда лауазымды адамның қылмыстық әрекетінің бастамасы, басқа ауыр қылмыстар жасаудың тәсілі де болып табылады. Бұл қылмыстың мәні мынада, лауазымды тұлға өзіне берілген қызметтік өкілетті пайдалана отырып, мемлекет тарапынан берілген өкілеттілікті жеке басының, немесе үшінші бір тұлғаның пайдасына қолданады. Оның қауіптілігі сол, лауазымды тұлға өзінің қызметтік өкілеттілігін қызметтік мүддеге қарама-қайшы қылмыстық жолмен пайдалана отырып азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін елеулі түрде нұқсан келтіреді.

Билікті немесе мемлекеттік өкілеттілікті асыра пайдалану қызметтік өкілетті теріс пайдаланудың айрықша түрлерінің бірі болып табылады. Қылмыстың бұл түрінің қызметті теріс пайдалану құрамынан айырмашылығы мынада: қызметті теріс пайдалану кезінде заңсыз әрекет лауазымды тұлғаның әдеттегі қызмет шеңберінде жасалады, ал асыра пайдалануда, керісінше, әрекет құқық пен өкілеттің осы шеңберінен ашықтан-ашық асып кетеді.

Қазақстандық қоғамда парақорлық қандай зиян келтіріп отырғаны белгілі. Бұл лауазымды қылмыстардың өте қауіпті түрі. Оның қауіптілігі пайдақорлық ниетпен жасалынатын қылмыстармен араласып, қосылып жасалуында. Парақорлық мемлекеттік аппарат қызметінің дұрыс жұмыс істеуіне бөгет жасайды және олардың беделін кетіруге, үкімет пен өзге де атқарушы органдардың, сот және құқық қорғау органдарының қызметінде әділдік қағидасын бұзуға әкеліп соқтырады.

Парақор көптеген лауазымды тұлғалардың адал екеніне күмән туғызып, сол арқылы сенімсіздік келтіріп қана қоймай, жалпы мемлекетке, конституциядағы азаматтардың мүдделері мен құқықтарын шектеуге, заңдылық қағадаларының бұрмалануына алып келеді және Қазақстан Республикасының нарықтық реформаларының дұрыс жүргізілуін тежейді.

Қазақстан Республикасындағы экономика, саясат және әлеуметтік саладағы болған өзгерістер адам бостандығын мен құқығын қорғау туралы жалпы көзқарасқа өзгерістер ала келеді. Адам құқығына, оның лайықты өмір сүруіне қол сұғу сияқты қылмыстың жаңа түрлері пайда болды. Лауазымды адамдардың заңсыз әрекеті, азамат мүддесіне зиян келтіретін бюрократизм және қызмет бабын асыра пайдалану сияқты әрекеттер осыларға жатады.

Адам құқығын бұзу саласының ең қауіпті көрінісі сыбайлас жемқорлық, ал бұл дегеніміз мемлекеттік қызметкерлердің сатылғыштығы мен оларды сатып алу көрінісінің көбеюі. Мемлекетіміздің саяси және экономикалық тұрақтылығына нұқсан келтіретіндер: лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік қызметкерлердің қоғам есебінен өзіне, жақын туыстарына, жекжаттарына пайда келтіру мақсатындағы протекционизм. Кейбір шетел шолушылары посткоммунистік елдердегі қылмыс және сыбайлас жемқорлықпен күрес құқықтық мемелекет құру идеясы үшін күрес емес, ол билік үшін күрес деп есептейді. Сыбайлас жемқорлық тез өсетін қылмыстар тенденциясы арасынан бірінші орындардың біріне ие.

Елімізде сыбайлас жемқорлық кеңінен жайылғанын жоғарыда жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсетті. Бұған қоса көптеген адамдар осы қауіпті әлеуметтік қылмыс көрінісін өз бастарынан өткізген.

Европа қайта құру және даму банкінің бағалауы бойынша, бұрынғы КСРО республикалары, оның ішінде Қазақстан Республикасында бар, сыбайлас жемқорлықтың деңгейі бойынша дүние жүзінде Африканы және Латын Америкасын бірнеше мәрте басып озатын рекордқа жеткендігі, баспасөз беттерінен көруге болады.

Сонымен, сыбайлас жемқорлықты анықтауда екі негізгі сәтті ескеру қажет: тұлға лауазымды болуы тиіс және басқалармен салыстырғанда жеке тұлғамен немесе тұлғалармен қатынастарда басымдық сипат беру үшін өзінің лауазымды тұлға мәртебесін немесе одан шығатын мүмкіндіктерді пайдаланады. Осыған байланысты, біздің пікірімізше сыбайлас жемқорлық деп – жеке пайда табу мақсатында лауазымды тұлғаның өз мәртебесін немесе одан шығатын мүмкіндіктерін басқа тұлғаларға әсер ету үшін заңсыз пайдалануын түсіну қажет. Бұл анықтамада бір тұлғалардың басқалардың

алдында мүдделерінің басымдығын белгіленген. Еш негізсіз мұндай артықшылықтың пайда болуы, осыған жол берген лауазымды тұлғаның сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының бастапқы көрінісі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың мұндай түсінігі қауіпті құбылысты құқықтық реттеудің шекарасын дәлірек анықтауға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлықтың өзін-өзі қалыптастыруы ерекше қызықты. Мемлекет беделін бұза отырып, сыбайлас жемқорлық оның қатарына кірген адамдарды ар-ұят қиналысынан арылтады – мемлекет тарапынан әділетсіздікке ұшыраған адам өз кезегінде мемлекетті алдауға өзінің де құқығы бар деп санайды. Тұйық орта қалыптасады.

Сыбайлас жемқорлық сатып алумен – мемлекеттік және басқа қызметшілердің сатылуымен және осы негізде олардың жеке немесе топтық коорпоративтік мүдделерге сәйкес арнайы қызметтік өкілеттерді, олардың беделімен мүмкіндіктерін пайдақорлық ниетте пайдалануымен сипатталады. Сыбайлас жемқорлықтың механизмі – бұл:

а) екі жақты мәміле, онда мемлекеттік немесе басқа қызметте тұрған тұлға, өзінің қызметтік өкілеттіктерін немесе қызметтік беделіне және онымен байланысты мүмкіндіктерге негізделген қызметтерді жеке және заңды тұлғаларға, топтарға (сонымен қатар ұйымдасқан қылмыстық құрылымдарға) заңсыз «сатады», ал «сатып алушы» мемлекеттік немесе басқа құрылымды өз мақсаттарында пайдалануға мүмкіндік алады: мысалы заңсыз баю, артықшылықтарды заңды рәсімдеу, заңмен қарастырылған жауаптылықтан, әлеуметтік бақылаудан құтылу және т.б.;

б) лауазымды тұлғаның параны, қосымша сыйақыны қорқытып талап етуі;

в) мемлекеттік қызметшілерді ұйымдасқан, белсенді түрде жүргізілген, біруақытта оларға күшті психикалық әсер ету арқылы сатып алу.

Кейде «сыбайлас жемқорлықпен және қылмыстылықпен күрес» деген пікірдің қолданылуы осыған байланысты. Ол сыбайлас жемқорлықтың бәрі қылмыстық емес және қылмыстық жазаланбайтынын бейнелейді.

Сыбайлас жемқорлық қазіргі заманғы қылмыстылықтың ең күрделі және латентті түрлерінің бірі болып табылады. Оның қоғамдық қауіптілігі мемлекеттік билік органдарының қалыпты қызметіне нұқсан келтіруімен ғана емес, сонымен қатар құқық қорғау жүйесінің тиімділігіне, экономикалық қатынастардың тұрақтылығына және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сеніміне теріс әсер етуімен айқындалады. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің ғылыми негіздерін жетілдіру және олардың криминалистикалық ерекшеліктерін зерттеу қылмыстылыққа қарсы күрестің маңызды бағыттарының бірі болып табылады [25].

Криминалистика ғылымында қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы ұғымы қылмыстың типтік белгілері мен заңдылықтарын қамтитын ғылыми категория ретінде қарастырылады. Р.С. Белкиннің пікірінше, криминалистикалық сипаттама – бұл белгілі бір қылмыс түрін ашу

мен тергеу үшін маңызы бар мәліметтердің жүйесі болып табылады [56, б.52]. Аталған мәліметтер қылмыс жасау тәсілдері, қылмыскер тұлғасы, қылмыс іздерінің көрініс табуы, қылмыс істеу жағдайлары және қылмыстық әрекеттің өзге де элементтері туралы ақпараттарды қамтиды.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасы олардың жасалу механизміне, субъектілерінің ерекшеліктеріне, қылмыстық әрекеттерді жасыру тәсілдеріне және дәлелдемелік ақпарат көздеріне негізделеді. Бұл қылмыстардың басты ерекшелігі олардың жоғары деңгейдегі жасырын болуында (латентті). Қылмысқа қатысушылардың екі тарапқа да тиімді болатын заңсыз қатынастарды құруы құқық қорғау органдары үшін оларды анықтау мен дәлелдеуді қиындатады [57, б.42].

Ғылыми әдебиеттерде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасының құрылымына бірнеше элемент енгізіледі. Олардың қатарына қылмыс жасау тәсілі, қылмыскердің тұлғалық ерекшеліктері, қылмыс жасау орны мен уақыты, қылмыс іздерінің көрініс табуының ерекшеліктері, қылмыстың заты және қылмысты жасыру тәсілдері жатады [58, б.354].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының негізгі элементтерінің бірі – қылмыс жасау тәсілі. Қылмыс жасау тәсілі деп қылмыстық ниетті жүзеге асыруға бағытталған әрекеттердің жүйесі түсініледі. Парақорлыққа байланысты қылмыстарда қылмыс жасау тәсілі көбінесе делдалдарды пайдалану, жалған келісімшарттар жасау, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану, жалған құжаттарды рәсімдеу немесе материалдық құндылықтарды заңды мәміле ретінде көрсету арқылы жүзеге асырылады [59, б.78].

Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдері едәуір күрделеніп келеді. Ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты электрондық төлем жүйелерін пайдалану, үшінші тұлғалардың есеп-шоттары арқылы ақша аудару, криптовалюталарды қолдану және оффшорлық компаниялар арқылы қаржы операцияларын жүргізу кең таралған. Мұндай жағдайлар қылмысты анықтау және дәлелдеу процесін күрделендіреді [60, б.86].

Криминалистикалық сипаттаманың маңызды элементтерінің бірі – қылмыскер тұлғасы. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілері, әдетте, белгілі бір билік немесе басқарушылық өкілеттіктерге ие тұлғалар немесе пара беруші, парақорлыққа делдал болған кез келген азамат. Биліктік немесе басқарушылық өкілеттіліктерге ие тұлғалар қатарына мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғалары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген өзге де адамдар жатады [24].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарындағы қылмыскердің тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу олардың басым бөлігінің жоғары білімді, белгілі бір кәсіби тәжірибесі бар және басқарушылық ресурстарға ие екенін көрсетті. Аталған тұлғалар өздерінің қызметтік мүмкіндіктерін пайдалана отырып,

заңсыз пайда табу мақсатында қылмыстық әрекеттер жасайды. Сонымен қатар олар заң талаптарын жақсы білетіндіктен, қылмыстық әрекеттерді жасырудың күрделі тәсілдерін қолданады [61, б.97].

Қылмыстың жасалу орны да маңызды криминалистикалық элемент болып табылады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары көбінесе мемлекеттік мекемелерде, әкімшілік ғимараттарда, мемлекеттік сатып алу саласында, лицензиялау және рұқсат беру жүйесінде, салық органдарында, кедендік бақылау саласында және құқық қорғау құрылымдарында жасалады [62, б.108]. Қазіргі жағдайда қылмыстық әрекеттердің белгілі бір бөлігі қашықтан байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылатындықтан, қылмыс орны ұғымының мазмұны кеңейіп келеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасындағы маңызды құрамдас бөліктің бірі – қылмыстың іздерінің көрініс табуы. Кез келген қылмыс қоршаған ортада белгілі бір іздер қалдырады. Парақорлық және өзге де сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша мұндай іздер материалдық және идеалдық (айғақтық) сипатта болуы мүмкін [63, б.44].

Материалдық іздерге ақша қаражаттары, бағалы заттар, банктік құжаттар, бухгалтерлік есеп құжаттары, электрондық тасымалдағыштар, келісімшарттар, төлем тапсырмалары және өзге де қаржылық құжаттар жатады. Ал идеалдық (айғақтық) іздер куәлардың, жәбірленушілердің, күдіктілердің және басқа тұлғалардың жадында сақталған ақпараттар түрінде көрініс табады [64, б.52].

Соңғы жылдары цифрлық іздердің маңызы артып келеді. Электрондық хат алмасулар, мессенджерлердегі хабарламалар, банктік қосымшалардағы операциялар тарихы, мобильді құрылғылардағы мәліметтер және бейне бақылау жүйелерінің жазбалары сыбайлас жемқорлық қылмыстарын дәлелдеудің маңызды көздеріне айналды [65, б.82].

Қылмысты жасыру тәсілдері де сыбайлас жемқорлықтың криминалистикалық сипаттамасында ерекше орын алады. Қылмыскерлер көбінесе заңсыз алынған қаражаттарды үшінші тұлғалардың атына рәсімдеу, жалған кәсіпкерлік құрылымдарды пайдалану, жалған мәмілелер жасау, бухгалтерлік құжаттарды өзгерту және қаржылық операцияларды бөлшектеу арқылы өз әрекеттерін жасыруға тырысады [66, б.63].

Қылмысты жасырудың кең таралған тәсілдерінің бірі – делдалдық институтын пайдалану. Бұл жағдайда пара беруші мен пара алушы арасында тікелей байланыс болмайды. Делдал заңсыз сыйақыны беру мен алуды ұйымдастырып, қылмыстық байланысты жасыруға ықпал етеді. Тергеу тәжірибесі көрсеткендей, мұндай схемалар қылмыстың латенттілігін арттырады және дәлелдемелер жинауды қиындатады [67, б.67].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасының тағы бір маңызды элементі – қылмыс жасау жағдайлары болып табылады. Қылмыстық әрекеттердің жасалуына ықпал ететін факторларға бақылау тетіктерінің әлсіздігі, мемлекеттік қызметтің ашық

еместігі, бюрократиялық рәсімдердің күрделілігі, мүдделер қақтығысының болуы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің жеткіліксіз деңгейі жатады.

Криминалистикалық теорияда сыбайлас жемқорлық қылмыстарының типтік тергеу ситуациялары ерекше зерттеледі. Мұндай ситуацияларға құқық қорғау органдарының жедел-іздестіру іс-шаралары барысында пара беру фактісін анықтауы, азаматтардың арыздары негізінде қылмыстық істің қозғалуы, мемлекеттік аудит нәтижесінде құқық бұзушылық белгілерінің анықталуы немесе арнайы бақылау шаралары кезінде заңсыз әрекеттердің тіркелуі жатады.

Тергеу тәжірибесі көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын ашуда жедел-іздестіру қызметінің нәтижелері ерекше маңызға ие. Аудио және бейнежазбалар, жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелері, банктік операциялар туралы мәліметтер және қаржылық мониторинг материалдары қылмыстың дәлелдемелік базасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Қазіргі криминалистика ғылымында сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің цифрлық әдістері белсенді дамып келеді. Big Data технологияларын пайдалану, қаржылық операцияларды автоматтандырылған талдау, жасанды интеллект негізіндегі тәуекелдерді бағалау жүйелері және электрондық дәлелдемелерді зерттеу әдістері қылмыстарды анықтау тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, сыбайлас жемқорлықтың криминалистикалық сипаттамасы қылмысты тергеу үшін маңызы бар типтік белгілердің жүйесін білдіреді. Оның негізгі элементтері ретінде қылмыс жасау тәсілдері, қылмыскер тұлғасы, қылмыс жасау орны мен жағдайлары, қылмыс іздерінің көрініс табуы және қылмысты жасыру тәсілдері танылады. Аталған элементтерді кешенді зерттеу сыбайлас жемқорлық қылмыстарын ашу мен тергеудің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ дәлелдеу процесін ғылыми негізде ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

1.4 Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша қылмыскердің тұлғасы

Қылмыскер тұлғасын зерттеу криминология ғылымының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Қылмыстың себептері мен жағдайларын анықтау, қылмыстық мінез-құлықтың қалыптасу тетіктерін түсіндіру және алдын алу шараларын әзірлеу көбіне қылмыс субъектісінің әлеуметтік, психологиялық және құқықтық ерекшеліктерін талдауға байланысты. Осы тұрғыдан алғанда сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасайтын тұлғаның ерекшеліктерін зерттеу ерекше ғылыми әрі практикалық маңызға ие.

Криминологиялық әдебиеттерде қылмыскер тұлғасы деп қылмыстық әрекетті жүзеге асыруға ықпал ететін әлеуметтік-маңызды қасиеттердің, байланыстардың, көзқарастардың, құндылықтық бағдарлардың және мінез-құлық ерекшеліктерінің жиынтығы түсініледі [68, б.154]. Қылмыскер тұлғасының құрылымы әлеуметтік-демографиялық, әлеуметтік-рөлдік,

адамгершілік-психологиялық және құқықтық сипаттағы элементтерден тұрады. Аталған белгілердің жиынтығы белгілі бір тұлғаның құқыққа қайшы әрекет жасау ықтималдығын айқындауға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ерекшелігі олардың көп жағдайда арнайы субъектілермен жасалуында болып табылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес мұндай қылмыстардың субъектісі мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам, оған теңестірілген тұлға немесе лауазымды адам болып табылады [8]. Сондықтан сыбайлас жемқорлық қылмыскерінің тұлғасы жалпы қылмыскер тұлғасынан бірқатар ерекшеліктерімен ажыратылады.

Қылмыскер тұлғасын зерттеу тарихы XIX ғасырдың екінші жартысында антропологиялық мектептің пайда болуымен тығыз байланысты. Итальян ғалымы Чезаре Ломброзо қылмыскерді ерекше биологиялық тип ретінде қарастырып, оның туа біткен белгілерін анықтауға тырысты. Ломброзоның көзқарастары қазіргі ғылымда толық қолдау таппағанымен, ол қылмыскер тұлғасын арнайы зерттеу қажеттілігін негіздеген алғашқы зерттеушілердің бірі болды [69, б.58].

Кейіннен социологиялық мектеп өкілдері қылмыстылықтың әлеуметтік табиғатын алға тартты. Эмиль Дюркгейм қылмысты қоғамдағы әлеуметтік нормалардың әлсіреуімен және аномия құбылысымен байланыстырды. Оның пікірінше, қоғамдағы құндылықтар жүйесінің тұрақсыздануы жеке тұлғаның девианттық мінез-құлқына ықпал етеді [70, б.94].

XX ғасырда Эдвин Сазерленд ұсынған дифференциалды ассоциациялар теориясы қылмыстық мінез-құлықтың әлеуметтік ортада үйренілетінін дәлелдеді. Ол әсіресе «ақ жағалылар қылмыстылығы» ұғымын енгізіп, жоғары әлеуметтік мәртебеге ие тұлғалардың кәсіби қызмет барысында жасайтын қылмыстарының ерекшеліктерін сипаттады [71, б.117]. Бұл теория қазіргі сыбайлас жемқорлық қылмыс істеген қылмыскердің тұлғасын зерттеудің негізгі теориялық негіздерінің бірі болып саналады.

Қазіргі кезеңде рационалды таңдау теориясы кеңінен қолданылады. Бұл теорияға сәйкес, тұлға қылмыс жасау туралы шешімді пайда мен тәуекелді салыстыру арқылы қабылдайды. Егер заңсыз пайда көлемі ықтимал жауаптылық тәуекелінен жоғары болса, сыбайлас жемқорлық әрекет жасау ықтималдығы артады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыскерінің түсінігіне қатысты ғылымда бірыңғай көзқарас қалыптаспаған. Қазақстандық ғалымдар Е.О. Қайыржанов пен Ө.С. Жекебаев сыбайлас жемқорлық субъектісін мемлекеттік билік өкілеттіктерін жеке пайда табу мақсатында пайдаланатын тұлға ретінде сипаттайды [72, б.32]. А.Н. Ағыбаев сыбайлас жемқорлық қылмыскерінің негізгі ерекшелігі ретінде оның арнайы құқықтық мәртебесін және қызметтік өкілеттіктерін атап көрсетеді [31, б.124-127].

Ресейлік криминологтар А.И. Долгова мен В.В. Лунеев сыбайлас жемқорлық қылмыскерін жоғары білімді, тұрақты әлеуметтік мәртебесі бар және кәсіби даярлығы жоғары тұлға ретінде қарастырады [73, б.126]. Олардың

пікірінше, мұндай қылмыскерлердің әрекеттері көбіне жасырын сипатта болады және құқық қорғау органдары тарапынан анықталуы қиын.

Халықаралық ұйымдар да сыбайлас жемқорлық субъектілеріне ерекше назар аударады. OECD сыбайлас жемқорлықты мемлекеттік немесе қоғамдық өкілеттіктерді жеке пайда үшін теріс пайдалану ретінде анықтайды [74]. UNODC сыбайлас жемқорлық субъектілеріне мемлекеттік қызметшілермен қатар жеке сектор өкілдерінің де қатысуы мүмкін екенін көрсетеді [75].

Осы ғылыми көзқарастарды қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық қылмыскерін мемлекеттік немесе қоғамдық өкілеттіктерді, қызметтік мүмкіндіктерді немесе кәсіби мәртебені заңсыз материалдық, саяси немесе өзге де пайда алу мақсатында пайдаланатын тұлға ретінде анықтауға болады.

Криминологиялық зерттеулер сыбайлас жемқорлық қылмыскерлерінің әлеуметтік-демографиялық белгілері бойынша белгілі бір ортақ сипаттарға ие екенін көрсетеді. Ең алдымен, мұндай қылмыстарды жасаушылардың басым бөлігін ер адамдар құрайды. Бұл мемлекеттік басқару жүйесіндегі жоғары лауазымдардың көпшілігін ер адамдардың иеленуімен байланысты.

Жас ерекшеліктеріне келетін болсақ, сыбайлас жемқорлық қылмыскерлерінің негізгі бөлігі 30–55 жас аралығында кездеседі. Бұл кезеңде тұлға кәсіби тәжірибе жинақтап, басқарушылық өкілеттіктерге ие болады және әлеуметтік байланыстар жүйесін қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыскерлерінің білім деңгейі әдетте жоғары болады. OECD зерттеулеріне сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жауапқа тартылған тұлғалардың басым бөлігінің жоғары заңгерлік, экономикалық немесе басқарушылық білімі бар [74]. Жоғары білім деңгейі оларға құқықтық реттеу тетіктерін жақсы білуге және заңсыз әрекеттерді жасырудың тиімді тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді.

Отбасы жағдайы тұрғысынан алғанда, сыбайлас жемқорлық қылмыскерлерінің көпшілігі отбасылы адамдар болып табылады. Бұл олардың қоғамда тұрақты әлеуметтік мәртебеге ие екенін көрсетеді. Дегенмен отбасылық жағдайдың өзі қылмыстық мінез-құлықты анықтайтын шешуші фактор болып табылмайды.

Қызмет өтілі де маңызды көрсеткіштердің бірі. Көптеген зерттеулер сыбайлас жемқорлық әрекеттерге көбіне қызметте белгілі бір тәжірибе жинақтаған тұлғалардың баратынын көрсетеді. Себебі олар қызметтік рәсімдерді, бақылау тетіктерін және шешім қабылдау процестерін жақсы меңгерген болады [76, б.101].

Сыбайлас жемқорлық қылмыскерінің тұлғасын толық түсіну үшін оның моральдық-психологиялық қасиеттерін талдау маңызды. Мұндай тұлғаларда көбіне пайдакүнемдік бағдарлар басым болады. Материалдық игіліктерге ұмтылу көптеген сыбайлас жемқорлық қылмыстарының негізгі мотиві болып табылады [77].

Алайда қазіргі криминологиялық зерттеулер пайдакүнемдік жалғыз себеп емес екенін көрсетеді. Кейбір жағдайларда билікке ұмтылу, әлеуметтік

мәртебені көтеру, корпоративтік мүдделерді қорғау немесе саяси ықпалын күшейту секілді факторлар да маңызды рөл атқарады [78].

Сыбайлас жемқорлық қылмыскерлеріне тән тағы бір ерекшелік – құқықтық нигилизмнің қалыптасуы. Мұндай тұлғалар заң талаптарын қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің құралы ретінде емес, өз мақсаттарына жетуге кедергі келтіретін формальды шектеулер ретінде қабылдайды. Нәтижесінде құқықтық нормаларды сақтау қажеттілігі туралы түсінік әлсірейді [79, б.156-158].

Моральдық құндылықтардың деформациясы да сыбайлас жемқорлыққа бейім тұлғаларға тән белгі болып табылады. Көптеген зерттеулер мұндай адамдардың өз әрекеттерін ақтау үшін әртүрлі психологиялық қорғаныс механизмдерін қолданатынын көрсетеді. Мысалы, олар пара алуды «алғыс білдіру», «қалыптасқан дәстүр» немесе «еңбекақының төмендігін өтеу» деген уәждермен түсіндіреді [80, б.132-137].

Кәсіби деформация ұғымы да маңызды орын алады. Ұзақ уақыт бойы билік өкілеттіктерін жүзеге асыру, шешім қабылдау процесіне қатысу және бақылау функцияларын орындау кейбір тұлғаларда ерекше кәсіби сана қалыптастырады. Бұл сана кейде заң талаптарын елемеуге және өзін жазасыз сезінуге әкелуі мүмкін [81, б.105].

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің арасында орын алатын сыбайлас жемқорлық ерекше қоғамдық қауіптілікке ие. Себебі бұл тұлғалар заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге міндетті бола отырып, өздерінің қызметтік өкілеттіктерін жеке мүдделеріне пайдаланады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттері көбінесе пара алумен, қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдаланумен, дәлелдемелерді бұрмалаумен және заңсыз шешімдер қабылдаумен байланысты болады [82, б.225-237]. Мұндай әрекеттер құқық қорғау жүйесіне деген қоғамдық сенімді төмендетеді және құқық үстемдігі қағидатын бұзады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық қылмыстарының субъектілеріне жедел уәкілдер, тергеушілер, анықтаушылар, учаскелік инспекторлар, прокуратура қызметкерлері және сот жүйесінің өкілдері жатады. Олардың қылмыстық әрекеттерінің ерекшелігі қызметтік ақпаратқа қолжетімділігімен, мәжбүрлеу шараларын қолдану мүмкіндігімен және азаматтардың құқықтық мәртебесіне ықпал ету өкілеттігімен түсіндіріледі.

Сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық қылмыстары ерекше назар аударуды талап етеді. Судьялар қоғамдағы әділеттіліктің кепілі ретінде қарастырылатындықтан, олардың заңсыз әрекеттері мемлекеттік биліктің беделіне тікелей нұқсан келтіреді. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың негізгі алғышарттарына шешім қабылдау рәсімдерінің жабықтығы, судьялардың жауапкершілік тетіктерінің әлсіздігі және корпоративтік тұйықтық жатады [83].

Құқық қорғау органдары мен сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың тағы бір ерекшелігі – мұндай тұлғалардың құқықтық білімінің жоғары деңгейі. Олар қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнаманы жақсы меңгергендіктен, заңсыз әрекеттерін жасырудың күрделі тәсілдерін қолдана алады. Бұл жағдай сыбайлас жемқорлық қылмыстарын анықтау мен дәлелдеуді едәуір қиындатады.

Жаһандану, цифрландыру және мемлекеттік басқару жүйелерінің күрделенуі сыбайлас жемқорлық қылмыскерінің тұлғасында жаңа тенденциялардың пайда болуына әкелді. Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлық субъектілерін бірнеше типке бөлуге болады.

Біріншіден, саяси коррупционерлер – мемлекеттік биліктің жоғары деңгейінде әрекет ететін және саяси шешімдер қабылдауға ықпал ететін тұлғалар. Олар көбіне мемлекеттік ресурстарды қайта бөлуге, ірі мемлекеттік жобаларды бақылауға және саяси ықпалын сақтауға ұмтылады [84, б.204].

Екіншіден, әкімшілік коррупционерлер – мемлекеттік аппараттың орта және төменгі буындарында жұмыс істейтін лауазымды тұлғалар. Олардың әрекеттері күнделікті әкімшілік рәсімдермен, лицензия беру, бақылау, тексеру және рұқсат беру функцияларымен байланысты болады.

Үшіншіден, корпоративтік коррупционерлер – квазимемлекеттік секторда немесе ірі компанияларда жұмыс істейтін тұлғалар. Олар мемлекеттік сатып алулар, тендерлер, келісімшарттар және қаржылық операциялар саласында сыбайлас жемқорлық әрекеттерге барады.

Төртіншіден, ұйымдасқан қылмыстық топтармен байланысқан коррупционерлер. Мұндай тұлғалар мемлекеттік органдар мен қылмыстық құрылымдар арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Халықаралық әдебиеттерде бұл құбылыс «state capture» немесе «мемлекетті басып алу» ұғымымен түсіндіріледі [85, б.115-128].

Бесіншіден, цифрлық коррупция субъектілері. Мемлекеттік қызметтердің цифрландырылуы жаңа мүмкіндіктермен қатар жаңа тәуекелдерді де туындатты. Ақпараттық жүйелерге қол жеткізу, электрондық деректерді өзгерту және цифрлық платформаларды заңсыз пайдалану қазіргі сыбайлас жемқорлықтың жаңа формаларының бірі болып табылады.

Transparency International, World Bank және OECD ұйымдарының соңғы зерттеулері қазіргі сыбайлас жемқорлық қылмыскерінің типтік бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ол, әдетте, жоғары білімді, басқарушылық тәжірибесі бар, тұрақты әлеуметтік мәртебеге ие, қаржылық ресурстар мен билік өкілеттіктеріне қол жеткізе алатын тұлға ретінде сипатталады [39].

Қорыта айтқанда, сыбайлас жемқорлық қылмысын жасайтын қылмыскердің тұлғасы күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс болып табылады. Оның құрылымында әлеуметтік мәртебе, кәсіби даярлық, билік ресурстарына қол жеткізу, пайдакүнемдік мотивация, құқықтық нигилизм және моральдық құндылықтардың деформациясы өзара тығыз байланыста көрініс табады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыскерлерінің басым бөлігі жоғары білімді, тұрақты әлеуметтік мәртебесі бар және мемлекеттік немесе қоғамдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын тұлғалардан тұрады. Олардың қылмыстық әрекеттері көбіне жасырын сипатта болады және қоғамға елеулі экономикалық, саяси және әлеуметтік зиян келтіреді.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігі мұндай тұлғалардың криминологиялық ерекшеліктерін терең зерттеуге, олардың мотивациялық құрылымын анықтауға және осы ерекшеліктерді ескере отырып профилактикалық шараларды ұйымдастыруға тікелей байланысты.

1.5 Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілі - криминалистикалық сипатының маңызды элементі ретінде

Сыбайлас жемқорлық қазіргі заманғы мемлекеттердің тұрақты дамуына, мемлекеттік басқарудың тиімділігіне және құқықтық мемлекеттің қағидаттарының сақталуына елеулі қауіп төндіретін күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс болып табылады. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарының бірі осы санаттағы қылмыстарды анықтау, ашу және тергеу тиімділігін арттыру болып табылады. Аталған міндетті жүзеге асыруда криминалистика ғылымының жетістіктері ерекше рөл атқарады. Өйткені сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жоғары латенттілігі, олардың күрделі ұйымдастырушылық сипаты және заңды қызметтің көрінісімен бүркемеленуі дәстүрлі тергеу әдістерін қолданумен шектелуге мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасын қалыптастыру мен оның элементтерін ғылыми тұрғыдан зерттеу маңызды теориялық және тәжірибелік мәнге ие.

Криминалистикалық сипаттама белгілі бір қылмыс түріне тән, қылмысты ашу мен тергеу үшін маңызы бар типтік белгілердің жүйесін білдіреді. Ғылыми әдебиеттерде криминалистикалық сипаттаманың құрылымы туралы әртүрлі пікірлер қалыптасқанымен, көптеген зерттеушілер оның негізгі элементтеріне қылмысты жасау тәсілін, қылмыс іздерін, қылмыскер тұлғасын, жәбірленушінің ерекшеліктерін және қылмыс жасау жағдайларын жатқызады. Осы элементтердің ішінде қылмысты жасау тәсілі орталық орын алады, өйткені ол қалған барлық элементтермен өзара байланыста болады және қылмыстың механизмін толық түсінуге мүмкіндік береді.

Р.С. Белкиннің пікірінше, қылмысты жасау тәсілі қылмысты дайындау, жүзеге асыру және жасыру бойынша өзара байланысты әрекеттер жүйесінен тұрады [56, б.214]. Бұл көзқарас қылмыстық әрекетті тек оның орындалу кезеңімен ғана емес, оған дейінгі дайындық жұмыстарымен және одан кейінгі іздерді жасыру әрекеттерімен бірге қарастыру қажеттігін көрсетеді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін мұндай тәсіл ерекше маңызды, себебі олардың басым бөлігі алдын ала жоспарланып, бірнеше кезең арқылы жүзеге асырылады.

Қылмысты жасау тәсілі криминалистикалық тұрғыдан алғанда қылмыскердің кәсіби дайындығын, тәжірибесін, интеллектуалдық деңгейін және қызметтік мүмкіндіктерін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі болып табылады. Әсіресе сыбайлас жемқорлық қылмыстарында қылмыстық әрекет белгілі бір лауазымдық мәртебемен және өкілеттіктермен тығыз байланысты болғандықтан, қылмысты жасау тәсілі арқылы қылмыскердің тұлғалық қасиеттері туралы маңызды ақпарат алуға болады. Тергеу тәжірибесі көрсеткендей, лауазымды тұлғаның атқаратын қызметі мен оның пайдаланған қылмыстық тәсілдерінің арасында тікелей байланыс бар [86, б.105].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ерекшелігі олардың көбінесе мемлекеттік аппараттың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің немесе мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген ұйымдардың қызметімен байланысты болуында. Осыған байланысты мұндай қылмыстардың жасалу тәсілдері де қызметтік өкілеттіктерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Қылмыскер заңмен берілген биліктік өкілеттіктерді өзінің жеке мүддесіне немесе үшінші тұлғалардың пайдасына қолданады.

Ғылыми әдебиеттерде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдерін зерттеу қылмыстық әрекеттің ішкі құрылымын анықтауға мүмкіндік беретіні атап көрсетіледі. Қылмысты жасау тәсілін зерттеу арқылы тергеуші қылмыстың жасалу механизмін қалпына келтіріп қана қоймай, дәлелдемелердің орналасу ықтималдығын, куәлар шеңберін, қылмыскердің байланыстарын және заңсыз табыстың қозғалыс жолдарын анықтай алады [87, б.87-93].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдерінің қалыптасуына әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық факторлар ықпал етеді. Мемлекеттік басқару жүйесінің күрделенуі, бюджеттік қаражат көлемінің ұлғаюы, цифрлық технологиялардың дамуы және халықаралық экономикалық байланыстардың кеңеюі сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің жаңа түрлерінің пайда болуына алып келді. Сондықтан қылмысты жасау тәсілі уақыт өте өзгеріп отыратын динамикалық категория ретінде қарастырылады.

Криминалистикалық теорияда қылмысты жасау тәсілі объективтік және субъективтік факторлардың ықпалымен қалыптасады деген тұжырым қалыптасқан. Объективтік факторларға қылмыс жасалатын орта, құқықтық реттеу ерекшеліктері, бақылау тетіктерінің тиімділігі және материалдық мүмкіндіктер жатады. Ал субъективтік факторларға қылмыскердің білімі, тәжірибесі, кәсіби даярлығы, психологиялық ерекшеліктері және қылмыстық мақсаты кіреді [88, б.297-305]. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары жағдайында бұл факторлардың барлығы өзара ықпалдаса отырып, нақты қылмыстық тәсілді қалыптастырады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасында қылмысты жасау тәсілі ерекше орын алуының тағы бір себебі – оның болжамдық маңызы. Белгілі бір тәсіл анықталған жағдайда тергеуші қылмыстың басқа элементтерін болжай алады. Мысалы, мемлекеттік сатып

алу саласындағы конкурс талаптарын белгілі бір компанияға бейімдеу тәсілі анықталса, тергеуші осы компания мен шешім қабылдаған лауазымды тұлға арасындағы байланыстарды тексеруге негіз алады. Сол сияқты бюджет қаражатын жымқырудың белгілі бір схемасы анықталған жағдайда оған қатысы болуы мүмкін өзге тұлғалар мен ұйымдарды белгілеуге мүмкіндік туады.

Шетелдік криминалистикалық зерттеулерде де қылмысты жасау тәсілі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі ақпараттық көзі ретінде қарастырылады. Мәселен, С. Роуз-Аккерман сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің тұрақты қайталанатын үлгілері мемлекеттік институттардың әлсіз тұстарын көрсететінін және қылмыстық схемаларды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік беретінін атап көрсетеді [77]. Ал М. Джонстон сыбайлас жемқорлықтың ұйымдасқан нысандары белгілі бір институционалдық жағдайларда қалыптасатынын және олардың өзіндік тұрақты әрекет ету механизмдері болатынын негіздейді [78, б.156-158].

Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жасалу тәсілдеріне цифрлық трансформация елеулі ықпал етуде. Электрондық мемлекеттік сатып алу жүйелері, электрондық құжат айналымы, онлайн-банкинг және цифрлық төлем құралдары қылмыстық әрекеттердің жаңа нысандарын қалыптастырды. Егер бұрын заңсыз сыйақы негізінен қолма-қол ақша түрінде берілсе, қазіргі уақытта электрондық аударымдар, криптовалюталар, цифрлық активтер және жалған консалтингтік қызметтер арқылы жүзеге асырылатын схемалар жиі кездеседі. Бұл жағдай тергеу әдістемесін жетілдіруді және цифрлық дәлелдемелерді зерттеу құралдарын кеңінен пайдалануды талап етеді [89, б.214-223].

Сонымен қатар қылмысты жасау тәсілі қылмыстық әрекетті жасыру тәсілдерімен тығыз байланысты. Көп жағдайда сыбайлас жемқорлық қылмысының негізгі күрделілігі оны жасауда емес, оның іздерін жасыруда көрініс табады. Қылмыскерлер жалған құжаттар дайындау, бухгалтерлік есепті бұрмалау, делдалдарды пайдалану, туыстарының атына мүлік рәсімдеу, жалған кәсіпорындар құру және оффшорлық компанияларды пайдалану арқылы құқық қорғау органдарының назарынан тыс қалуға тырысады. Осыған байланысты криминалистикалық сипаттамада қылмысты жасау тәсілі мен қылмысты жасыру тәсілі бірыңғай жүйенің өзара байланысты элементтері ретінде қарастырылады.

Криминалистикалық тәжірибе көрсеткендей, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының көптеген түрлерінде типтік тәсілдер қалыптасқан. Бұл жағдай тергеудің жекелеген әдістемелерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Тергеуші белгілі бір қылмыс түріне тән типтік тәсілдерді біле отырып, дәлелдемелерді жинаудың оңтайлы бағыттарын анықтай алады. Сондықтан криминалистика ғылымындағы маңызды міндеттердің бірі – сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жасалу тәсілдерін жүйелеу және оларды тұрақты түрде жаңартып отыру.

Осылайша, қылмысты жасау тәсілі сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасындағы негізгі әрі жүйе құраушы элемент болып табылады. Ол қылмыстың дайындалуынан бастап оны жасыруға дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды және қылмыстық әрекеттің ішкі механизмін сипаттайды. Қылмысты жасау тәсілін зерттеу қылмыскер тұлғасын анықтауға, дәлелдемелерді іздеу бағыттарын белгілеуге, тергеу болжамдарын құруға және сыбайлас жемқорлық қылмыстарының алдын алу шараларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Сондықтан аталған элементті жан-жақты зерттеу сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің теориялық және тәжірибелік негіздерін дамытудағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тиімді анықтау мен тергеудің маңызды шарттарының бірі оларды жасау тәсілдерін ғылыми негізде жүйелеу болып табылады. Криминалистикалық жіктеу белгілі бір қылмыс түріне тән заңдылықтарды анықтауға, олардың қайталанатын белгілерін белгілеуге және тергеу барысында пайдаланылатын типтік нұсқаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдерінің криминалистикалық жіктелуі тек теориялық маңызға ғана емес, сонымен қатар маңызды тәжірибелік мәнге де ие.

Криминалистика ғылымында қылмысты жасау тәсілдерін жіктеудің әртүрлі негіздері қалыптасқан. Кейбір ғалымдар оларды қылмыстық әрекеттің құрылымына қарай жіктесе, енді біреулері қылмыскердің пайдаланатын құралдары мен әдістерін негізге алады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ерекшелігін ескере отырып, оларды жіктеу кезінде қылмыстық қол сұғушылықтың объектісі, пайдаланылған қызметтік өкілеттіктердің сипаты, заңсыз сыйақының нысаны және қылмысты жасыру тәсілдері сияқты критерийлерді қолдану орынды болып табылады [90, б.102-120].

Ең алдымен сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдерін қарапайым және күрделі тәсілдерге бөлуге болады. Қарапайым тәсілдер қылмыстық әрекеттің салыстырмалы түрде жеңіл құрылымымен және қатысушылар санының аздығымен сипатталады. Мұндай жағдайларда қылмысқа көбінесе екі тарап – пара беруші мен пара алушы қатысады. Қылмыстық әрекет қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылады және заңсыз сыйақы нақты әрекетті орындағаны немесе орындамағаны үшін беріледі.

Қарапайым тәсілдерге азаматтың мемлекеттік орган қызметкеріне қажетті құжаттарды жедел рәсімдеп беру, әкімшілік жауаптылықтан босату немесе белгілі бір рұқсат құжатын алу үшін ақша беру жағдайларын жатқызуға болады. Мұндай қылмыстар сырттай қарағанда жеңіл анықталатын сияқты көрінгенімен, олардың латенттілік деңгейі өте жоғары. Себебі қылмысқа қатысушылардың екеуі де құқыққа қайшы әрекет жасағандықтан, құқық қорғау органдарына хабарлауға мүдделі болмайды.

Ал күрделі тәсілдер көпсатылы қылмыстық схемалардың қолданылуымен ерекшеленеді. Бұл жағдайда бірнеше тұлға қатысады, олардың әрқайсысы белгілі бір функцияны орындайды. Мысалы, бір тұлға заңсыз шешім

қабылдаса, екінші тұлға қаржылық операцияларды ұйымдастырады, үшінші тұлға құжаттарды рәсімдейді, ал төртінші тұлға заңсыз алынған табысты заңдастырумен айналысады. Мұндай тәсілдер көбінесе мемлекеттік сатып алу, құрылыс, жер қатынастары, табиғи ресурстарды пайдалану және квазимемлекеттік сектор қызметі салаларында кездеседі [91, б.32-37].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдерін тікелей және жанама тәсілдер деп бөлу де ғылыми тұрғыдан негізделген. Тікелей тәсілдер кезінде заңсыз сыйақы лауазымды тұлғаға тікелей беріледі. Бұл жағдайда делдалдардың қатысуы міндетті емес. Ал жанама тәсілдерде заңсыз сыйақы үшінші тұлғалар арқылы, жалған мәмілелер жасау жолымен немесе әртүрлі қаржылық құралдарды пайдалану арқылы беріледі.

Қазіргі кезеңде жанама тәсілдердің үлесі артып келеді. Бұл ең алдымен қаржылық бақылау тетіктерінің күшеюімен және құқық қорғау органдарының техникалық мүмкіндіктерінің кеңеюімен байланысты. Нәтижесінде қылмыскерлер заңсыз табысты жасырудың неғұрлым күрделі нысандарын пайдалануға мәжбүр болады. Мысалы, лауазымды тұлғаның жақын туысының атына жылжымайтын мүлік сатып алу, жалған кеңес беру қызметтері үшін ақы төлеу немесе коммерциялық ұйымдарға инвестиция салу түріндегі әрекеттер сыбайлас жемқорлықтың жасырын нысандары ретінде кеңінен таралуда.

Криминалистикалық әдебиеттерде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдерін олардың функционалдық бағытына қарай да жіктеу ұсынылады. Осы тұрғыдан оларды бірнеше негізгі топқа бөлуге болады: парақорлыққа байланысты тәсілдер, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалануға байланысты тәсілдер, бюджет қаражатын заңсыз пайдалануға байланысты тәсілдер және ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық схемалары.

Парақорлыққа байланысты тәсілдер сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ең кең таралған түрі. Бұл зерттеу барысында азаматтар арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелерімен ділелденіп отыр. Сауалнамаға қатысушылардың 70% сыбайлас жемқорлықпен өмірінде кемінде бір рет кездескенін айтса, соның ішінде пара алу-пара беру қылмыстары ең жиі кездесетін түрі екені нәтижелерде көрсетілген (*2-сурет*). Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ішіндегі парақорлықтың ерекшелігі – белгілі бір қызметтік әрекет үшін материалдық немесе материалдық емес игілік алуда көрінеді. Мұндай тәсілдерге тікелей ақша беру, бағалы сыйлықтар ұсыну, қымбат қызметтер көрсету, шетелдік сапарларды қаржыландыру, жеңілдетілген бағамен мүлік сату және басқа да заңсыз артықшылықтар беру жатады [18, б.19].

Қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалануға байланысты тәсілдер мемлекеттік билік немесе басқару функцияларын жүзеге асыру барысында пайда болады. Мұндай жағдайда лауазымды тұлға заң талаптарын формальды түрде сақтай отырып, нақты нәтижеде белгілі бір тұлғалардың мүдделеріне артықшылық береді. Мысалы, мемлекеттік сатып алу конкурсының техникалық талаптарын алдын ала белгілі бір жеткізушіге бейімдеу немесе

лицензия беру кезінде негізсіз артықшылық жасау осындай тәсілдердің қатарына жатады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ерекше қауіпті түрлерінің бірі бюджет қаражатын заңсыз иемденуге бағытталған тәсілдер болып табылады. Бұл тәсілдер жалған атқарылған жұмыстар актілерін жасау, нақты орындалмаған қызметтер үшін төлем жүргізу, тауарлардың құнын негізсіз көтеру және жалған мердігер ұйымдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Мұндай әрекеттердің нәтижесінде мемлекетке елеулі материалдық зиян келтіріледі.

Көптеген жағдайларда бюджет қаражатын жымқыру сыбайлас жемқорлықтың өзге нысандарымен ұштасып жатады. Мысалы, мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы алдын ала анықталып, кейін ол ұйым лауазымды тұлғалармен келісілген тәртіпте бюджет қаражатын иемденеді. Осы себепті мұндай қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасы күрделі және көпқұрамды сипатқа ие болады.

Соңғы жылдары ғылыми әдебиеттерде ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық модельдеріне ерекше назар аударылуда. Ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық дегеніміз – тұрақты құрылымға ие, бірнеше тұлғаның қатысуымен жүзеге асырылатын және жүйелі түрде заңсыз пайда алуға бағытталған әрекеттер жиынтығы. Мұндай модельдерде сыбайлас жемқорлық жеке құқық бұзушылық емес, тұрақты қызмет ету механизміне айналады [40, б.38-50].

Ұйымдасқан сыбайлас жемқорлықтың типтік моделінде бірнеше негізгі элементтер болады. Бірінші элемент – шешім қабылдау құқығына ие лауазымды тұлғалар. Екінші элемент – коммерциялық құрылымдар немесе мүдделі тұлғалар. Үшінші элемент – делдалдар мен ұйымдастырушылар. Төртінші элемент – заңсыз табысты жасыру және заңдастыру жүйесі. Осы элементтердің өзара байланысы қылмыстық схеманың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Криминалистикалық тұрғыдан алғанда сыбайлас жемқорлық қылмыстарының типтік модельдерін қалыптастырудың үлкен тәжірибелік маңызы бар. Мұндай модельдер тергеушіге нақты қылмыстық оқиғаны талдау барысында жетіспейтін ақпаратты болжауға мүмкіндік береді. Егер белгілі бір схема анықталса, оның басқа элементтерін табу айтарлықтай жеңілдейді.

Ғылыми әдебиеттерде типтік модельдерді қолдану тергеу болжамдарын құрудың маңызды құралы ретінде қарастырылады. Тергеуші нақты іс бойынша анықталған деректерді белгілі модельдермен салыстыру арқылы қылмыстық әрекеттің ықтимал механизмін анықтай алады. Бұл өз кезегінде дәлелдемелерді жинау мен бағалау процесінің тиімділігін арттырады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдерінің тағы бір маңызды ерекшелігі олардың бейімделгіштігі болып табылады. Құқықтық бақылау күшейген сайын қылмыскерлер жаңа тәсілдерді ойлап табады. Сондықтан криминалистикалық сипаттамалар тұрақты түрде жаңартылып отыруы қажет. Әсіресе цифрлық технологиялардың дамуы жағдайында бұрын болмаған қылмыстық схемалар қалыптасуда.

Осылайша, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдерінің криминалистикалық жіктелуі олардың ішкі құрылымын түсінуге, типтік белгілерін анықтауға және тиімді тергеу әдістемелерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Қылмысты жасау тәсілдерін жүйелеу арқылы тергеу тәжірибесінде кездесетін қиындықтарды азайтуға, дәлелдемелерді іздеу бағыттарын нақтылауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыруға болады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының құрылымында парақорлық ерекше орын алады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде пара алу, пара беру және парақорлыққа делдал болу сыбайлас жемқорлық қылмыстарының дербес түрлері ретінде қарастырылған. Парақорлықтың қоғамдық қауіптілігі оның мемлекеттік аппарат қызметінің заңдылығы мен объективтілігіне нұқсан келтіруімен, мемлекеттік билік органдарының беделін төмендетуімен және азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін әлсіретуімен түсіндіріледі. Осыған байланысты парақорлық қылмыстарын жасау тәсілдерін криминалистикалық тұрғыдан зерттеу ерекше ғылыми және тәжірибелік маңызға ие.

Криминалистикалық сипаттамада парақорлық қылмыстарын жасау тәсілі орталық элементтердің бірі болып табылады. Себебі дәл осы элемент қылмыстың механизмін, қылмыскер тұлғасының ерекшеліктерін, қылмыстық әрекеттің іздерін және дәлелдемелердің қалыптасу заңдылықтарын анықтайды. Тергеу тәжірибесі көрсеткендей, парақорлық қылмыстарының басым бөлігі алдын ала жоспарланып жасалады және оларды жүзеге асыру барысында қылмыскерлер қылмыстық әрекетті жасырудың түрлі тәсілдерін пайдаланады.

Парақорлық қылмыстарының негізгі ерекшелігі олардың екіжақты сипатында. Қылмыстық әрекетке кемінде екі субъект – пара беруші мен пара алушы қатысады. Кейбір жағдайларда делдал тұлғалардың қатысуымен үш немесе одан да көп субъектілер қылмыстық схемаға тартылуы мүмкін. Бұл ерекшелік парақорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасын басқа сыбайлас жемқорлық қылмыстарынан ажырататын маңызды белгі болып табылады [92, б.7-10].

Ғылыми әдебиеттерде парақорлық қылмыстарын жасау тәсілдері бірнеше кезеңге бөлінеді: қылмыстық байланыс орнату, заңсыз сыйақы туралы келісімге келу, параны беру немесе алу және қылмыс іздерін жасыру кезеңдері. Бұл кезеңдердің әрқайсысы өзіндік криминалистикалық маңызға ие.

Бірінші кезеңде пара беруші мен пара алушы арасында байланыс орнатылады. Байланыс тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Тәжірибеде тараптардың бұрыннан таныс болуы жиі кездеседі. Алайда қазіргі уақытта делдалдарды пайдалану кең таралған. Делдалдардың қатысуы қылмыстың әшкерелену қаупін төмендетуге бағытталған. Мұндай жағдайда делдал пара алушының мүддесін білдіретін сенімді тұлға ретінде әрекет етеді.

Екінші кезең заңсыз сыйақының мөлшері мен шарттарын келісумен байланысты. Бұл кезең көбінесе жасырын түрде жүзеге асырылады. Қылмыскерлер құқық қорғау органдарының бақылауынан сақтану мақсатында ашық сөздерді қолданбауға тырысады. Көптеген жағдайларда шартты сөздер, астарлы мағынадағы сөйлемдер немесе үшінші тұлғалар арқылы жеткізілетін хабарламалар пайдаланылады. Қазіргі уақытта мұндай келіссөздер мессенджерлер, әлеуметтік желілер және шифрланған байланыс құралдары арқылы жүргізілуі мүмкін [93, б.13-14].

Үшінші кезең – параны тікелей беру немесе алу кезеңі. Дәстүрлі түрде пара қолма-қол ақша түрінде берілгенімен, қазіргі жағдайда заңсыз сыйақының нысандары айтарлықтай әртүрлі сипатқа ие. Пара ретінде ақша, бағалы заттар, зергерлік бұйымдар, автокөліктер, жылжымайтын мүлік, бағалы қағаздар, шетелдік сапарлар, ақылы қызметтер және өзге де материалдық игіліктер берілуі мүмкін.

Қазіргі заманғы тәжірибе көрсеткендей, қолма-қол ақша түріндегі пара беру үлесі біртіндеп азаюда. Оның орнына жасырын қаржылық операциялар кеңінен қолданылуда. Мысалы, лауазымды тұлғаның туысының банктік шотына ақша аудару, жалған еңбек шарты бойынша жалақы төлеу, жалған консультациялық қызметтер көрсету немесе кәсіпкерлік қызметке инвестиция салу түріндегі схемалар жиі кездеседі [94, б.82].

Парақорлық қылмыстарын жасаудың ерекше тәсілдерінің бірі – заңды мәмілелерді пайдалану арқылы заңсыз сыйақы беру. Мұндай жағдайда сырттай қарағанда азаматтық-құқықтық мәміле заң талаптарына толық сәйкес келеді. Алайда оның нақты мақсаты белгілі бір лауазымды тұлғаны заңсыз материалдық тұрғыдан ынталандыру болып табылады. Мысалы, нарықтық құны жоғары мүлікті символикалық бағамен сату немесе жалған қарыз шартын рәсімдеу арқылы пара беру фактілері тәжірибеде жиі кездеседі.

Парақорлық қылмыстарының криминалистикалық ерекшеліктерінің бірі олардың жоғары латенттілігі болып табылады. Көп жағдайда пара беруші де, пара алушы да құқық бұзушылыққа қатысушы болғандықтан қылмыс туралы құқық қорғау органдарына хабарлауға мүдделі болмайды. Осыған байланысты мұндай қылмыстар көбінесе жедел-іздестіру қызметінің нәтижесінде немесе басқа қылмыстарды тергеу барысында анықталады [95, б.304].

Парақорлық қылмыстарын жасаудың кең таралған тәсілдерінің бірі – делдалдық схемаларды пайдалану. Делдалдар қылмыстық әрекетті ұйымдастыруда маңызды рөл атқарады. Олар тараптар арасындағы байланысты қамтамасыз етеді, келіссөздер жүргізеді және заңсыз сыйақыны жеткізеді. Кейбір жағдайларда делдалдардың өзі мемлекеттік орган қызметкерлері немесе бұрынғы лауазымды тұлғалар болуы мүмкін. Мұндай тұлғалар мемлекеттік басқару жүйесінің ерекшеліктерін жақсы білетіндіктен қылмыстық схемалардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезеңде парақорлық қылмыстарының жаңа түрлері цифрлық технологияларды пайдаланумен байланысты қалыптасуда. Электрондық төлем жүйелері, криптовалюталар және цифрлық активтер заңсыз сыйақы

беру құралы ретінде пайдаланылуда. Бұл тәсілдердің ерекшелігі қаржылық операциялардың трансшекаралық сипатында және олардың қатысушыларын анықтаудың күрделілігінде. Нәтижесінде дәстүрлі тергеу әдістері жеткіліксіз болып, арнайы қаржылық мониторинг құралдарын қолдану қажеттілігі туындайды [96].

Парақорлық қылмыстарында қылмысты жасыру тәсілдері ерекше маңызға ие. Қылмыскерлер құқық қорғау органдарының назарынан тыс қалу үшін әртүрлі әдістерді қолданады. Олардың қатарына жалған құжаттар жасау, қаржылық операцияларды бөлшектеу, үшінші тұлғаларды пайдалану және заңсыз табысты заңдастыру жатады. Кейбір жағдайларда пара ретінде алынған мүлік бірден басқа тұлғалардың атына рәсімделеді немесе коммерциялық ұйымдардың активтеріне енгізіледі.

Криминалистикалық тұрғыдан алғанда парақорлық қылмыстарын жасау тәсілдері белгілі бір іздердің қалыптасуына алып келеді. Бұл іздер материалдық және идеалдық сипатта болуы мүмкін. Материалдық іздерге ақша қаражаттары, құжаттар, банктік операциялар туралы мәліметтер, электрондық хат-хабарлар және бейнежазбалар жатады. Ал идеалдық іздер куәлардың жадында сақталған ақпарат түрінде көрініс табады. Тергеу барысында осы іздердің барлығын кешенді түрде зерттеу маңызды мәнге ие.

Парақорлық қылмыстарын тергеуде қылмысты жасау тәсілін анықтаудың тәжірибелік маңызы зор. Біріншіден, ол қылмыстың нақты механизмін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Екіншіден, қылмыстық әрекетке қатысқан барлық тұлғаларды анықтауға көмектеседі. Үшіншіден, заңсыз алынған табыстың қозғалыс бағытын белгілеуге мүмкіндік береді. Төртіншіден, дәлелдемелерді іздеу және бекіту бойынша тиімді тергеу әрекеттерін жоспарлауға жағдай жасайды.

Шетелдік зерттеушілер де парақорлық қылмыстарының тәсілдерін зерттеудің маңыздылығын атап көрсетеді. Дж. Най сыбайлас жемқорлықты жеке пайда алу мақсатында мемлекеттік өкілеттіктерді теріс пайдалану ретінде сипаттай отырып, мұндай әрекеттердің жүзеге асу механизмдерін зерттеу олардың алдын алудың негізгі шарты екенін көрсеткен [97, б.187-201]. Ал С. Роуз-Аккерман парақорлық схемаларының қайталанатын үлгілерін анықтау мемлекеттік басқарудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік беретінін негіздейді [77].

Жалпы алғанда, парақорлық қылмыстарын жасау тәсілдері сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Олар қылмыстық әрекеттің ішкі құрылымын, қылмыскерлердің мінез-құлық ерекшеліктерін және дәлелдемелердің қалыптасу заңдылықтарын көрсетеді. Сондықтан парақорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдіру барысында осы тәсілдерді жан-жақты зерттеу ерекше ғылыми және тәжірибелік мәнге ие.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының құрылымында қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану ерекше орын алады. Бұл санаттағы қылмыстардың қоғамдық қауіптілігі олардың мемлекеттік билік

органдарының қалыпты қызметіне нұқсан келтіруімен, мемлекеттік ресурстардың тиімсіз жұмсалуына алып келуімен және азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерінің бұзылуымен түсіндіріледі. Қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану көбінесе парақорлықпен, бюджет қаражатын жымқырумен, алаяқтықпен және ұйымдасқан қылмыстық әрекеттермен ұштасып жатады. Сондықтан олардың жасалу тәсілдерін зерттеу сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасын қалыптастыруда маңызды орын алады.

Қылмыстық құқық теориясында қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану лауазымды тұлғаның өз өкілеттіктерін қызмет мүдделеріне қайшы пайдаланып, жеке басының немесе үшінші тұлғалардың пайдасына заңсыз артықшылықтар жасауымен сипатталады. Криминалистикалық тұрғыдан мұндай қылмыстардың басты ерекшелігі – олардың сырттай заңды әрекет ретінде көрінуінде. Көп жағдайда қабылданған шешім немесе шығарылған құжат нысаны бойынша заң талаптарына сәйкес келеді, алайда оның мазмұны белгілі бір тұлғалардың заңсыз мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған болады [56, б.178-187].

Қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану арқылы жасалатын қылмыстардың кең таралған тәсілдерінің бірі – әкімшілік шешімдерді заңсыз қабылдау. Мұндай жағдайда лауазымды тұлға өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң талаптарын бұза отырып шешім шығарады немесе белгілі бір шешімнің қабылдануына ықпал етеді. Мысалы, жер учаскесін беру, құрылысқа рұқсат беру, лицензия рәсімдеу немесе мемлекеттік активтерді басқару кезінде заңсыз артықшылықтар жасау тәжірибеде жиі кездеседі.

Криминалистикалық зерттеулер көрсеткендей, мұндай қылмыстардың негізгі ерекшелігі оларды жасау барысында ресми құжаттардың кеңінен пайдаланылуында. Қылмыскерлер заңсыз әрекеттерді заңды рәсімдермен бүркемелеуге тырысады. Соның нәтижесінде құжаттар негізгі дәлелдеме көзіне айналады. Тергеу барысында бұйрықтар, қаулылар, хаттамалар, келісімшарттар, сараптамалық қорытындылар және қаржылық есептер ерекше зерттеу объектісі болып табылады [65, б.82].

Қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану көбінесе мемлекеттік сатып алу саласында көрініс табады. Мемлекеттік сатып алу жүйесі бюджет қаражатының үлкен көлемімен байланысты болғандықтан сыбайлас жемқорлық тәуекелі жоғары салалардың бірі болып саналады. Тергеу тәжірибесінде конкурс талаптарын нақты бір компанияға бейімдеу, жалған бәсекелестік ұйымдастыру, алдын ала келісілген жеңімпазды анықтау және орындалмаған жұмыстар үшін төлем жүргізу фактілері жиі анықталады.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық схемаларының криминалистикалық ерекшелігі олардың көпсатылы сипатында. Әдетте мұндай схемаларға мемлекеттік орган қызметкерлері, коммерциялық ұйымдардың өкілдері, техникалық сарапшылар және делдал тұлғалар қатысады. Әр қатысушы белгілі бір функцияны атқарады, бұл қылмыстың ұйымдасқан сипатын көрсетеді.

Ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлықтың ең қауіпті түрлерінің бірі болып саналады. Оның ерекшелігі жекелеген құқық бұзушылықтардан емес, тұрақты және жүйелі түрде әрекет ететін қылмыстық механизмнен тұрады. Ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық жағдайында заңсыз табыс алу мемлекеттік немесе квазимемлекеттік құрылымдардың жекелеген қызмет бағыттарының ажырамас бөлігіне айналады [78].

Ғылыми әдебиеттерде ұйымдасқан сыбайлас жемқорлықтың бірнеше типтік модельдері көрсетіледі. Бірінші модель – иерархиялық құрылымға негізделген модель. Мұнда жоғары лауазымды тұлғалар жалпы бақылауды жүзеге асырады, ал төменгі деңгейдегі қызметкерлер нақты қылмыстық әрекеттерді орындайды. Екінші модель – желілік құрылым. Бұл жағдайда қылмысқа қатысушылар тең дәрежеде әрекет етіп, ортақ мақсатқа жету үшін өзара байланыс орнатады. Үшінші модель – аралас құрылым, онда иерархиялық және желілік элементтер қатар кездеседі.

Ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық схемаларының маңызды ерекшелігі олардың тұрақтылығында. Мұндай құрылымдар ұзақ уақыт бойы жұмыс істейді және қылмыстық қызметті жалғастыру үшін өзін-өзі қорғау тетіктерін қалыптастырады. Олар ақпараттың сыртқа шығуына жол бермеу, бақылаушы органдарға ықпал ету және қаржылық ағындарды жасыру бойынша арнайы шаралар қолданады.

Криминалистикалық тұрғыдан ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық схемаларын анықтау күрделі міндет болып табылады. Себебі қылмыстық әрекеттердің әрбір кезеңі заңды рәсімдермен бүркемеленеді. Мұндай жағдайларда жекелеген дәлелдемелерді емес, дәлелдемелер жүйесін зерттеу маңызды. Тергеуші қылмыстық схеманың барлық қатысушылары арасындағы байланыстарды, қаржылық операцияларды және қабылданған шешімдердің себеп-салдарлық байланыстарын анықтауы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаудың ерекше тәсілдерінің бірі – аффилиирленген тұлғаларды пайдалану. Бұл жағдайда лауазымды тұлға ресми түрде ешқандай қатысы жоқ компаниялар немесе жеке тұлғалар арқылы заңсыз пайда алады. Мұндай тәсіл көбінесе мемлекеттік сатып алу, құрылыс, жер қатынастары және инвестициялық жобалар саласында кездеседі. Тергеу тәжірибесі көрсеткендей, аффилиирленген байланыстарды анықтау сыбайлас жемқорлық схемаларын әшкерелеудің негізгі бағыттарының бірі болып табылады [77].

Қазіргі кезеңде ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық схемаларында цифрлық технологиялар кеңінен қолданылады. Электрондық мемлекеттік сатып алу жүйелері, электрондық төлем құралдары және цифрлық құжат айналымы заңды қызметтің тиімділігін арттырғанымен, кейбір жағдайларда жаңа қылмыстық тәсілдердің пайда болуына ықпал етуде. Мысалы, электрондық конкурстарға жалған қатысушыларды тіркеу, ақпараттық жүйелердегі деректерді өзгерту немесе электрондық құжаттарды қолдан жасау фактілері кездеседі.

Қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану мен ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық схемаларының маңызды белгісі – заңсыз табысты кейіннен заңдастыру әрекеттері. Қылмыскерлер заңсыз алынған қаражаттың шығу тегін жасыру үшін әртүрлі қаржылық құралдарды пайдаланады. Олардың қатарына жалған кәсіпорындар құру, фиктивті мәмілелер жасау, үшінші тұлғалардың банктік шоттарын пайдалану және шетелдік юрисдикциялар арқылы қаражат аудару жатады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, ұйымдасқан сыбайлас жемқорлықтың трансұлттық сипаты барған сайын күшейіп келеді. Қазіргі уақытта заңсыз алынған қаражат бір елде алынуы, екінші ел арқылы аударылуы және үшінші елде инвестициялануы мүмкін. Бұл құқық қорғау органдары арасындағы халықаралық ынтымақтастықтың маңызын арттырады.

Қазіргі жаһандану жағдайында сыбайлас жемқорлық қылмыстары трансұлттық сипатқа ие болуда. Қаржы ағындарының халықаралық деңгейде еркін қозғалысы, офшорлық құрылымдардың кеңінен қолданылуы және цифрлық валюталардың таралуы бұл қылмыстардың ұлттық шекаралардан тыс жүзеге асуына мүмкіндік береді. Сондықтан мұндай қылмыстарды тергеу халықаралық деңгейдегі криминалистикалық ынтымақтастықты талап етеді [54, б.56-64].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдерін зерттеу барысында олардың қылмыскер тұлғасымен байланысына ерекше назар аудару қажет. Қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану көбінесе жоғары кәсіби дайындықты, мемлекеттік басқару жүйесін терең білуді және басқарушылық тәжірибені талап етеді. Сондықтан мұндай қылмыстардың субъектілері әдетте жоғары білімді, басқару функцияларын жүзеге асыратын және қызметтік мүмкіндіктері кең тұлғалар болып келеді.

Криминалистикалық тұрғыдан алғанда, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану мен ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық схемаларының тәсілдері қылмыстың басқа элементтерімен тығыз байланысты. Олар қылмыс іздерінің сипатын анықтайды, қылмыскер тұлғасының ерекшеліктерін көрсетеді және тергеу барысында дәлелдемелерді іздеу бағыттарын белгілейді. Сондықтан аталған тәсілдерді жан-жақты зерттеу тергеудің тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып табылады.

Жалпы алғанда, қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану және ұйымдасқан сыбайлас жемқорлық схемалары қазіргі сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ең күрделі және қауіпті нысандары болып табылады. Олардың жасалу тәсілдері күрделі ұйымдастырушылық құрылыммен, жоғары латенттілікпен және дәлелдемелерді жасырудың көп деңгейлі механизмімен ерекшеленеді. Осыған байланысты аталған қылмыстардың криминалистикалық сипаттамасында қылмысты жасау тәсілдерін зерттеу ерекше ғылыми және практикалық маңызға ие.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасындағы қылмысты жасау тәсілі тек қылмыстық әрекеттің сыртқы көрінісін сипаттайтын элемент қана емес, сонымен қатар тергеу қызметін

ұйымдастырудың ғылыми негізін қалыптастыратын маңызды ақпараттық жүйе болып табылады. Қылмысты жасау тәсілдері туралы мәліметтер қылмыстың жасалу механизмі, қылмыскер тұлғасының ерекшеліктері, дәлелдемелердің қалыптасу заңдылықтары және қылмыстық әрекетті жасыру жолдары туралы ақпарат береді. Сондықтан қазіргі криминалистикалық ғылымда қылмысты жасау тәсілін зерттеу тек теориялық міндет ретінде ғана емес, сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тәжірибелік құралы ретінде қарастырылады.

Криминалистикалық теорияда қылмысты жасау тәсілі мен қылмыстың өзге элементтері арасындағы өзара байланыс заңдылық сипатқа ие екендігі мойындалған. Белгілі бір тәсілдің қолданылуы міндетті түрде нақты іздердің қалыптасуына алып келеді. Сол сияқты белгілі бір санаттағы қылмыскерлер өздерінің кәсіби даярлығына, қызметтік жағдайына және мақсаттарына байланысты ұқсас тәсілдерді пайдаланады. Осы заңдылықтар қылмысты ашу мен тергеудің ғылыми негізін құрайды [98, б.93-100].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдерінің маңызы оның жоғары ақпараттық әлеуетімен түсіндіріледі. Мұндай қылмыстардың көпшілігі жасырын түрде жасалатындықтан және олардың тікелей куәлары болмайтындықтан, тергеуші көбінесе қылмыстың сыртқы белгілерін емес, оның жанама көріністерін зерттеуге мәжбүр болады. Бұл ретте қылмысты жасау тәсілдері туралы мәліметтер дәлелдемелерді іздеудің бастапқы бағытын анықтайды.

Мысалы, мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлық схемасының белгілі бір түрі анықталған жағдайда тергеуші қандай құжаттарды зерттеу қажет екенін, қандай тұлғалардан жауап алу керектігін және қандай қаржылық операцияларды тексеру қажеттігін алдын ала болжай алады. Бұл тергеу қызметінің тиімділігін арттырып қана қоймай, дәлелдемелерді жоғалту қаупін де төмендетеді.

Қылмысты жасау тәсілдерін зерттеудің маңызды бағыттарының бірі олардың типтік модельдерін қалыптастыру болып табылады. Типтік модельдер белгілі бір санаттағы қылмыстарға тән тұрақты белгілердің жиынтығын білдіреді. Мұндай модельдер нақты қылмыстық оқиға туралы толық ақпарат болмаған жағдайда да тергеушіге қылмыстың ықтимал механизмін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының типтік модельдерін әзірлеу қажеттілігі артып келеді. Бұл ең алдымен қылмыстық әрекеттердің күрделенуімен және жаңа технологиялардың енгізілуімен байланысты. Бұрын қолданылған қылмыстық схемалардың орнына цифрлық технологияларды пайдалануға негізделген жаңа тәсілдер пайда болуда. Сондықтан криминалистикалық ғылым қылмыстың жаңа нысандарына бейімделуі тиіс.

Цифрландыру жағдайында сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдері сапалық тұрғыдан өзгеруде. Электрондық құжат айналымы, цифрлық мемлекеттік қызметтер, онлайн-банкинг және криптовалюталар

заңсыз әрекеттерді жүзеге асырудың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастырды. Бұл жағдай қылмыстың дәстүрлі іздерінің өзгеруіне алып келді. Егер бұрын негізгі дәлелдемелер қағаз құжаттарда сақталса, қазіргі уақытта маңызды ақпарат электрондық форматта орналасады.

Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әдістемесін жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі цифрлық дәлелдемелерді зерттеу құралдарын дамыту болып табылады. Тергеушілер мен сарапшылар ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтерді, электрондық хат-хабарларды, банктік транзакцияларды және цифрлық активтер қозғалысын зерттеу дағдыларын меңгеруі қажет. Мұндай дағдылар қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлық схемаларын анықтаудың негізгі шарттарының біріне айналып отыр [99, б.16-21].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің тиімділігі көбінесе криминалистикалық болжау мүмкіндіктеріне байланысты. Криминалистикалық болжау белгілі бір фактілер негізінде қылмыстың басқа элементтері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл жерде қылмысты жасау тәсілі негізгі ақпараттық база ретінде қолданылады. Мысалы, заңсыз сыйақының делдал арқылы берілгені анықталса, тергеуші ұйымдасқан қылмыстық байланыстың болуы мүмкін екенін болжай алады. Ал жалған конкурстық рәсімдердің белгілері анықталса, аффилиирленген компанияның қатысу ықтималдығы туралы болжам жасауға негіз пайда болады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдерін зерттеудің тәжірибелік маңызы олардың алдын алу қызметінде де көрінеді. Қылмыстық әрекеттің типтік механизмдерін анықтау мемлекеттік органдардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауға мүмкіндік береді. Егер белгілі бір салада қайталанатын қылмыстық схема анықталса, сол схеманы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құқықтық немесе ұйымдастырушылық кемшіліктерді жою шаралары қабылдануы мүмкін.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігі тек қылмысты ашу көрсеткіштерімен емес, сонымен қатар оның алдын алу деңгейімен де анықталады. Осы тұрғыдан алғанда қылмысты жасау тәсілдерін зерттеу құқық қорғау органдары үшін ғана емес, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру үшін де маңызды болып табылады [100, б.269-274].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілдерінің криминалистикалық маңызын бағалау кезінде олардың қылмыскер тұлғасын сипаттаудағы рөлін де атап өткен жөн. Қылмыстық әрекетті жүзеге асыру әдісі қылмыскердің кәсіби даярлығы, тәжірибесі, ұйымдастырушылық қабілеті және қызметтік мүмкіндіктері туралы ақпарат береді. Сондықтан қылмысты жасау тәсілі қылмыскер тұлғасының криминалистикалық моделін қалыптастырудың маңызды көзі болып табылады.

Жүргізілген ғылыми талдау негізінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасындағы қылмысты жасау тәсіліне қатысты бірнеше авторлық тұжырым жасауға мүмкіндік берді.

Біріншіден, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілі криминалистикалық сипаттаманың негізгі әрі жүйе құраушы элементі болып табылады, себебі ол қылмыстың басқа элементтері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді.

Екіншіден, қазіргі жағдайда сыбайлас жемқорлық қылмыстарының тәсілдері цифрлық технологиялардың ықпалымен күрделеніп, олардың трансұлттық сипаты күшейіп келеді. Бұл тергеу әдістемелерін жаңғыртуды талап етеді.

Үшіншіден, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының типтік тәсілдерін жүйелеу тергеудің жеке әдістемелерін әзірлеудің ғылыми негізі ретінде қарастырылуы тиіс.

Төртіншіден, қылмысты жасау тәсілдерін зерттеу тек тергеу қызметі үшін ғана емес, сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін жетілдіру үшін де маңызды мәнге ие.

Бесіншіден, цифрлық ортада жүзеге асырылатын сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жаңа тәсілдері криминалистикалық сипаттаманың дәстүрлі құрылымын қайта қарауды және электрондық дәлелдемелерді зерттеудің жаңа әдістерін енгізуді талап етеді.

Осылайша, жүргізілген зерттеу сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілі олардың криминалистикалық сипаттамасындағы орталық элементтердің бірі екендігін көрсетеді. Ол қылмыстың дайындалуынан бастап оны жасыруға дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды және тергеу процесін ұйымдастырудың ғылыми негізін қалыптастырады. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттыру мақсатында қылмысты жасау тәсілдерін кешенді зерттеу, оларды тұрақты түрде жүйелеу және заманауи жағдайларға бейімдеу қажеттілігі сақталады.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілі криминалистикалық сипаттаманың орталық және жүйеқұраушы элементі болып табылады. Ол қылмыстың ішкі құрылымын ашып қана қоймай, тергеу бағытын айқындауға, дәлелдемелерді анықтауға және қылмыскер тұлғасын сипаттауға мүмкіндік береді. Қазіргі технологиялық даму бұл тәсілдердің күрделенуіне алып келіп, криминалистика ғылымының әдістемелік базасын үнемі жетілдіру қажеттігін туындатады.

Зерттеу нәтижесінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау тәсілі – криминалистикалық сипатының негізгі құрылымдық элементі екендігін анықтадық. Қылмысты жасау тәсілі қылмыстық әрекеттің механизмі туралы кешенді ақпарат көзі ретінде қылмыскер тұлғасын, қылмыс іздерін, дәлелдемелердің қалыптасу ерекшеліктерін және қылмысты жасыру жолдарын сипаттайды. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының қазіргі заманғы нысандарының күрделенуі мен цифрлануы олардың тәсілдерін зерттеудің өзектілігін арттырып отыр. Осыған байланысты қылмысты жасау тәсілдерін ғылыми негізде жүйелеу, олардың типтік модельдерін қалыптастыру және тергеу тәжірибесіне енгізу сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімділігін арттырудың маңызды шарты болып табылады.

2 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫН ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТЕРГЕУ АМАЛДАРЫ

2.1 Сыбайлас жемқорлықты тергеу кезіндегі кездесетін болжаулар мен жоспарлар

Криминалистикалық сипатын айқындау үшін қылмыстың заты із қалдырушы объект ретінде маңызы зор. Қылмыс затының криминалистикалық ерекшелігі оның белгілі бір жағдайының бөлігі болып табылатындығында, ал кейбір жағдайда қылмыс жасалуының элементі болып табылады.

Қылмыстардың жасалу жолдары қылмысты тергеудегі тәжірибелік әдістемені құруда үлкен рөл атқарады. Б.М.Шавер «Жеке қылмыстарды тергеу әдістері қылмыстардың жасалу жолдарымен анықталады» [101, б.149] деп көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша тергеу әрекеттерінің ең күрделісі болып қылмыскерді қылмыс жасау үстінде ұстау болып табылады. Мысалға, құқыққа қайшы болып табылатын әрекет - пара алу кезінде ұстау. Бұл тергеу әрекеті арыз беруші берген арыздың негізінде жүргізіледі. Қылмыскерді ұстау үшін алдын ала жасалған жоспар болуы қажет және онда келесі мәселелер қарастырылуы тиіс:

- қылмыс пәнінің ерекшеліктері, оны беру және алу орны мен уақыты;
- пара беру және соның нәтижесін бекіту техникалық құралдарын пайдалану қажеттілігі (фото, аудио немесе бейнежазба);
- жедел-іздестіру қызметкерлерінің арасында атқаратын қызметтерін бөліп беру және олардың өзара байланысын орнату;
- пара беру орнының жобасын немесе схемасын сызу.

Сонымен қатар, дайындық кезеңінде қылмыскерлерді жедел бақылау, ұстауды жүргізетін орынмен танысу, қылмыстың пәні болып табылатын затты химиялық затпен өңдеу жүргізіледі. Ұстауға дайындық жүргізуде көбінесе қылмыскерлердің жұмыс орны мен тұрғылықты жері бойынша телефон желісін тыңдау жүргізіледі (сәйкесінші санкцияның негізінде). Ары қарай дыбыс жазбасы мен тыңдау хаттамасын алғаннан кейін тергеуші куәлардың қатысуымен жазбаны тыңдайды. Оны тыңдау барысында оның шынайылығын, мақсатқа сай дұрыс жасалуын және сақталуын тексереді, тыңдап болғаннан соң тергелетін іске заттай дәлел ретінде қосып қояды.

Қылмысты ашуға құқық қорғау органдарына көмектесуге келісімін берген тұлғаға қылмысқа қатысушы тұлғалармен кездесу кезінде айтатын әңгімелерін жазып алу үшін микрофон немесе өзге де құрылғы берілуі мүмкін. Бұл шара пара алушыны тікелей қылмысты жасау кезінде ұстау үшін тактикалық операцияның құрамдас бөлігі ретінде қолданылуы мүмкін. Ұстау кезінде пара алушы қылмыс пәні болып табылатын затты лақтырып жіберуді немесе жоюды жүзеге асырмауы үшін шаралар қолданылады және де пара берушімен келісім шартқа келмеуін қадағалау қажет. Мысалы, қарызын алғандығы жөнінде пара берушіні жалған мәлемет беруіне көндіруі мүмкін.

Қылмыстың пәні болып әртүрлі қызметтерді жасау, мысалға шот ашу немесе банктен несие алу, Қазақстанда және шетелден жылжымайтын мүлік алу; әртүрлі жеңілдіктер ұсыну және коммерциялық ұйымдарға көмектесу; әкімшілік, қылмыстық және басқа да жауапкершіліктен заңды негіздерсіз босату; қызметке орналастыру; қызмет бабын көтеру; криминалдық құрылымдарға тиімді заң жобаларын қарау және енгізу, аудиторлық тексеру немесе құжаттық ревизияның материалдарын өзгерту және т.б.

Пара алушы, пара беруші және делдал – параны алу-беру кезінде сыбайлас жемқорлықтың субъектісі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықтың субъектісі ретінде көбіне үлкен басқарушылық өкілеттікті иеленетін қызметін жауапкерлілігі бар лауазымды тұлғалар табылады. Бұл адамдар жоғары білімді, қызметік тәжірибесі бар және өте беделді болады. Қылмыспен күресу, тергеу, ашу, оның алдын алу жалпы мемлекеттен, жекелей құқық қорғау органдарынан ұтқыр талап күтеді. Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында қолданыстағы заңдар нормаларын қылмыс, сыбайлас жемқорлық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға тікелей немесе жанама түрде жағдай туғызушы алғышарттарды анықтау мақсатында нормативтік құқықтық актілер жобаларына сйбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама енгізуді іске асыру жолымен жетілдіру қажет деп көрсетілген. Сонымен қатар қылмыстық іс жүргізу заңдарын одан әрі жетілдірудегі негізгі мақсат – қылмыстық іс жүргізудің адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған түбегейлі принциптерін одан әрі дәйекті іске асыру. Қылмыстық іс жүргізу заңдарын жетілдірудің өзекті бағыттарының бірі – істі сотқа дейін жүргізу кезеңінде рәсімдерді жеңілдету және жеделдету. Әрине, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен онымен күресу үшін бір ғана заң шығару процесін реттеу жеткіліксіз. Сондықтан, тергеу, анықтау органдары қылмысты ашуға, оның алдын алуға бағытталған ғылыми-әдістемелік тұрғыда криминалистикалық әдістемені жетілдіруді қажет етеді.

Қылмыспен күресуде, оның құрамын анықтаудағы ең бірінші талап қоғамға қауіпті әрекетті жасаған орталық тұлға, күдікті немесе айыпталушыны анықтау болып табылады. Содан кейін оның кінәсін айқындау және қылмыстық оқиғамен байланысты басқа да мән-жайларды анықтау қажеттігі туындайды [102, б.71].

Қазақстан Республикасы ҚПК 45-бабы 1-бөлігінің, 1-тармағына сәйкес, айыпталушы ретінде жауапқа тартуға жататын адамның анықталмауы себебінен, республикада қылмыстық істі тоқтата тұру мәселесі де артып отыр [12]. Мысалы, республика бойынша 2022 жылы – 1724 қылмыс тіркелсе, оның – 1213 сотқа жіберіліп, 511 іс тоқтатылған [103], 2023 жылы – 1692 қылмыс тіркелсе, оның 1099 сотқа жіберіліп, 593 іс тоқтатылған [104], 2024 жылы – 1641 қылмыс тіркелсе оның – 1249 сотқа жіберіліп, 392 іс тоқтатылған [2], 2025 жылы - 1052 қылмыс тіркелсе, оның – 860 сотқа жіберіліп, 192 іс тоқтатылған [1].

Жоғарыдағы мәліметтерге сүйенсек, күдікті немесе айыпталушы тұлғасын анықтаудың практикалық қажеттілігі байқалды. Және кінәлілерді толығымен жауапқа тарту үшін алдымен олардың жеке тұлғасын зерттеп және жекелеген типтік қасиеттерін анықтап алу қажеттігі байқалып тұр. Анықталған қасиеттерді қылмыстың оқиғасымен байланыстырып, сол арқылы қылмыскердің ізіне түсуге, болжау құруға, тергеуді ұйымдастыруға, күдіктінің тұлғасын анықтауға және алдын ала тергеудің басқа да мәселелерін шешуге мүмкіндіктер бар. Оларды жетілдіру үшін ғылыми негізде зерттеу жүргізу қажет деп ойлаймыз.

Қазіргі күнде криминалистика ғылымының зерттеуді қажет ететін проблемалары жеткілікті. Олай дейтініміз, ғылыми білімнің толассыз көбеюі заңдылығына сәйкес әрбір жаңа проблеманы уақыт туғызады. Мемлекет нарықтық экономикаға өтіп, нарықтық-экономикалық құқықтық сананың қалыптасу кезеңінде қылмыстардың жасалу технологиясы да өзгерді, сол себепті ондай құбылыстармен күресу үшін тәжірибелік-теориялық деңгейдегі зерттеулерді жетілдіру қажет.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу барысында әдістерді колданудың негізгі мақсаты, ол қылмыскердің қылмыстың ашылуына кедергі жасау үшін колданып отырған айла-әрекеттерін әшкерелеп, іс бойынша объективті делелдемелер жинау.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу үстінде әрқилы ситуациялық жағдайларға байланысты қолайлы әдістер мен тесілдерді қолдану және тергеуді ұтымды, жоспарлы жүргізу жөніндегі қағидаларды пайдаланады.

Сондай-ақ, күдікті мен айыпталушының тұлғасын зерттеу мәселесі толығымен шешілді деп айта алмаймыз. Ал күдікті немесе айыпталушының кінәсін дәлелдеу мақсатында, күдікті немесе айыпталушыға қатысты қылмыстық оқиғамен байланысы бар мәліметтер алудың әдісі ретінде, жекелеген тергеу әрекеттерінің мүмкіндіктерін пайдалану толық қалыпқа келген жоқ.

Тұлғаның психологиялық және әлеуметтік қасиеттерін ескеріп, біз жеке тұлғаның келесі құрылымын ұстанамыз, өйткені ол жеке тұлғаның нақты құрылымын көрсетеді.

Олар:

- тұлғаның қажеттіліктері (адамның қызығушылығы, көзқарастары, нанымы, дүниетанымы);
- мінез-құлқы (адамның темпераменті, типтік ерекшеліктері);
- қабілеті (ақыл-ойы, жадыда сақтай білу, ұғыну қабілеттігі);
- өмірлік тәжірибесі (білімі, іскерлігі, дағдысы);
- өнегелік деңгейі (ар-ұят, адамгершілік қасиеттері).

Тұлға құрылымынан көріп отырғанымыздай, тұлға адамның сыртқы көрінісін көрсететін, индивидуалды психологиялық ерекшеліктерге жатқызылмайды, ол оның дамуы мен қалыптасуындығы жалпы қасиеттердің, ерекшеліктің, дараланудың біртұтастығын білдіреді.

Олай болса, жеке тұлға – белгілі бір индивидуалды қайталанбайтын биологиялық, әлеуметтік, психологиялық белгілер мен қасиеттерден тұратын, отбасылық, өндірістік, тұрмыстық және басқа да қатынастарға және өзі тұратын, қызмет ететін және тұлға ретінде қалыптасатын байланыстарға негізделген адамның жеке өмірлік жолы, оның дара болмысы.

Қылмыскердің тұлғасы – тұлғаның белгілі бір әлеуметтік қасиеттерін сипаттайтын әлеуметтік түсінік болып табылады, өйткені қылмыскердің фигурасы, тұлға қылмыс жасағаннан кейін, нақты әлеуметтік оқиғадан кейін пайда болады, ол кінәліні басқа адамдардың қатарынан бөлектейді, олай болса біз қылмыскердің тұлғасын әлеуметтік шындық дейміз.

Криминалистикалық зерттеулерде қылмыскердің тұлғасымен қатар қылмыстың субъектісі, айыпталушының тұлғасы, сотталушының тұлғасы деген және т.б. түсініктер қолданылады. Кейінгі оқулықтарда "қылмыскердің тұлғасы" түсінігін "қылмыс жасаған адамдардың тұлғасы" деп ауыстырсақ қайтеді деген де ойлар айтылып жүр. Сондай-ақ, қылмыскердің тұлғасы және қылмысты жасаған тұлға – бір ұғым емес. Біз жоғарыдағы жеке тұлғаның құрылымында жеке тұлға және тұлға, индивид, адам ұғымдарын қалай ажыратып көрсетсек, заңгерлер де бұл ұғымдарды солай ажыратулары тиіс деген ойдамыз.

Қылмысты жасаған адам – қылмыскер. Бірақ біз оны сот кінәлі деп тапқан жағдайда ғана қылмыскер деп тани аламыз. Ол үшін кінәлі адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып және сотқа берілуі қажет. Заңда көрсетілген тәртіпте қылмысқа қатысы бар деп ұсталған адам күдікті, тергеу барысында қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлға, айыпталушы деп саналады; сотқа жіберілген айыпталушы сотталушы деп саналады, ал айыптау үкімі шығарылған сотталушы сотталған деп саналады. Осы жағдайлардың бәрінде белгілі бір құқықтары мен міндеттері процессуалдық заңмен белгіленген, қылмыстық іс барысының сатыларындағы нақты бір тұлға жөнінде айтылып отыр. Бұл түсініктер бір-біріне жақын болғанымен тепе-тең емес. Олар қылмысты жасаған тұлғаның біртұтас әлеуметтік-құқықтық жағдайын көрсетеді.

Сонымен қатар, қылмысқа бейім тұлға дегенді ажырату керек – бұл моральдық деңгейі төмен, нақты бейәлеуметтік белгілері бар, қылмыс жасауға бейімделіп тұратын тұлға. Қорытындылай келгенде, жеке тұлғаның анықталған әлеуметтік, психологиялық және биологиялық қасиеттерінің маңызы мынада. Біріншіден, олар қылмыскердің (күдікті мен айыпталушының) тұлғасының жүйесін және құрылымын анықтауға көмегін тигізеді. Жүйе – қылмыскердің тұлғасын оның көптеген қасиеттерін ала отырып, сырт жағынан сипаттайды. Құрылым – бір компоненттің ішіндегі қасиеттердің өзара байланысын және өзара бағыныштығын қамти отырып, мысалы, биологиялықты және барлық үш компоненттің арасын (биологиялық, психикалық, әлеуметтік) бөлшектеп сипаттайды. Екіншіден, тұлға жүйесінің әлеуметтік, психикалық және биологиялық компоненттері күдікті мен

айыпталушы тұлғасының сан алуан қасиеттерін криминалистикалық жіктеуде маңызды.

Үшіншіден, қылмыстың криминалистикалық сипаттамасына сүйене отырып, қылмыскер тұлғасы қасиеттерінің криминалистикалы типтік сипаттамасын қалыптастыру үшін қажет болып табылады.

Қорғау тактикасын жетілдіру үшін, күдікті мен айыпталушының тұлғасын алдын-ала тергеу барысында зерттеу адвокатураны да қызықтырып отыр. Мұны Р.М Жәмиеваның еңбегінен көруге болады. Ол күдікті мен айыпталушының құқықтары мен міндеттерін тиімді қорғауға және оларға заңдық көмек көрсету мақсатында қорғау тактикасын криминалистикалық тактиканың негізінде жетілдіру қажеттігін алға тартады. Егер бұл міндеттер жүзеге асырылатын болса қорғаушының процестің басқа да қатысушылары сияқты тергеу әрекеттеріне тікелей қатысып, өз болжауларын құрып, қорғану тактикасын жоспарлап, күдікті мен айыпталушының кінәсін айқындау мақсатында олардың тұлғасының қылмыс оқиғасымен байланыс деңгейін көрсететін ақпараттық қасиеттерін анықтауға мүмкіншілік болатынына назар аударады. Қылмыскердің тұлғасын криминалистикалық зерттеу келесі мәселелерді қамтиды: күдікті мен айыпталушы тұлғасының мәлімет беретін қасиеттерін анықтау және топтау; күдіктінің материалдық шынайы объектілермен және құбылыстармен өзара қатынасқа түскендігі туралы қоршаған ортада сақталып қалатын іздерінің ерекшеліктерін зерттеу; жеке тұлғаның қасиеттерін көрсететін іздерді топтау және тұлға туралы мәлімет беретін басқа да қайнар көздерді анықтау, сонымен қатар бұл мәліметтерді жинау, зерттеу бағалау және қолданудың құралдары мен әдістерін өңдеу; жинақталған мәліметтер негізінде күдікті тұлғасын сипаттау және қылмыс жасаған адамның тұлғасын анықтау мақсатында іздеу шараларын ұйымдастыру; күдікті мен айыпталушының анықталған жекелеген қасиеттерін оның кінәсін дәлелдеу процесінде қолдану. Әрине, жоғарыда аталған ғалымдардың ешқайсысы бұл мәселелерді осындай ауқымды көлемде қарастырмайды [105, б.125].

Тергеу барысы тереңдеген сайын күдікті мен айыпталушының тұлғасын сипаттайтын мәліметтер жинақтала беретіні анық. Осы жерде, біріншіден, жинақталған мәліметтердің ішінен қылмыстық іс бойынша өте маңызды және мәні бар деген қажетті мәліметтерді жіберіп алмай қалай бөліп аламыз, екіншіден, тергеудің материалдарын қосалқы немесе тіпті шектен тыс материалдармен толтырып жібермейміз бе деген орынды сұрақтар туындайды. Демек, күдікті мен айыпталушының тұлғасын зерттеудің негізгі бағыттары мен тергеу барысында анықталуға жататын ол туралы мәліметтердің көлемі жөнінде заңды сұрақ туындайды.

«Қылмыстық құқық, қылмыстық процестік құқық немесе криминалистика үшін қылмыскердің тұлғасын зерттеудің көлемін бөліп көрсетудің қажеті жоқ. Мысалға, айыпталушының жасын алайық, оның жасы қылмыстық құқық үшін азаматтарға қылмыстық жауапкершілік қандай жаста түсетіндігін анықтауға қажет болса, қылмыстық іс жүргізу құқығында

бұлтартпау шарасын қолдану үшін қажет, ал жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикасы қылмыскердің жасына да байланысты болады» – деп жазады Курашвили Г.К.

Күдікті мен айыптаушының тұлғасын зерттеу қылмыстық іс жүргізу құқығы ғылымының көлемінде жүзеге асырылады және ҚР ҚПК 8-бабынан туындайтын міндеттерге жауап беруі тиіс.

2.2 Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің типтік жағдайлары (ситуациялары)

Әрбір қылмыс белгілі бір белгілері бар объективті шындық құбылысын білдіреді. Жеке белгілер қылмысты жасаудың әртүрлі тәсілдерінен, қылмыстық қол сұғушылық объектілерінен, субъектінің жеке қасиеттерінен және т.б., яғни қылмысты дараландыратын факторлардан тұратын ерекше құбылысқа айналдырады. Қылмысты дараландыратын сипатының болуы – оны тергеудің ерекшеліктерін білдіреді. Құбылыстардың белгілі бір тараптарының қайталануына байланысты жалпы белгілердің болуы қылмыстың жекелеген түрлерін тергеудің типтік әдістерін жасауға мүмкіндік береді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің қылмыстық оқиға мен қылмыскер туралы ақпараттың көлемі мен мазмұнына, процеске қатысушылардың мінез-құлқына және басқа да субъективті және объективті жағдайларға тәуелділігі криминалистикада тергеудің ситуациялық сипаты деп аталады. Криминалистика пәні туралы қазіргі ғылыми идеяларға сәйкес оған тек тергеу ғана емес, сонымен бірге тергеу әрекеттері де кіреді. Соңғысы ситуациялық сипатқа ие.

Дәл осы қылмыстық іс-әрекетке ситуациялық көзқарас әртүрлі қылмыстық жағдайларға байланысты ұқсас қылмыс түрлерін тергеудің нақты ерекшеліктерін көрсететін сараланған әдістемелік ұсыныстарды ғылыми әзірлеуге мүмкіндік береді (қай аймақта, жылдың қай мезгілінде, үй-жайда немесе одан тыс жерде қылмыс жасау жағдайы орын алды, қылмыс орнында куәгерлер болды ма және т.б.). Осыған байланысты криминалистикадағы қылмыстық жағдайлар мәселесін зерттеу, олардың ерекшеліктерін анықтау, жіктеу схемасын құру, ең алдымен, оларды тергеу кезінде қолданудың жалпы мәселелерін шешуге сөзсіз пайда әкелуі мүмкін, өйткені бұл қылмыстық жағдай бастапқы тергеу жағдайының ақпараттық қанықтылығын анықтайды.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу іс-әрекетінің ситуациясы қылмысты тергеу процесінде осы кезеңдегі негізгі міндеттің не екенін, қандай аралық нәтижелерге қол жеткізуге күш салу керектігін, дәлелдемелерді табудың немесе зерттеудің қандай құралдары мен әдістерін қолданыстағы жағдайда қолдануға болатындығын және т.б. бірнеше рет анықтау керек дегенді білдіреді. Тек осы негізде ғана тактикалық құралдарды, әдістер мен амалдарды дұрыс таңдауға болады.

Сонымен, қылмыстық іс қозғау, қылмысты ашу және тергеу, істі сотта қарау барысында күрделілік дәрежесі бойынша әр түрлі тиісті жағдай

туындайды, оның негізінде қылмыстық іс жүргізуге уәкілетті субъектілер ұйымдастырушылық, тактикалық және іс жүргізу шешімдерін қабылдайды және өз әрекеттерінің тиісті құралдарын, әдістері мен амалдарын таңдайды. Бұл қылмыстық іс жүргізу және криминалистикадағы әртүрлі факторлардың жиынтығына байланысты: орын мен уақыттың нақты шарттары, оның қатысушыларының мінез-құлқы, объективті шындықтың басқа процестерімен байланысы.

Криминалистика теориясы мен тергеу практикасы дәлелдегендей, кез-келген қылмысты тергеудің сәттілігі көбінесе тергеу кезінде қалыптасқан тергеу жағдайларын бағалауға және тергеудің тиісті бағыты мен әдістерін таңдауға байланысты. Осыған байланысты криминалистика мен жекелеген қылмыстарды тергеу әдістемесі бағытындағы оқу және ғылыми әдебиеттерде тергеу жағдайларының мәселелеріне көп көңіл бөлінеді.

Этимологиялық тұрғыдан алғанда, оқиға белгілі бір уақыт кезеңіндегі жағдайлардың, алғышарттардың, ахуалдың жиынтығын білдіреді. Тергеу жағдайының криминалистикалық анықтамасына келетін болсақ, сот сарапшыларында бұл мәселе бойынша пікірлердің толық бірлігі жоқ.

Кейбір авторлар тергеудің типтік жағдайын «тергеу жүргізілетін жағдайлардың жиынтығы» деп анықтаса [56, б.287-300], басқа ғалымдар бұл жағдайды қылмыстық іс бойынша тергеу жағдайын сипаттайтын ақпарат жиынтығы деп түсінеді [93, б.17].

Тергеу жағдайының тұжырымдамасын анықтауға қолда бар тәсілдерді жүйелей отырып, біз Р.С.Белкиннің пікірін қолдаймыз. Оның пікірінше, қылмыстарды тергеу қылмыс жасалған уақыт пен орынның, қоршаған ортасының нақты жағдайларында, объективті қызметтің басқа процестерімен, қылмыстық істі жүргізуге қатысты өзге де адамдардың мінез-құлқымен өзара байланыста және тергеуші үшін кейде белгісіз болып қалатын басқа факторлардың әсерінен жүзеге асырылады. Осылайша, тергеу жағдайын кеңірек түсіну ұсынылады. Оның мазмұнына ақпараттық мазмұнмен қатар бірқатар басқа да маңызды сипаттамалар енгізіледі, олардың өзара байланысы көрсетіледі. Бұл күрделі өзара әрекеттесу жүйесі нәтижесінде тергеуші әрекет ететін нақты жағдайды (және дәлелдеуге қатысатын басқа субъектілер), нақты тергеу актісі орын алатын жағдайды құрайды.

Тергеу жағдайының мазмұнын анықтайтын жағдайларды белгілеу мәселесі маңызды болып қалып келеді.

Бұл жердегі қылмыстық істерді тергеу жүзеге асырылатын жағдайлар объективті және субъективті факторлардың әсерінен үнемі өзгеріп отырады.

Объективті және субъективті факторларды анықтай отырып, Р. С. Белкин объективті факторлар - бұл жағдайдың өзгеруіне әкелетін тергеу қатысушыларына тәуелді емес себептер; субъективті факторлар - тергеу қатысушыларының және сот ісін жүргізу саласына белгілі бір дәрежеде тартылған басқа адамдардың әрекеттері мен мінез-құлқынан туындайтын себептер.

Тергеу жағдайын құрайтын жағдайлар жүйесі келесі компоненттерден тұрады:

1) психологиялық сипаттағы компоненттер;

2) ақпараттық сипаттағы компоненттер;

3) процестік және тактикалық сипаттағы компоненттер;

4) материалдық және ұйымдастырушылық-техникалық сипаттағы компоненттер.

Барлық осы компоненттердің үйлесуі тергеу жүргізудің әр сәтіндегі әрбір тергеу жағдайының жеке сипатын анықтайды.

Тергеу жағдайларын жіктеу мәселесі айтарлықтай қызығушылық тудырады. Әр түрлі авторлар бірқатар жіктеу схемаларын ұсынады, онда көптеген жағдайларда ситуациялық компоненттердің бірінің сипаттамалары жіктеу негізі ретінде әрекет етеді.

Осы классификациялардың белгілі бір қатыстылығы мен шарттылығын атап өту керек, өйткені кез-келген классификация негізінде екі фактор бар: статикалық және динамикалық, олардың өзгеретін комбинациясы бастапқы даусыз жағдайды аралық немесе соңғы дауға айналдыруы мүмкін және т.б.

Біздің зерттеуімізде сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ерекшелігін көрсететін факторларды ескеретін факторларды ғана егжей-тегжейлі қарастырамыз.

Осыған байланысты Л.Драпкин әзірлеген тергеу жағдайларының жіктелуі белгілі бір қызығушылық тудырады, оған сәйкес қарапайым және күрделі жағдайлар ерекшеленеді, соңғысы өз кезегінде: проблемалық; даулы; аралас; белгілі бір тәптіппен ұйымдастырылмаған; тактикалық тәуекелді жағдайлар болып бөлінеді.

Сыбайлас жемқорлық бойынша зерттелген 217 қылмыстық істі зерттеу барысында осы санаттағы істерді тергеуге тән жағдай ретінде тактикалық тәуекелді жағдайлар екендігін анықтадық [13]. Жоғарғы сот сайтынан таңдап алынған қылмыстық істерге контенттік талдау жүргізіліп, сотқа дейінгі және сот тергеуі барысындағы тергеу жағдайлары типтерге бөлінді. Нәтижесінде зерттелген қылмыстық істердің 55% сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу тактикалық тәуекелді жағдайларда өтетінін көрсетсе, қылмыстық істерді тергеудің 30% даулы жағдайларда жүргізілетінімен сипатталды. Жоғарыда аталған тергеу жағдайларының өзге түрлері сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеуде сирек қолданылатынын анықтадық. Мазмұны бойынша бір-біріне жақын тактикалық тәуекелді және даулы жағдайлардың жиі қолданылуы осы категориядағы істерді тергеп-тексерудің құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты болып келеді.

«Тәуекел» термині жеке немесе заңды тұлғаның пайдасына зиян келтіру, қауіп төндірудің кез-келген мүмкіндігін білдіреді. Ресей ғалымы Белкин Р.С. «тактикалық тәуекел тергеудің табиғи құрамдас бөлігі болып табылады. Тергеу ерекшелігінің өзі тактикалық тәуекел жағдайында шешім қабылдауды типтік құбылысқа айналдырады. Осы жағдайдағы тергеушінің негізгі міндеті - ең аз тәуекелді стратегияны таңдау, шешімнің ықтимал теріс салдарын

болжау және осы салдарды болдырмау немесе жеңілдету шараларын алдын ала ойластыру, яғни тәуекелді азайту. Басқаша айтқанда, тәуекел – бұл таңдау жағдайында жүзеге асырылатын қызмет, сәтсіздікке ұшыраған жағдайда таңдау жасағанға дейінгі уақытқа қарағанда нашар жағдайда болу қаупі бар» [56, б.301].

Біз зерттеп отырған сыбайлас жемқорлық қылмыстарының түрлеріне қатысты істерді тергеуге тән тактикалық тәуекел жағдайының маңызды сипаттамасы алдын ала тергеуді жүзеге асыратын адамға міндетті табысқа кепілдік беретін шешімдердің болмауы болып табылады. Бұл қылмыстық іс-әрекет субъектілерінің ерекшеліктеріне және олар қолданатын қарсы тұру әдістеріне байланысты екені анық.

Біз жүргізген зерттеуге сәйкес, қылмыстың осы түрлеріне бірнеше түрлі қарсы тұру әдістерін кешенді қолдану тән.

Осыған байланысты, тактикалық тәуекел жағдайлары тергеуге қарсы тұрудың көптеген тәсілдерінің нәтижесінде пайда болуы мүмкін деген қорытынды жасауға болады және олардың көптігі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергейтін адамға қарсылас тарапқа әрдайым қандай да бір мүмкіндік қалдырып, қарсы тұрудың ықтимал тәсілдерін сенімді түрде болжауға мүмкіндік бермейді.

Бұдан басқа, сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстық істерді тергеу кезінде туындайтын тактикалық тәуекелдің жоғары дәрежесі оның субъектілерінің қарсы іс-қимылы маңызды дәлелдемелік ақпаратты тасымалдаушы болып табылатын объектілерге бағытталғандығына байланысты:

- құжаттарға: кінәлі адам тергеп-тексерген және оның лауазымдық міндеттерін атқаруға байланысты қылмыстық іс-әрекеттер жасауына қатысты дәлелді ақпараты бар қылмыстық істің материалдары; судьялардың пайдакүнемдік мүдделілігін көрсететін сот шешімдері;

- айғақтары немесе қорытындылары сыбайлас жемқорлық субъектілерінің (лауазымды адамдардың) құқыққа қайшы іс-әрекеттерін әшкерелеуде айрықша маңызы бар куәларға, сарапшыларға.

Сонымен қатар, біз зерттеп отырған сыбайлас жемқорлық қылмыстарының басқа қылмыстардан ерекшелігі осы қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізетін адамға әсер етудің жоғары деңгейінде екенін де айтқымыз келеді.

Қылмыс субъектісінің (әлеуетті жемқор деп танылған адам) тарапынан тиімді қарсы іс-қимыл көрсету мүмкіндігі, тергеу әрекеттері мен жедел-іздестіру іс-шараларының нәтижелерін болжаудың мүмкін еместігі, әлеуетті қылмыскердің тарапынан жасалған қылмыстық іс-әрекеттер мен оның жоспарлары туралы хабардың шектеулі болуы - осының барлығы тактикалық тәуекел жағдайларының туындауын негіздейді.

ҚР ҚПК 75-бабында көрсетілген мән-жайларды анықтау үшін жеткілікті дәлелдемелер алудың мүмкін болмауы біздің әдістемемізде тактикалық тәуекел ретінде қарастырылады.

Осылайша, Тараз қаласы прокурорының орынбасары К. Есімді азаматтың сыбайлас жемқорлық әрекеттерін тергеу барысында оған қатысты бұрын екі рет қылмыстық істер қозғалғаны, дәлелдемелердің жеткіліксіздігіне байланысты тоқтатылғандығы, сондай-ақ тергеу жүргізетін адамдарға әсер ету фактілері анықталғаны анықталған [106].

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің сипатын анықтаудағы маңыздылығы бойынша даулы жағдайлар тактикалық тәуекел жағдайларынан кейін келесі орынды алады. Даулы жағдайларда, тактикалық тәуекел жағдайындағыдай, тергеу жүргізетін адамға қарама-қарсы мақсаттары бар субъект қарсы тұрады. Бірақ егер қарсылас тараптардың ықтимал жоспарлары мен ниеттері туралы өзара ақпараттық хабардарлық факторы тактикалық тәуекелді жағдайларды анықтайтын фактор деп есептемесек, даулы жағдайларда осы жағдайдың қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді.

Сыбайлас жемқорлық қылымыстарын тергеу кезінде туындайтын даулы жағдайлардың маңызды ерекшелігі – қылмыс субъектісінің (әлеуетті жемқор – әдетте лауазымды тұлға) немесе олардың әріптестері тарапынан алдын ала тергеуді жүзеге асыратын адамға тактикалық қарсы іс-қимылды ұйымдастыруында болып табылады.

Сонымен қатар, психологиялық фактор да маңызды. Ықтимал қылмыстық жазадан қорқу, кенеттен ұсталудан абыржу, қарсыласуға деген ұмтылыс тергеу жүргізіліп жатқан адамдарда жанжал туғызатын мінез-құлық түрлерін тудырады немесе тудыруы мүмкін.

Мұндай жанжалды мінез-құлық әртүрлі формаларға ие болуы мүмкін. Бұрынғы лауазымды адамға қатысты қылмыстық істерді тергеу кезінде туындайтын даулы жағдайлардың өзара байланысына және оларға қарсы әрекет ету тәсілдеріне қатысты зерттеулердің нәтижелері келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Тактикалық тәуекелді жағдайлардан айырмашылығы, бұл жерде тергеуді жүргізушілерге, куәлар мен сарапшыларға олардың жеке басына нұқсан келтіретін мәлімдемелер түрінде әсер ету жетекші орын алады. Осындай жағдай Еңбекшіқазақ ауданының полиция басқармасы бастығы Н. есімді азаматтың жемқорлық әрекетін тергеу барысында осы азаматтың тарапынан БАҚ мен өзге де масс-медиада бірнеше рет ауданда «прокурорлық мафия» деп аталатын құрылымның бар екені, оның мақсаты оны қызметінен шеттету туралы екенін мәлімдеген хабарлар таратқан [107].

Біз қарастырып отырған субъектілер санатының (әдетте лауазымды тұлғалар) сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеуде көптеген жанжалды факторлар тән. Көбінесе олар заңдылықпен, әртүрлі тергеу әрекеттерінің негізділігімен және іс жүргізу шешімдерін қабылдаумен, тергеу әрекеттерінің нәтижелерін бағалаумен байланысты болып келеді. Соның ішінде, өзіне сыбайлас жемқорлық қылмысына қатысы бар деп іс қозғалған құқық қорғау және сот органдарының қызметкерлері өздерінің арнайы білімдері мен кәсіби тәжірибелерін пайдалануға ұмтыла отырып, тергеу әрекеттерін жүргізуге

кедергі келтірудің немесе оларға өзге де процестік баға берудің түрлі тәсілдерін қолдануға тырысады [107].

Л.Драпкиннің пікірінше, қақтығыс жағдайлары және тактикалық тәуекелді жағдайлар «практикада көбінесе аралас түрде кездеседі» [108, б.23-33]. Осы көзқараспен келісе отырып, біз зерттеп жатқан сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша тергеу жүргізетін сауалнамаға қатысқан тергеушілер тактикалық тәуекел жағдайлары мен қақтығыс жағдайлары санының арақатынасын көрсете отырып, олардың өзара тәуелділігі мен бір-бірімен үйлесімділігін жиі атайтынын байқадық (*Қосымша Ә*). Респонденттердің 42% сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексерудің бастапқы кезеңінде күдіктілердің көпшілігі өздерінің қылмысқа қатыстылығы жоқ деп айтатынын белгілей келе, өз жауаптары ретінде олардың тарапынан қарсылықтар, ықпал етулер кездесетінін 27% сауалнамаға жауап берушілер белгілеген.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің типтік жағдайларын оның практикасының жалпылама нәтижелеріне неғұрлым сәйкес келетін келесі бір жіктеу: ***типтік және нақты жағдайлар*** деп атаймыз.

Бұл жіктеудің айтарлықтай әдістемелік және практикалық маңызы бар, өйткені ***типтік жағдай*** сыбайлас жемқорлық қызметін тергеудің бастапқы кезеңінде туындайтын тергеу жағдайларын түзету үшін өте айқын негіз болып табылады.

Типтік жағдайды және ықтимал типтік нұсқаларды белгілі бір жағдаймен салыстыра отырып, тергеуші ең дәл тергеу нұсқаларын құруға, одан әрі тергеудің оңтайлы бағыттарын анықтауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, типтік жағдайға сәйкес келетін ұсыныстарға назар аудару бастапқы тергеу әрекеттерінің (соның ішінде шұғыл) кешенінде жақсы бағдарлануға, тергеудің әрбір нақты жағдайында олардың кезектілігін таңдауға мүмкіндік береді.

Нақты тергеу жағдайы тергеудің белгілі бір сәтінің жекелеген тұстары мен ерекшелігін көрсетеді. Осыған байланысты ол көптеген ерекшеліктерді қамтиды. Сонымен қатар, әр жағдайда оны сол типтегі басқа жағдайларға, яғни типтік жағдайларға ұқсас ететін бірқатар белгілер болады. Демек, типтік жағдайларды анықтау процесі – бұл оны жекелеген жағдайлардан ажырату, ал оның қолданбалы мәні – тергеу жағдайларын жіктеу және сол арқылы жекелеген криминалистикалық әдістерді қалыптастыруда жатыр. Нақты жағдайдың ерекшелігін анықтау осы әдістерді дұрыс қолдану және тергеудің процедуралық, тактикалық және басқарушылық міндеттерін шешу үшін қажет.

Тергеу жағдайлары үнемі өзгермелілігімен ерекшеленеді, өйткені олардың құрамдас элементтері жекеше де, сондай-ақ бір-бірімен де үйлесімде де үнемі өзгеріп отырады. Өзгергіштік, ең алдымен, тергеп-тексеру мен тергеу қызметінің бүкіл жүйенің функцияларының арақатынасына (теңгерімді немесе теңгерімсіз) тән. Жекелеген тергеу жағдайының нақты мазмұны оның өзгеруінің бағытын айқындайды. Тергеуге қатысушылар мен тергеуге қатысы бар өзге де адамдардың белгілеген шараларды жүзеге асыруы тергеу жағдайының сапалық өзгерісіне алып келеді. Сонымен, қылмысты тергеудің

барлық міндеттері шешілгенге дейін осылай жалғасады. Осыны ескере отырып, тергеу жағдайлары бастапқы, аралық және соңғы болып бөлінуі мүмкін.

Айта кетуіміз керек, тергеу жағдайларын жіктеу (типтерге бөлу) оны құрайтын компоненттердің біреуінің ғана негізінде жүргізіледі, дәлірек айтсақ, оны құрайтын элементтердің біреуінің негізінде ғана типтерге бөле аламыз. Әдетте типтік бөлудің объектісі ретінде ақпараттық сипаттағы компонентке қатысты элемент таңдалады, атап айтқанда оқиға және оның қатысушылары туралы ақпараттың болуы.

Типтерге бөлудің бұл түрі тергеп-тексерудің бастапқы кезеңіне тән және криминалистикалық маңызды ақпараттың болуымен және оның тергеушінің немесе прокурордың шешім қабылдауы үшін оның жеткіліктілігімен сипатталады. Сондықтан, бастапқы кезеңде тергеуді ұйымдастыру негізінен ақпаратпен жұмыс істеуге, атап айтқанда оны қабылдауға, талдауға, өңдеуге, бағалауға, жүйелеуге, синтездеуден тұрады. Бастапқы ақпаратты өңдеу нәтижелері негізінде нұсқаларды ұсыну жүзеге асырылады және тергеу міндеттері анықталады, тергеуші шешімдер қабылдайды, оларды орындауды ұйымдастырады және процестің барлық қатысушыларының орындауын бақылайды.

Бастапқы кезеңдегі тергеу жағдайлары тұрғысынан сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің өзіндік ерекшелігі бар. Тергеу жағдайы үшін аталған қызметті тергеудің бастапқы кезеңі келесідей ақпараттың болуымен сипатталады:

- жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы бастапқы деректердің көзі туралы (азаматтың өтініші, өзге көздерден дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыс туралы хабарлама);

- қылмыстың нақты субъектісі (әдеттте лауазымды адамы) туралы;

- оның пайдакүнемдік ниеті туралы (оған үнемі төленетін, бұл жағдайда оған ұсынылатын немесе ол бопсалайтын сыйақы, басқа мүліктік емес пайда алу);

- оның қызметтік әрекеттерінің (заңды немесе заңсыз) немесе әрекетсіздігінің сипаты және олардың орындалу фактісі туралы (сыйақы үшін уәде етілген әрекеттер қазірдің өзінде жасалғаны немесе тек жоспарланғаны).

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің сәттілігі көбінесе қылмыстық оқиғаның мән-жайлары мен оның қатысушылары туралы бастапқы кезеңде алынған ақпараттың қайнар көзіне, көлеміне және дұрыстығына байланысты. Бастапқы тергеу әрекеттерін таңдау және оларды жүзеге асырудың дәйектілігі сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат көзіне де байланысты.

Жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы бастапқы деректердің көзіне байланысты тергеу және сот практикасын зерделеу және жүйелеу процесінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарды тергеудің бастапқы кезеңінде қалыптасатын мынадай ***типтік жағдайлар анықталды***:

1) мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік ұйымдар қызметкерлерінің өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі (заңды және құқыққа қайшы) аталған қызмет көрсеткені не көрсетпегені үшін сыйақы бопсалағаны туралы ақпарат азаматтың тергеу органына берген арыздан белгілі болған;

2) тергеу органы сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы ақпаратты өзінің жедел шаралары нәтижесінде (жасырын көздерден) алған;

3) сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында және онлайн-платформаларда жарияланды;

4) сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы ақпарат жасырын түрде берілген.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық қызметі туралы ақпаратты алу уақытының арақатынасына және оларға мүдделі тұлғаның пайдасына қызметтік әрекеттерді жасағаны не жасамағаны үшін сыйақы беру фактісіне байланысты жоғарыда көрсетілгендерден мынадай жағдайлар бөлінуі мүмкін:

- тергеу органы әлі орындалмаған заңды немесе заңсыз ресми әрекеттер үшін уәде етілген, бопсаланған немесе талап етілген сыйақы туралы ақпарат алды;

- тергеу органы ресми әрекеттер үшін немесе бұрын жасалған заңсыз әрекеттерге байланысты ықтимал, болжамды төлемнің аударылуы туралы ақпарат алды;

- мемлекеттік органның немесе квазимемлекеттік ұйымның жемқор лауазымды тұлғасы және өзіне қатысты осы лауазымды тұлғамен қажетті немесе қылмыстық әрекеттер жүзеге асырылып жатқан мүдделі адам заңсыз сыйақыны беру сәтінде қолға түседі;

- мүдделі адамға пайда әкелетін әрекеттер бұған дейін-ақ жүзеге асырылған болуы мүмкін;

- заңсыз сыйақы берілгені туралы ақпарат оны бергеннен кейін келіп түсті, мүдделі адамның пайдасына қажетті немесе құқыққа қайшы қызметтік әрекеттер ертеректе жасалған;

- парақорлық фактілері туралы көптеген ақпарат ұзаққа созылған тергеу нәтижесінде, сыбайлас жемқорлыққа қатысты көптеген шағымдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік ұйымдарда құқық бұзушылықты анықтаған тексерулердің қорытындылары негізінде алынды.

Тергеудің бастапқы кезеңіндегі жағдайдың сипатына және нақты дәлелдердің қолжетімділігіне қарай оқиғаның жалпы сипаты мен оның нақты мән-жайларына қатысты тергеу болжамдары ұсынылады. Қылмыстық тергеу процесінің ситуациялық сипатын ескере отырып, тергеу гипотезасы тергеушінің бастапқы деректерге (фактілік негізге) қатысты мүмкін және ықтимал түсіндірмелердің бірін ұсынатын орынды болжам ретінде анықталады. Бұл негізде, теориялық шеңбермен бірге іс үшін әлі дәлелденбеген (беймәлім) мән-жайларды ықтималдық (анықталмаған) дәрежесінде анықтауға мүмкіндік беретін тергеушінің ақылға қонымды болжамы ретінде анықталады.

Тергеу болжамдарын дұрыс қалыптастыру үшін бірқатар шарттар орындалуы қажет.

Нұсқаларды құруға мүмкін болатын шарттардың бірі объективті және логикалық негіздердің болуы болып табылады. Яғни тергеп-тексеріліп жатқан оқиғаның немесе оның жекелеген жағдайларының болжамды түсіндірмелерін ұсынуға мүмкіндік беретін нақты мәліметтер жиынтығы және де белгілі бір нұсқаны құру үшін негіз болатын фактілердің көпшілігі оны ұсыну кезінде сенімді түрде анықталуы керек, бірақ бұл алдын ала жеткіліксіз тексерілген, соның ішінде процестік заңнамаға сәйкес емес алынған ақпараттарды негіз ретінде пайдалану мүмкіндігін жоққа шығармайды. Осы жерде тергеушінің қолында бар фактілер туралы ақпарат осы фактілер байланыстарының мәні мен сипатына болжамды түсініктемелер беруге объективті әрі жеткілікті мүмкіндік беруі маңызды. Әйтпесе, барлық "теориялық мүмкін" болжамдарды тексеру көп уақытты алады және тергеуді қиындатады.

Тергеу нұсқаларын дұрыс әзірлеудің тағы бір қажетті шарты – қылмыс дайындалған және жасалған жағдайларды зерттеу.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексеруде нұсқаларды құрудың ерекшелігі, оларды ұсыну анықтау органдарының жедел-іздестіру қызметі, прокуратура органдарының тексеру әрекеттері нәтижесінде алынған немесе жасалған немесе дайындалып жатқан қылмыс туралы азаматтардың арызы мен хабарламаларында қамтылған нақты деректер негізінде қылмыстық іс қозғалғанға дейін де жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, жедел-іздестіру нәтижелері немесе тексеру деректері тергеудің бастапқы кезеңінде ұсынылған нұсқалардың нақты базасын құрайды. Дегенмен де, бұл деректер олардың жеткіліксіз немесе анық емес болуы бастапқы тергеу нұсқасын құрудың нақты базасы ретінде жеткіліксіз деп, қосымша тексеру немесе жедел-іздестіру әрекеттерін жүргізу қажеттілігін тудырады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы істер бойынша нұсқаларды құрудың ерекшелігі, әсіресе талданатын қылмыстар жасауға күдікті адамдарға қатысты нұсқалардың салыстырмалы түрде тар шеңберін ұсыну болып табылады. Бұл жағдай ішінара белгілі бір мемлекеттік органда немесе квазимемлекеттік ұйымдарда қызмет атқаратын лауазымды тұлғаның қызметтік функциялары арқылы көрінеді. Алайда, ұсынылған нұсқалардың саны мен нақтылығы бастапқы ақпараттың көлемі мен сапасына байланысты. Бастапқы ақпарат неғұрлым толық болса, белгіленген жағдайларға қатысты іс бойынша нұсқалар неғұрлым нақты және аз болады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексерудің бастапқы кезеңінде ұсынылған барлық нұсқалар қылмыс оқиғасының болуы немесе болмауы туралы болып келеді. Айтар болсақ:

1) мемлекеттік орган не квазимемлекеттік ұйым қызметкерінің келесі бір мүдделі тұлғаның пайдасына тиісті немесе құқыққа қарсы қызметтік әрекеттер жасағаны не жасамағаны үшін сыйақы алу (не оны алуға даярлық) фактісі орын алады;

2) аталмыш органдардың қызметкеріне жала жабылды және оның қылмыстық ұйымдармен байланысы немесе парақорлық фактілері расталған жоқ;

3) үшінші тұлғаға қатысты мемлекеттік орган немесе квазимемлекеттік ұйым қызметкерінің жасаған қызметтік әрекеттерінің себебі жеке бас пайдасын табу емес, өзге себептер болған. Дегенмен де қызметтік әрекет жасалған;

4) парақорлықтың белгісі ретінде қарастырылатын кейбір әрекеттердің заңды негізі бар (қарызды өтеу, сыйлық);

5) сыбайлас жемқорлық қылмыс құрамына ұқсас белгілері бар өзге қылмыстар жасаған.

Осы нұсқаларды зерттегеннен кейін немесе олармен қатар (жағдайларға байланысты) басқа да нұсқалар ұсынылуы мүмкін:

1) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасалған, жасалып жатқан немесе жасалатын орын, уақыт пен жағдайлар, сондай-ақ соның нәтижесінде сыйақы алынған орын, уақыт пен жағдайлар;

2) мемлекеттік орган не квазимемлекеттік ұйымның лауазымды тұлғаларына пара ұсынуға, пара беруге немесе оларды тәуелділік жағдайына қоюға, сондай-ақ қылмыстық ұйымға ресми ақпарат беруге қолданылатын әдістер (тактикалар, процедуралар және техникалық құралдар);

3) сыбайлас жемқорлық қылмысын жасырудың тәсілдері;

4) сыбайлас жемқорлық қылмыстарының іздері туралы. Олар:

а) тергеушімен табылмаған, алайда қалуы тиіс;

ә) сыбайлас жемқорлық қылмысы жасалған жағдайлар мен қолда бар ақпаратқа сүйенсек қалуы мүмкін;

б) болашақта қалуы ықтимал (мысалы, заңсыз сыйақыны бергенде бұлтартпас айғақтармен ұсытау жоспарланса).

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық қылмысының сипаты туралы нұсқалар ұсынылуы мүмкін:

1) заңсыз сыйақы алу бір реттік қана болған оқиға;

2) параға сатып алумен байланысты сыбайлас жемқорлық қатынастары ұзақ уақыт бойына жалғасып келеді және жүйелі түрде жасалған.

Пара беру құралы ретінде немесе сыбайлас жемқорлық қылмыстарды тергеу кезінде пара ретінде пайдаланылатын ақша, құндылықтар және өзге де мүліктің шығу көзі туралы нұсқалар оларды жинау және сыйақы ретінде беру фактісінің ықтимал куәларды анықтау мақсатында ғана ұсынылады. Пара ретінде ұсынылған қаражаттың, құндылықтардың т.б. заңды түрде немесе заңсыз жиналғандығы әдетте анықталмайды.

Жалпы нұсқаларды ұсыну тергеу жағдайын жекелеген нұсқаларды ұсыну және қандай да бір іске қатысты мән-жайларды егжей-тегжейлі тексеру нәтижесінде жалғасуы керек.

Айта кету керек, тергеу нұсқаларын құру тергеудің өте жауапты сәті болып табылады, бұл іс бойынша қылмысты ашу үшін өте маңызды және тергеу мақсаттары мен тергеу әрекеттерін нақтылау үшін қажет.

Тергеу органдарының нұсқаларының мазмұны мен тексеру қызметінің тергеп-тексеру кезінде қалыптасқан тергеу жағдайларына, яғни бастапқы ақпараттың көлеміне, мазмұны мен көзіне тәуелділігін бақылай отырып, бөлінген типтік тергеу жағдайларының тергеу бағыттарымен логикалық байланысын атап өту қажет.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасау орны, шарты мен жағдайларының ерекшеліктері. Материалдық құндылықтарды беру орнын таңдау ең алдымен оның сипатттамасына байланысты. Егер қылмыстың пәні болып ақша, басқа да құндылықтар немесе мүлік табылса, онда оны беретін орын ретінде қызметтік кабинет, пәтер, көлік, үйдің подъезі, қонақжайдағы бөлме, арнайы анықталған көшеде немесе саябақта, көпшілік көлік, ресторан, кафе, түнгі клуб, казино, баня және т.б. орындар таңдалады.

Кейбір кезде қылмыскерлер үстемақы рәсімдеу, «жалақы» төлеу, «қарыздарын» өтеу, өзінің туыстарын жұмысқа алу, шот ашу немесе банкке несие беру арқылы құндылықтарды өз пайдасына пайдаланады.

Көбіне қылмыскерлер заң жүзінде жасалып жатқан тәріздес етіп көрсеткісі келеді, қылмыс жасайтын орын мен тәсілді алдын-ала ойластырады, жасырын түрде болуын қарастырады. Сонымен қатар, олар іздерді жоюға, яғни алған ақшаларын немесе құндылық заттарын жоюға, заңсыз әрекеттерін заңдастыруға тырысады [109, б.87].

Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасау тәсілі және типтік жағдайлар (іздер). Қылмыс жасау тәсілі бойынша сыбайлас жемқорлық бірнеше түрге бөлінуі мүмкін. Осылайша, заңсыз әрекеттер жасау, мысалға, басшы қызметкердің ақша қорларын жымқырып қалу, заңсыз төлемақы төлеу, сыйақы алу, т.б. Бірақ қылмыскерлер ізін жасыру үшін әртүрлі айла қолданғанымен, бәрібір әрқашанда оның құқыққа қайшы әрекет жасағандығы туралы іздері қалады.

Бұндай жағдайда типтік іздер ретінде келесілер танылады:

- материалды – бекітілген іздер; ақшалар, бағалы заттар, квитанциялар, басқарушылық, бухгалтерлік, тіркелген құжаттар, сонымен қатар, қарым-қатынас әрекетінің нәтижесінде пара алушының үстінде, денесінде қалған аяқ, қол, көлік іздері және биологиялық қалыптасатын іздер (мысалға, темекінің қалдығында қалдырылған сілекей, далаптың қалдырылған іздері) және т.б.

- қылмыстың жақсы іздері – сыбайлас қылмысының қатысушыларынан, олардың жанұя мүшелерінен алынған мәліметтер.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу барысында келесі жағдайлар қарастырылады:

- Пара алу, лауазымды тұлғаны сатып алу фактісі орын алды ма;

- Пара алу, сатып алудың пәні болып не табылады, көрсетілген қызметтің эквиваленті немесе берілген құндылықтардың қандай екендігін анықтау;

- Сыбайлас жемқорлық қылмысын жасап отырған тұлға – лауазымды тұлға болып табылады ма, оның қызметтік өкілеттігі қандай, қылмысқа қатусышылармен байланысы қандай;

- Сыбайлас жемқорлыққа барған басқа тұлғалар туралы мәліметтер және де сатып алып отырған тұлға лауазымды тұлға болып табылады ма;

- Параны қорқытып алудың орын алмауы немесе орын алмауы;

- Сатып алудың мақсаты, ниеті;

- Қылмыстың жағдайлары: орны, уақыты, пара беру тәсілі;

- Пара беруге, сатып алуға беріліп отырған ақша қаражатының қайнар көздері;

- Сыбайлас жемқорлыққа барып отырған тұлғаның қызметтік әрекетінің сипаттамасы;

- Қылмысқа қатысушылардың жасаған әрекетінде қылмыс құрамының болуы және де жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайлар немесе қылмыстық жауаптылықтан босататын жағдайлар (мысалға, қорқытып алушылық орын алса, пара берушінің құқық қорғау органдарына өз бетінше хабар беруі);

- Қылмыс жасауға итермелеген жағдайлар мен шарттар.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарына байланысты қылмыстық іс қозғаудың негізі болып төмендегілер танылады:

- азаматтардың арызы мен хаттары;

- бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде берілген мақалалар мен белгілеулер;

- өзі мойындау;

- ревизиялық басқармалардың, салық полициясының мәліметтері, мекеме, ұйым, бірлестіктердің әкімшіліктерінің хабарламалары;

- қылмыс белгілерін тікелей тергеушілердің, анықтаушылардың прокурор немесе соттардың анықтауы;

- жедел-іздестіру қызметін жүргізу негізінде алынған мәліметтер (тиісінші тексеруші тергеу әрекеттерін жүргізгеннен кейін).

Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес сыбайлас жемқорлыққа байланысты істі қозғау үшін осы қылмыстың орын алғандығы жайлы арыздарды, хабарламаларды алдын ала тексеруден өтеді. Бұндай тексеру қылмыс туралы мәліметтердің арыз бен хабарламаларда болмауына байланысты жүргізіледі. Бұл тексеру жария (ресми) және жария емес (жедел-іздестіру жолымен) түрде жүзеге асырылады [110, б.111].

Ресми тексеруді тергеуші сәйкесінші мекеменің, яғни күдіктінің жұмыс істейтін орны бойынша есебі мен бақылауымен танысу мақсатында жүргізеді, олардың дұрыс жүргізіліп, түрлі инстанциялардан өтуі; күдіктінің өкілеттігін, қызметін анықтайды; Ішкі істер органдарында, прокуратурада, Салық полициясында тергеліп жатқан істерге қатыстылығын да анықтайды.

Жедел-іздестіру қызметінің тексеру әрекеттерін жүргізу барысында жедел-анықтама және криминалистикалық тіркеудің мәліметтерін пайдаланылады; сыбайлас жемқорлық қылмысына қатысы бар субъектілер жайлы мәліметтер жинайды; қылмысқа қатысушылар мен куәлерді анықтайды.

Жақсы нәтижеге жету үшін жария және жария емес тәсілдерді байланыстыра отырып пайдаланылған жөн. Бірақ бұл туралы күдіктінің білмеуі үшін шаралар пайдаланған дұрыс.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін, оған нақты тұжырым беру – күрделі эволюциялық процесс. Сыбайлас жемқорлықтың интегралды сипатына байланысты бүгінге дейін оған нақты тұжырымдама беру қиынға соғып тұр. Дегенмен сыбайлас жемқорлыққа анықтама беру құқықтық салаға жатады.

Заң әдебиеттерінде сыбайлас жемқорлықтың екі түрін белгілейді. Олар саяси және экономикалық. Саяси жемқорлықтың дамуы демократиялық институттарға және биліктің тармақтарына үлкен әсер тигізеді және үлкен бақылауға алынбайтын саяси жағдайларға әкелуі мүмкін. Экономикалық жемқорлық нарық институттары мен мемлекеттің қызметінің деңгейін түсіреді.

Сонымен қатар, элиталық және тұрмыстық сыбайлас жемқорлық бар. Элиталық жемқорлықтың әлеуметтік жағдайы жоғары субьектілерімен, жасалуы интелектуалдық тәсілдермен; ірі және материалдық шығынға ұшыратуымен; жеке және моральдық зардапқа алып келуімен, соның ішінде жасалған құқық бұзушылықтың латенттілігімен сипатталады.

Сыбайлас жемқорлықтың шартында екі тараптың қызығушылық танытады және де олардың кем дегенде біреуі мемлекеттік қызметте жұмыс істейді. Мысалы: шенеунік өз басшысына пара бере отырып оның пара алуын жасырады. Мекеменің қызметшісінің заңсыз баюына және мекеменің мүддесін бұзу екінші жақтың сол арқылы өз пайдасын көздеу.

Халықаралық әріптестік негізінде құрылған мекемелерде жемқорлықпен күресу ұлттық компанияларда күресуге қарағанда әлдеқайда төмен. Жемқорлықтың халықаралық экономикалық серіктестікте пайда болуының себебі шетелдік капитал болып табылады [111, б.230]. Жемқорлықтың механизмі: екі жақты мәміле, мемлекеттік қызметте жүрген қызметкерлердің заңсыз өз қызметтік лауазымын сатуы, мемлекеттік қызметкерлерден пара алу, және қосалқы сый-сияпатын алу, психикалық мәжбүрлеу арқылы, белсенді мемлекеттік қызметкерлерді сатып алу.

Сыбайлас жемқорлық көп деңгейлі және көп салалы мазмұнды, логикалық көлемде құрайтын кешен болып табылады.

Соған қатысты ғылыми зерттеулердің нәтижелерінде сыбайлас жемқорлықтың қазіргі кезде негізгі түрлері:

а) мемлекеттік басқарудағы жемқорлық;

ә) қызметтік белсенділікті арттырудағы жемқорлық (халықаралық бизнес және ұлтаралық бизнес);

б) жоғарғы саяси эшелонда және әкімшілік және қаржылық саладағы жемқорлық болып бөлінеді.

Сыбайлас жемқорлықтың көптеген формалары бар. Олар пара алу, фаворотизм, непотизм, протекционизм, лоббизм, заңсыз саяси салаларды қолдау, заңсыз жеңілдік предиттерді ұсыну, жеке қатынастарды қоғамдық

ресурстарды пайдалану үшін қолдану және тағы басқа. Постсоветтік мемлекеттерде дәстүрлі мемлекеттік қызметкерлерді сатып алу, жаңа тәсілдері: шетелдік жол жүру шығынын көтеру, жеңілдетілген кредиттер, түрлі қызметтер көрсету, мемлекеттік аппараттан шыққаннан кейін жоғары лауазымды қызметпен қамтамасыз ету.

Жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар төмендегідей түрлерде қарастырылады:

- жемқорлық бұзушылықтар материалдық және өзге де мүмкіндіктермен қамтамасыз ету;

- қызметтік жағдайын пайдалана отырып жемқорлыққа ықпал ете отырып жасалған құқық бұзушылықтар.

Сыбайлас жемқорлықпен байланысты ылмыстарды қасақана жасалған қылмыстарға жатады, сатып алуға бағытталған. Сыбайлас жемқорлықтың нақты диференцияланған қылмыстардың субьектілері мемлекеттік мекемедегі қызметтік тұлғалар және жергілікті басқару органдары, қарулы күштер және басқа да әскери қызметкерлері.

Қорыта айтқанда, сыбайлас жемқорлықты тергеудің алғашқы кезеңінде үш типтік жағдай (ситуация) болуы керек:

Қылмысты жасаған күдікті ұсталды.

Жүргізілетін тергеу әрекеттері:

а) ұстау;

ә) оқиға болған жерді қарау;

б) күдіктіден жауап алу;

в) жәбірленушіден және куәдан жауап алу;

г) күдіктіге куәләндіру жүргізу;

д) күдіктінің тұратын жайын тінту;

е) жеке тінту.

Сыбайлас жемқорлықты жасаған адам ұсталмаған, бірақ оның кім екені туралы мәліметтер бар.

Жүргізілетін тергеу әрекеттері:

а) жәбірленушіден және куәдан

ә) жауап алу;

б) оқиға болған жерді қарау;

в) сараптама тағайындау;

г) жедел іздестіру шараларын жүргізу.

Қылмысты жасаған адам туралы мәліметтер жоқ немесе жоқ есебінде. Тергеуші көбінесе зерттеулік не іздеу жұмыстарына көңіл бөлу керек. Бұл жағдайда тек қана бір тергеу әрекеті жүргізіледі: а) оқиға болған жерді қарау ә) алынған іздерді криминалистикалық т.б. тіркеуде бар-жоғын тексеру.

3 СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖҮРГІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

3.1 Сыбайлас жемқорлық оқиғасы болған жерді қарау

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша оқиға болған жерді қарау – қылмыстық құқық бұзушылықтың материалдық, құжаттық және цифрлық іздері сақталған кеңістікті тікелей қабылдау, зерттеу, бекіту және алуға бағытталған кейінге қалдыруға болмайтын тергеу әрекеті. Оның ерекшелігі – коррупциялық мәміле көбіне жасырын жағдайда өтеді, қатысушылар із қалдырмауға ұмтылады, ал қылмыстың мәні бір ғана үй-жайдан емес, ақша қозғалысы, басқарушылық шешім, электрондық хат алмасу, қызметтік құжат пен адамдардың өзара байланысы арқылы ашылады. Сондықтан бұл санаттағы істерде «оқиға орны» ұғымы дәстүрлі физикалық аумақпен шектелмей, бір-бірімен байланысты бірнеше материалдық және цифрлық торапты қамтитын кешенді тергеу кеңістігі ретінде қарастырылуға тиіс.

Оқиға болған жерді сапалы қарау тергеушіге қылмыс механизмі жөніндегі бастапқы болжамды тексеруге, параның немесе заңсыз сыйақының берілу фактісін, делдалдардың рөлін, лауазымды адамның өкілеттігін іске асыру тәсілін, бюджет қаражатын иемденуге немесе сатып алу рәсімін бұрмалауға байланысты әрекеттерді дәлелдеуге мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлықты тергеудің пәнаралық сипатын зерттеген Д. Магереску криминалистикалық құралдар арқылы алынған мәліметтерді қылмыстық процесте дұрыс басқару дәлелдеменің жарамдылығы үшін шешуші екенін көрсетеді [112, б.1239-1270]. Демек, қараудың нәтижелілігі табылған заттардың санымен емес, олардың оқиға механизмімен байланысының түсінікті және тексерілетін түрде көрсетілуімен бағаланады.

Қараудың танымдық маңызы тергеушінің оқиға ортасын тікелей бақылауынан көрінеді. Куәгердің жауабы немесе құжаттың мазмұны белгілі бір адамның қабылдауына не құжатты жасаушының еркіне тәуелді болса, қарау барысында кеңістіктің орналасуы, заттардың өзара қатынасы, іздердің күйі және электрондық құрылғылардың жұмыс жағдайы бастапқы қалпында зерттеледі. Сыбайлас жемқорлық қылмысында мұндай тікелей қабылдау, мысалы, ақшаның үстелдің қай жерінен табылғанын, кабинетке кіру тәртібін, бейнекамералардың бағытын, сейф пен компьютерге қол жеткізе алатын адамдарды, құжат айналымының нақты ұйымдастырылуын анықтауға көмектеседі.

Қараудың дәлелдемелік маңызы бірнеше өзара байланысты нәтижеден құралады. Біріншіден, хаттама мен оған қосымшалар кеңістіктің және объектілердің бастапқы күйін бекітеді. Екіншіден, қарау кезінде алынған заттар кейін сараптамалық зерттеудің объектісіне айналады. Үшіншіден, табылған іздер жауап алу, тінту, алу, жасырын тергеу әрекеттері мен қаржылық талдау бағытын нақтылайды. Төртіншіден, қарау нәтижелері тергеу нұсқаларын жоққа шығаруға да қабілетті: мысалы, ақша ашық жерде емес,

бөтен адамның еркін кіруі мүмкін шкафта табылса, заттың нақты кімге тиесілі екенін қосымша дәлелдеу қажет болады.

Тиімді тергеп-тексеру толықтықты, бейтараптықты және объективті қажетті әрекеттердің уақтылы жүргізілуін қамтиды. О. Острогляд және бірлескен авторлар тергеп-тексерудің тиімділігін процестік міндеттерге қол жеткізу қабілетімен, қажетті әрекеттердің жеткіліктілігімен және аралық әрі қорытынды шешімдердің негізділігімен байланыстырады [113, б.295-306]. Осы өлшемдер оқиға орнын қарауға тікелей қолданылады: қарау асығыс әрі біржақты өткізілсе, кейін жоғалған іздерді қалпына келтіру мүмкін болмауы ықтимал; керісінше, тергеу нұсқасына қатысы жоқ ақпаратты жаппай алу азаматтар мен ұйымдардың құқықтарына шамадан тыс араласуға әкеледі.

Сыбайлас жемқорлық істерінде қараудың алдын алу маңызы да бар. Құжат айналымындағы осалдықтар, шешім қабылдау рәсіміндегі бақылаудың болмауы, қызметтік кабинеттерге реттелмеген қол жеткізу, ақпараттық жүйелердегі өкілеттіктердің шамадан тыс кең берілуі сияқты жағдайлар қылмыс жасауға ықпал еткен себептерді көрсетеді. Бұл мәліметтер ұйымдағы ішкі бақылауды күшейту, сатып алу мен кадрлық шешімдерді цифрлық із қалдыратындай ұйымдастыру, мүдделер қақтығысын басқару жөнінде ұсыныстар енгізуге негіз бола алады.

Криминалистикада оқиға болған жер деп қылмыстың өзі жасалған аумақ қана емес, оның іздері, құралдары, нысанасы немесе салдары табылған кез келген орын түсініледі. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарында бұл анықтама кең мағынада қолданылуы қажет. Параны беру орны, лауазымды тұлғаның кабинеті, делдалдың автокөлігі, ақша сақталған тұрғын үй, шарт жасалған мәжіліс бөлмесі, конкурс комиссиясының жұмыс орны, бухгалтерия, серверлік бөлме және құжаттар архиві бір қылмыстық оқиғаға қатысты жеке-жеке қарау объектілері болуы мүмкін.

Оқиға орнының шекарасы тергеудің бастапқы нұсқасына сәйкес белгіленеді, бірақ қарау барысында өзгертілуі мүмкін. Мәселен, пара беру қызметтік кабинетте болғанымен, келісу мессенджерде жүргізіліп, ақша кейін автокөлікке салынған болса, тергеу үшін үш өзара байланысты орта пайда болады: кабинет, мобильдік құрылғыдағы цифрлық орта және көлік құралы. Осы орындардың бірін елемеу оқиға механизмінің маңызды буынын жоғалтады. Қараудың шекарасы тым тар белгіленсе, кіріп-шығу жолдары, бейнебақылау камералары, қоқыс жәшіктері, құжаттарды ұсақтайтын құрылғы немесе көрші бөлмедегі принтер секілді жанама із көздері назардан тыс қалады.

Цифрлық құрылғыларды «цифрлық куәгер» ретінде қарастыру қазіргі криминалистиканың маңызды бағытына айналды. Г. Хорсман цифрлық дәлелдемелердің көптеген оқиға орындарында табиғи түрде кездесетінін, алғашқы әрекет етуші тұлға құрылғының бар-жоғын ғана емес, оның тергеулік құндылығын да бағалауы керектігін көрсетеді [114, б.761-770]. Сыбайлас жемқорлық істері үшін бұл ерекше маңызды, өйткені келісу, тапсырма беру, ақша аудару, құжат жобасын жіберу және қатысушылардың кездесуі көбіне смартфон,

электрондық пошта, бұлттық сақтау, корпоративтік жүйе немесе бейнебақылау арқылы із қалдырады.

Осыған байланысты оқиға болған жерді үш деңгейде қарастырған орынды. Бірінші деңгей – қылмыстық әрекет тікелей жасалған негізгі орын. Екінші деңгей – іздер мен нысандар ауыстырылған, жасырылған немесе өңделген қосалқы орындар. Үшінші деңгей – оқиға туралы дерек қалыптасқан цифрлық орта: сервер, жұмыс станциясы, мобильдік құрылғы, бұлттық есептік жазба, электрондық құжат айналымы және қол жеткізу журналы. Бұл жіктеу қараудың процессуалдық шекарасын негіздеуге және мамандар құрамын алдын ала анықтауға көмектеседі.

Бірінші типтік жағдай – параны беру немесе алу үстінде ұстау. Мұнда қарау пара нысанасын табумен шектелмейді. Тергеуші ақшаның немесе өзге құндылықтың нақты орналасуын, қаптамасын, номиналын, сериясын, арнайы белгілеудің бар-жоғын, оны беру мен қабылдауға қатысқан тұлғалардың орналасуын, қолдарында немесе киімінде іздердің болуын, аудио-бейне тіркеу құралдарының күйін және бөлмеге бөгде адамдардың кіру мүмкіндігін анықтауы тиіс. Ақша қозғалысының толық тізбегі бастапқы белгілеу материалдарымен салыстырылып, әр купюраның дараландыру белгілері хаттамаға енгізіледі.

Екінші жағдай – делдал арқылы пара беру. Оқиға орны ретінде ақша алғаш берілген орын, делдалдың оны сақтаған немесе басқа қаптамаға ауыстырған жері, көлік құралы және түпкі алушыға тапсыру орны қаралуы мүмкін. Мұнда заттың бір адамның иелігінен екіншісіне өту тізбегін дәлелдеу негізгі міндетке айналады. Қарау кезінде қаптамадағы қол іздері, биологиялық іздер, талшықтар, микрообъектілер, телефондардағы қоңыраулар мен хабарламалар, геолокация деректері және бейнежазбалар өзара байланыста зерттелуі керек.

Үшінші жағдай – мемлекеттік сатып алу, конкурс, лицензиялау, жер бөлу немесе бақылау-қадағалау рәсімін заңсыз ықпал ету арқылы өзгерту. Бұл кезде оқиға орнына комиссия отырысы өткен бөлме, құжаттар жасалған жұмыс орны, электрондық сатып алу жүйесіне кіру жүзеге асқан компьютер, хаттамалар мен бағалау парақтары сақталған архив, мөрлер мен электрондық цифрлық қолтаңба тасымалдағыштары орналасқан жер жатады. Тергеуші құжаттардың ресми нұсқасы мен жұмыс жобаларын, түзетулер тарихын, файл метадеректерін, басып шығару іздерін және жүйеге кірген пайдаланушылар журналын салыстыруға жағдай жасауы қажет.

Төртінші жағдай – бюджет қаражатын жымқыру, жалған орындалған жұмыс актілерін жасау немесе қызмет құнын негізсіз көтеру. Мұнда оқиға орны тек кеңсе емес, құрылыс нысаны, қойма, жеткізу орны, нақты орындалған жұмыс немесе көрсетілген қызмет орналасқан аумақ болады. Қарау барысында шарттағы техникалық сипаттама мен нақты жағдай салыстырылады, орындалған жұмыстың көлемі өлшенеді, жеткізілген тауардың саны мен сапасы тіркеледі, пломбалар, таңбалар, сериялық нөмірлер

және материалдардың шыққан тегі белгіленеді. Қажет болған жағдайда құрылысшы, инженер, бағалаушы немесе тауар маманы қатысады.

Бесінші жағдай – қызметтік өкілеттікті теріс пайдалану, кәсіпкерлік субъектісіне заңсыз артықшылық беру немесе тексеру нәтижесін бұрмалау. Оқиға орны ретінде лауазымды адамның жұмыс кабинеті, тексеру жүргізілген кәсіпорын, үлгілер алынған орын, зертхана және шешім жобасы дайындалған бөлімше қаралуы мүмкін. Негізгі назар бастапқы материалдар мен қорытынды құжат арасындағы алшақтыққа, құжатқа өзгеріс енгізілген уақытқа, келісу маршруттарының бұзылуына және шешімге ықпал еткен бейресми байланыстарға аударылады.

Алтыншы жағдай – қылмыстық жолмен алынған активтерді жасыру немесе заңдастыру. Қарау объектілері кеңсе, тұрғын үй, сейф, көлік, жылжымайтын мүлік нысаны, бухгалтерлік сервер, криптоактивтерге қол жеткізуге арналған құрылғылар немесе аппараттық әмиян болуы мүмкін. Бұл жерде активтің сыртқы белгілерін ғана емес, оның нақты бенефициарын, сатып алу көзін, басқару тәсілін және өзге активтермен байланысын айқындайтын құжаттар мен цифрлық кілттерді табу маңызды.

Дайындық қылмыстық құқық бұзушылық туралы бастапқы ақпаратты талдаудан басталады. Тергеуші болжамды қылмыс құрамын, қатысушылардың рөлін, оқиға уақытын, ықтимал іздердің орналасуын, жойылу қаупін және қаралатын орынның құқықтық режимін анықтайды. Қарауға дейін бар жедел материалдар, арыз, аудио-бейнежазба, ақша купюраларының тізімі, ұйымның құрылымы, лауазымдық нұсқаулықтар және ғимарат жоспары зерттеледі. Бұл әрекеттер қарау жоспарын нақтылап, қажетсіз заттарды алуға жол бермейді.

Тергеу тобының құрамы істің сипатына сәйкес қалыптастырылады. Тергеушіден басқа криминалист, цифрлық криминалистика маманы, экономист немесе бухгалтер, құрылыс саласының маманы, аудармашы және жедел қызметкер қатысуы мүмкін. Әр қатысушының міндеті қарау басталғанға дейін айқындалуы керек: бір маман жалпы және тораптық фототүсірілім жүргізсе, екіншісі электрондық құрылғыларды қауіпсіздендіреді, үшіншісі құжаттарды жүйелейді. Міндеттердің бөлінбеуі объектілердің орын ауыстыруына, қайталама әрекеттерге немесе хаттамадағы сәйкессіздікке әкеледі.

Ұйымдастыру кезінде қаралатын аумақты қорғау, адамдардың кіріп-шығуын есепке алу, байланыс құралдарын пайдалануды шектеу және объектілердің бастапқы күйін сақтау мәселелері шешіледі. Қатысушылар келгенге дейін орынға кірген адамдардың тізімі жасалып, олардың қандай әрекет жасағаны анықталады. Қарау бірнеше жерде қатар жүргізілсе, топтардың уақыт өлшемі сәйкестендіріліп, табылған объектілер жөніндегі ақпарат қауіпсіз арнамен жедел алмасуы қажет.

Қараудың техникалық қамтамасыз етілуіне фотоаппарат, бейнекамера, масштабтық сызғыш, мөрленетін қаптама, қолғап, ультракүлгін жарық көзі, із алуға арналған жинақ, деректер тасымалдағыштарының жазылуын

бұғаттайтын құрылғы, Faraday-қаптар және резервтік қуат құралдары кіреді. Құралдың жарамдылығы мен уақыт баптауы алдын ала тексеріледі. Электрондық құрылғының экранындағы уақыт нақты уақыттан өзгеше болуы мүмкін, сондықтан айырмашылық жеке тіркеледі.

Қарау жалпы шолудан басталады. Тергеуші нысанның атауын, мекенжайын, кіреберістерін, бөлмелердің өзара орналасуын, жарықтандыруды, бейнебақылау жүйесін, күзет және қол жеткізу тәртібін сипаттайды. Фототүсірілім бағдарлаушы, шолушы, тораптық және егжей-тегжейлі ретпен жүргізіледі. Объектілерді жылжытпас бұрын олардың бастапқы күйі түсіріліп, жоспар-схемада белгіленеді. Сыбайлас жемқорлық істерінде кабинеттің «әдеттегі» көрінісі де маңызды: жұмыс үстеліндегі құжаттар реті, ашық тұрған файл, қосулы компьютер, жалғанған флеш-жинақтағыш немесе телефон экранындағы хабарлама оқиға уақытын қалпына келтіруге көмектеседі.

Ақша мен құндылықтарды қарау кезінде олардың нақты орны, жанындағы заттар, қаптаманың түрі, бүтіндігі, жазулар, жапсырмалар, мөрлер және дара белгілер толық тіркеледі. Купюралар бірден араластырылмайды; алдымен жалпы орналасуы, кейін әр бума мен купюраның деректері бекітіледі. Арнайы химиялық зат қолданылған болса, үлгілердің ластанбауы үшін жеке қорғаныш құралдары пайдаланылады және салыстырмалы үлгілер бөлек алынады. Тергеуші ақша табылған орынның күдіктіге нақты қолжетімділігін тексеруі тиіс, өйткені иелік ету фактісі тек орналасумен автоматты түрде дәлелденбейді.

Құжаттарды қарауда мазмұнмен қатар материалдық белгілер зерттеледі. Қағаздың түрі, бланк, қолтаңба, мөр, нөмірлеу, тігілген беттер, түзетулер, өшіру іздері, әртүрлі сия және принтер ерекшеліктері көрсетіледі. Бір құжатты жеке алып қарамай, оның қалыптасу маршруты анықталады: бастамашылық хат, техникалық ерекшелік, коммерциялық ұсыныс, бағалау парағы, комиссия хаттамасы, шарт, төлем құжаты және қабылдау актісі. Құжаттардың хронологиясындағы сәйкессіздік, бірдей қате немесе метадеректегі ортақ автор олардың алдын ала келісіліп жасалғанын көрсетуі мүмкін.

Электрондық құрылғы табылғанда оны ойланбай өшіру немесе қосу қауіпті. Қосулы компьютерде жедел жадтағы, ашық сеанстағы немесе шифрланған контейнердегі дерек жоғалуы мүмкін; желіге қосылған телефоннан ақпарат қашықтан өшірілуі ықтимал. Сондықтан экранның күйі фотосуретке түсіріліп, желілік қосылым, жалғанған құрылғылар, ашық бағдарламалар және жүйелік уақыт тіркеледі, содан кейін цифрлық маман деректі сақтау тәсілін таңдайды. Г. Хорсман оқиға орнындағы цифрлық құрылғыны бағалауда оның қылмысқа ықтимал қатысын, атқаратын қызметін және басқа жүйелермен байланысын анықтауды ұсынады [114, б.764-769].

Электрондық пошта мен мессенджердегі хабарлама мәтіні ғана емес, жіберуші мен алушы идентификаторлары, уақыт белдеуі, жеткізу статусы, тіркемелер, редакциялау және өшіру белгілері, синхрондалған құрылғылар мен резервтік көшірмелер туралы мәлімет те маңызды. Скриншот жалғыз өзі

толыққанды көшірме болып саналмайды, өйткені ол метадеректерді және хабарламаның тұтастығын жеткілікті көрсетпеуі мүмкін. Мүмкіндігінше криминалистикалық көшірме жасалып, бақылау хэш-мәндері есептеледі, қолданылған бағдарлама мен нұсқа хаттамаға енгізіледі.

О. Макаренков пен В. Коса коррупциялық тәуекелдерді анықтауда бухгалтерлік талдау, аудит, жасырын шаралар, хабарлаушылар платформалары, блокчейн, бұлттық инфрақұрылым және техникалық-сараптамалық әдістерді өзара ықпалдастыру қажеттігін көрсетеді [115, б.288-300]. Осы тұрғыдан оқиға орнын қарау тек «заттарды жинау» емес, әртүрлі дерек көздерін кейін біріктіруге мүмкіндік беретін бастапқы құрылымдау кезеңі болуы тиіс. Мысалы, табылған шарт нөмірі банк төлемімен, электрондық хатпен, сатып алу жүйесіндегі лотпен және телефондағы байланыспен бір идентификатор арқылы байланыстырылуы қажет.

Бірінші мәселе – қараудың заңды негізі мен шекарасы. Тергеуші тұрғын үйдің, қызметтік үй-жайдың, адвокаттық немесе өзге қорғалатын құпия сақталатын орынның ерекше режимін ескеріп, қажетті рұқсат пен кепілдіктерді қамтамасыз етуі керек. Қарау тінтуге айналып кетпеуі тиіс: объектілерді іздеу сипаты мен адамның жеке кеңістігіне араласу дәрежесі қолданылатын тергеу әрекетінің нақты құқықтық нысанына сәйкес келуі қажет. Процестік нысанды дұрыс таңдамау кейін дәлелдемені жарамсыз деп тану тәуекелін арттырады.

Екінші мәселе – оқиға орнының сақталуы. Лауазымды тұлға немесе әріптестері құжаттарды жоюға, файлдарды өшіруге, ақшаны басқа жерге ауыстыруға, бейнежазба құрылғысын сөндіруге әрекет етуі мүмкін. Сондықтан аумақ қорғалып, қатысушылардың қозғалысы бақыланады, тазалау, қоқыс шығару, қағаз ұсақтағышты пайдалану, компьютерлерді қайта жүктеу және байланыс құралдарымен еркін әрекет жасау тоқтатылады. Әрбір өзгеріс кімнің, қашан және қандай себеппен жасағаны көрсетіліп тіркеледі.

Үшінші мәселе – балама түсіндірулерді тексеру. Ақшаның кабинеттен табылуы оның пара ретінде алынғанын бірден дәлелдемейді; ол қызметтік қаражат, қарыз немесе басқа адамның мүлкі болуы мүмкін. Құжаттағы қолтаңба да шешімді дәл сол адамның дайындағанын білдірмейді. Тергеуші айыптау нұсқасын растайтын деректермен бірге оны жоққа шығаратын немесе басқа түсіндірмеге мүмкіндік беретін жағдайларды да бекітуге міндетті. Мұндай бейтарап тәсіл тиімді тергеп-тексерудің толықтық және объективтілік өлшемдеріне сәйкес келеді [113, б.299-305].

Төртінші мәселе – іздердің өзара байланысы. Қарау хаттамасында «ақша табылды», «телефон алынды», «құжат алынды» деген оқшау жазбалар жеткіліксіз. Әр объектінің қайдан, қандай заттың жанынан, қандай күйде табылғаны және тергеу нұсқасындағы ықтимал рөлі көрсетіледі. Кеңістіктік байланыс жоспармен, фотокестемен және нөмірленген маркерлермен бекітіледі. Уақыттық байланыс үшін құрылғы сағаты, бейнежазба уақыты, құжат жасалған күн, файл метадерегі және байланыс операторындағы деректер кейін салыстыруға жарамды болуы керек.

Бесінші мәселе – дәлелдемелердің тұтастығы мен сақтау тізбегі. Әр алынған объект жеке сәйкестендіріліп, тиісті қаптамаға салынады, мөрленеді және оған кімнің қол жеткізгені есепке алынады. Цифрлық дерекке қатысты түпнұсқаға өзгеріс енгізбеу, криминалистикалық көшірме жасау, хэш-мәндерді есептеу және пайдаланылған құралдарды көрсету ерекше маңызға ие. Дәлелдемені алу сәтінен сарапшыға беруге дейінгі үзіліс немесе белгісіз қолжетімділік оның сенімділігіне күмән туғызады.

Алтыншы мәселе – қатысушылардың құқықтары мен құпия ақпаратты қорғау. Қаралатын құрылғыларда іске қатысы жоқ жеке хат алмасу, коммерциялық құпия, медициналық немесе банктік ақпарат болуы мүмкін. Тергеуші пропорционалдық қағидатын сақтап, қылмыстық оқиғаға қатысы бар ақпаратты ғана іріктеу тәсілін алдын ала ойластыруы керек. Қажет болса, маман кілт сөздер, уақыт аралығы, есептік жазба немесе файл түрі бойынша сүзгі қолданады; алынған артық дерекке қол жеткізу шектеледі.

Жетінші мәселе – адами фактор мен когнитивтік бұрмалау. Ұстау операциясының табысты өтуі топ мүшелерін алғашқы болжамды абсолютті шындық ретінде қабылдауға итермелеуі мүмкін. Бұған жол бермеу үшін қарау жоспары нақты сұрақтарға құрылып, объектілер бейтарап терминдермен сипатталады. Мәселен, хаттамада «пара салынған конверт» емес, «ішінен белгілі сериялы банкноттар табылған ақ түсті қағаз конверт» деп жазу дұрысырақ; құқықтық баға кейін дәлелдемелер жиынтығы негізінде беріледі.

Қараудың негізгі объектілерін алты топқа бөлуге болады. Бірінші топ – пара нысанасы мен материалдық құндылықтар: ақша, бағалы қағаз, зергерлік бұйым, сыйлық, төлем картасы, мүліктік құқықты растайтын құжат. Екінші топ – қызметтік және қаржылық құжаттар: бұйрық, хаттама, шарт, шот-фактура, акт, есеп, смета, конкурстық өтінім, бағалау парағы. Үшінші топ – цифрлық құрылғылар мен деректер: телефон, компьютер, сервер, флеш-жинақтағыш, бейнетіркеуіш, бұлттық есептік жазба және электрондық цифрлық қолтаңба құралы.

Төртінші топ – іздер мен үлгілер: қол саусақ іздері, биологиялық және микрообъектілер, арнайы химиялық заттың іздері, принтер немесе мөр бедері, қағаз бен сия үлгілері. Бесінші топ – кеңістіктік және инфрақұрылымдық объектілер: кіреберіс, бейнекамера, сейф, құжат қоймасы, жұмыс орны, желілік жабдық. Алтыншы топ – оқиғаның нақты нәтижесін көрсететін нысандар: салынған ғимарат, жеткізілген тауар, жөнделген жол, бөлінген жер учаскесі немесе пайдалануға берілген жабдық.

Әр топ бойынша тергеуші төрт сұраққа жауап іздейді: объект оқиғаға қалай байланысты; оны кім пайдаланды немесе бақылады; оның күйі мен орналасуы нені көрсетеді; қандай кейінгі зерттеу қажет. Осындай сұрақтық модель қараудың мақсаттылығын қамтамасыз етеді. Д. Магереску коррупциялық қылмыстарды тергеуде криминалистикалық дәлелдемелерді процестік шешімдермен бірлікте қарауды ұсынады [112, б.1248-1265]. Бұл көзқарас объектіні алудың өзін мақсат етпей, оның дәлелдеу жүйесіндегі орнын алдын ала бағалауға мүмкіндік береді.

Парақорлық істерінде қараудың орталық міндеті – пара нысанасының қозғалысын және тараптардың ерік білдіруін материалдық іздермен бекіту. Ақша алушының қолынан емес, бөлмеден табылса, оның нақты иелік етуі, ақшаны көргені және қабылдауға бағытталған әрекеті қосымша анықталады. Делдал қатысқанда әр беру кезеңінің орны, уақыты және қатысушылары белгіленеді. Қарау материалдары жасырын аудио-бейнежазбамен және қатысушылардың жауаптарымен синхрондалуға тиіс.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлықта басты белгі көбіне затта емес, құжаттар арасындағы жүйелі сәйкессіздікте болады. Бір қатысушыға бейімделген техникалық сипаттама, бәсекелестердің ұқсас қателері, бағалау уақытынан бұрын дайындалған хаттама, жалған бәсекелестік ұсыныстар немесе бір IP-мекенжайдан енгізілген өтінімдер тергеу үшін маңызды. Сондықтан қағаз және электрондық құжаттар параллель қаралып, файлдардың бастапқы және өзгертілген нұсқалары сақталады.

Жалған актілер арқылы бюджет қаражатын шығару схемасында объектінің нақты орындалу деңгейін тіркеу шешуші болуы мүмкін. Қарау хаттамасына өлшем, көлем, материал түрі, сериялық нөмір, ақау және пайдаланылу күйі енгізіледі. Маманның өлшеу нәтижесі фотосуретпен, географиялық координатпен және шарт құжаттарымен байланыстырылуы керек. Егер жұмыс кейін жалғастырылуы ықтимал болса, қарау кезіндегі нақты жағдайдың күні мен уақытын дәл бекіту қажет.

Жер қатынастары мен лицензиялау саласында шешім қабылдау маршруты зерттеледі. Кім өтінішті қабылдады, кім қорытынды дайындады, келісу парағына кім және қашан қол қойды, жүйеде қандай рөлмен кірді, бас тарту немесе мақұлдау себептері қалай өзгерді деген сұрақтар қойылады. Оқиға орны ретінде азаматтарға қызмет көрсету аймағы, профильдік бөлім, комиссия отырысы өткен орын және ақпараттық жүйенің әкімшілік бөлігі қаралуы мүмкін.

Құқық қорғау немесе бақылаушы орган қызметкерінің заңсыз сыйақы алуында әкімшілік материалдың, тексеру актісінің, хаттаманың немесе тәркіленген заттың бастапқы және соңғы күйі салыстырылады. Қарау кезінде тіркеу журналдары, бейнежетон жазбалары, қызметтік автокөлік бейнесі, кезекшілік кестесі, кіру карталары және азаматпен кездесудің орындары зерттеледі. Бұл деректер лауазымды адамның өкілеттігі мен нақты әрекеті арасындағы байланысты анықтайды.

Хаттама қараудың барысы мен нәтижесін басқа тұлға оқиғаны көз алдына елестете алатындай ретпен көрсетуі керек. Онда басталу және аяқталу уақыты, ауа райы мен жарықтандыру, қатысушылар, техникалық құралдар, қарау бағыты, әр объектінің табылған орны, күйі, өлшемі, дара белгілері, алу және қаптау тәсілі жазылады. Бағалау сипатындағы сөздерден аулақ болып, тек тікелей байқалған белгілер беріледі. Қосымшалар хаттамамен бірдей нөмірлеу жүйесін қолдануы тиіс.

Фотокесте мәтінді қайталамай, оны тексеруге мүмкіндік береді. Жалпы сурет нысанның орналасуын, тораптық сурет объектілердің өзара

байланысын, егжей-тегжейлі сурет дара белгілерді көрсетеді. Бейнежазба үздіксіз жүргізілсе, басталу мен аяқталу, үзілістер және файлдардың саны хаттамада белгіленеді. Жоспар-схемаға бөлмелер, есіктер, терезелер, камералар, жұмыс орындары және дәлелдемелердің нөмірлері енгізіледі.

Алынған объектілер бойынша кейінгі әрекеттер қараудың өзінде жоспарланады. Ақша мен қаптамада дактилоскопиялық, биологиялық немесе химиялық зерттеу; құжатта қолтаңба, техникалық-криминалистикалық және автортану сараптамасы; құрылғыда компьютерлік-техникалық зерттеу; қаржылық материалда сот-экономикалық сараптама қажет болуы мүмкін. Қаптау тәсілі болашақ зерттеуге кедергі келтірмеуге тиіс: дымқыл биологиялық объект ауа өткізбейтін пластикке салынбайды, ал цифрлық құрылғы электромагниттік әсерден қорғалады.

Қараудан кейін алынған мәліметтер дәлелдемелік картаға енгізілгені тиімді. Картада объект нөмірі, табылған орны, қатысты эпизод, ықтимал дәлелдеу мәні, тағайындалатын сараптама, сақтау орны және байланысты цифрлық немесе құжаттық дерек көрсетіледі. Бұл тәсіл көп эпизодты сыбайлас жемқорлық істерінде қайталануды азайтып, әр объектінің дәлелдеу нысанындағы нақты орнын бақылауға мүмкіндік береді.

Бірінші қате – оқиға орнын тек ақша берілген нүктемен шектеу. Нәтижесінде кіріп-шығу жолы, бейнекамера, алдын ала келісу жүргізілген құрылғы, құжаттар немесе делдал пайдаланған орын қаралмай қалады. Мұны болдырмау үшін тергеуші қылмыс механизмін әрекеттер тізбегі ретінде модельдеп, әр буынның материалдық және цифрлық ізін анықтайды.

Екінші қате – объектілерді бастапқы қалпында бекітпей тұрып жылжыту. Ақшаны санау, телефонды қолға алу немесе компьютерді өшіру іздердің орналасуын және цифрлық күйін өзгертеді. Дұрыс тәртіп: алдымен визуалдық бақылау, фото-бейне тіркеу және схема, содан кейін ғана егжей-тегжейлі қарау мен алу. Әр өзгеріс хаттамада көрсетіледі.

Үшінші қате – электрондық дәлелдемені кәдімгі зат ретінде ғана алып қою. Құрылғының қосулы немесе өшірулі күйі, желілік байланысы, шифрлау, қашықтан өшіру және бұлтпен синхрондау ескерілмесе, дерек жоғалуы мүмкін. Цифрлық оқиға орнын өңдеу құрылғыны тану, оның функциясын бағалау, күйін құжаттау, оқшаулау және криминалистикалық көшірме жасау кезеңдерін қамтуы тиіс [114, б.761-770].

Төртінші қате – құжаттарды ретсіз жаппай алу. Бұл іске қатысы бар материалды табуды қиындатады, ұйым жұмысын негізсіз тоқтатады және қараудың шекарасы жөніндегі дауға әкеледі. Құжаттар функциясы мен хронологиясы бойынша топтастырылып, әр бума немесе файл жиынтығының шығу тегі көрсетіледі. Алынатын материалдың қылмыс эпизодымен байланысы хаттамада түсіндіріледі.

Бесінші қате – хаттамада құқықтық қорытындыны факті орнына жазу. «Күдікті параны жасырды» деген тұжырым тікелей бақылау емес; оның орнына адамның нақты әрекеті, заттың бұрынғы және кейінгі орны сипатталуы керек. Алтыншы қате – қарау мен тінтудің шекарасын елемеу.

Егер жабық орындарды жүйелі іздеу және адамның жасырған заттарын табу мақсаты басым болса, тиісті процестік нысан мен рұқсат мәселесі шешілуі қажет.

Жетінші қате – тергеу тобы мүшелерінің әрекеттерін синхрондамау. Бір маман құрылғыны ажыратып жатқанда екіншісі бейнежазбаны аяқтамаса немесе зат нөмірлері фотокесте мен хаттамада сәйкес келмесе, дәлелдеменің қайдан алынғаны күмән тудырады. Сондықтан бірыңғай нөмірлеу, уақытты сәйкестендіру және объектіні қабылдап-беру тәртібі белгіленеді.

Бірінші кезеңде тергеуші бастапқы мәліметтерді талдап, оқиға механизмінің ықтимал картасын жасайды: қатысушылар, әрекеттер, орындар, уақыт, ақша немесе пайда қозғалысы, құжаттық және цифрлық іздер. Екінші кезеңде қараудың құқықтық негізі, аумақ шекарасы, қатысушылар, мамандар және техникалық құралдар анықталады. Үшінші кезеңде орын қорғалып, кіріп-шығу тіркеледі, жағдай өзгермей тұрып жалпы фото-бейне бекіту жасалады.

Төртінші кезеңде қарау белгілі бір бағытпен жүргізіледі: негізгі оқиға нүктесінен перифериядға немесе кіреберістен негізгі объектіге қарай. Бесінші кезеңде ақша, құжат, құрылғы және өзге объектілердің орналасуы мен байланысы тіркеледі. Алтыншы кезеңде іздер алынып, объектілер дараланады, қапталады және мөрленеді. Жетінші кезеңде хаттама, фотокесте, схема, бейнефайл және алынған объектілер тізімі өзара салыстырылады.

Сегізінші кезеңде қараудың нәтижелері тергеу нұсқаларымен салыстырылып, қандай мән-жай дәлелденгені, қайсысы ашық қалғаны анықталады. Тоғызыншы кезеңде сараптамалар, жауап алулар, тінту немесе алу, банк және байланыс деректерін сұрату, активтерді іздеу сияқты келесі әрекеттер жоспарланады. Оныншы кезеңде дәлелдемелердің сақтау тізбегі мен құпиялық режимі қамтамасыз етіледі. Мұндай жүйелілік тиімді тергеп-тексерудің жеткіліктілік және уақтылық өлшемдеріне сай келеді [113, б.295-306].

Алгоритм механикалық чек-парақ ретінде емес, әр істің жағдайына бейімделетін басқару құралы ретінде қолданылуы тиіс. Күрделі коррупциялық схемада материалдық, құжаттық және цифрлық орта бір мезгілде зерттеледі. Цифрлық технологиялар іздерді жылдам табуға мүмкіндік бергенімен, оларды заңды алу, тұтастығын сақтау және түсінікті түрде ұсыну талаптарын алмастырмайды. Форензикалық технологияларды бухгалтерлік және тергеулік әдістермен ұштастыру ғана коррупциялық байланысты толық ашуға мүмкіндік береді [115, б.292-300].

3.2 Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жауап алудың ерекшеліктері

Жауап алу алдын ала тергеудің барлық жағдайында тиімді әрі ең кең тараған ғана емес, сонымен қатар қажетті тергеу әрекеті де болып табылады.

Тергеу әрекетін жүргізу үстінде туындаған ситуациялық жағдайға байланысты осы ситуацияға тиімді және ыңғайлы тәсіл қолданылады. Кей

жағдайда бір тергеу әрекетін жүргізгенде, бір сұрақты анықтауға тактикалық тәсілдердің бірнеше түрі бірдей, арнайы кезекпен қолданылады.

Қылмыс жасаған адам қандай процессуалдық статуста болмасын (күдікті немесе айыпталушы) жәбірленушіге қарағанда, тіпті куәлерді айтпағанда, қашанда көлемі мен мазмұны бойынша едәуір мол мәліметтерге ие болады. Дегенмен өзінің жағдайына және қылмыстық жауапқа тартылатынына қарай, әдетте қылмыскер іс бойынша ақиқаттың ашылуына басқалардан гөрі аз мүдделік танытады, сондықтан ол іс жағдайын өзгертуге, шынайы ақпараттарды жасырып, бұрмалауға әрдайым және табанды түрде бейім болады. Бұған және де айғақтар беруден бас тартқаны және біле тұра өтірік айғақтар бергені үшін күдікті мен кінәлінің жауапкершілік арқаламайтыны да ықпал етеді. Осы жағдайлар күдікті мен айыпталушыға қатысты олардан жауап алынған кезде тергеушінің тактикалық әсер етуінің ерекшеліктерін анықтайды.

Сондықтан аталған жағдайға байланысты онымен жауап алу барысында байланысқа және ақпараттық өзара әрекетке түсе отырып, тергеуші одан мыналар туралы мәліметтер алу міндетін ұстанады:

- жауап алушының өзі туралы (оның әлеуметтік мәртебесі, демографиялық белгілері, тұрмыс салты, материалдық және интеллектуалдық деңгейі, жынысы, жас ерекшеліктері, психологиялық бейнесі, сыртқы келбеті т.б.);
- жиналатын мәліметтерді білетін басқа адамдар туралы (бірге қылмыс жасаушылар, куәлер, жасырушылар);
- іс бойынша зерттелген оқиға барысында оның денесінде, киімінде, аяқ киімінде, басқа да заттарында пайда болған материалды түрде тіркелген іздер туралы;
- оның құқыққа сай және құқыққа сай емес мінез-құлқына байланысты пайда болған басқа да материалды түрде тіркелген заттар туралы;
- қылмыс құралдары, іс бойынша оқиғаларды тануға байланысты өзара әрекет ететін және бейнелену процесіне қатысқан басқа да материлдық нысандар туралы;
- қылмысқа қатысушылар болып кімдер табылады және сонымен қоса егер делдал болған болса, оның кім екендігін;
- қылмыстың пәні болып не табылады және қылмысты жасау орны, уақыты, қылмыс жасау тәсілі;
- қандай әрекет (әрекетсіздік) үшін пара берілді;
- қылмыстың куәсі болып кімдер табылады;
- бағалы затты бергендігін не алғандығын айқындайтын қандай дәлелдемелер, сонымен қатар құжаттар бар екендігін анықтау;
- арыз берушінің пара алушының немесе сыбайлас жемқорлық жасап отырған тұлғаның тапқан табысынан көп ақша жұмсайтындығы туралы мәліметі бар ма.

Егер арызданушы болып пара беруші немесе сатып алған тұлға танылса, онда жоғарыда қарастырылған сұрақтарға қосымша ретінде келесі мәселелер де анықталуы тиіс:

– пара беруші тұлға пара алушымен немесе сыбайлас жемқорлық жасап отырған тұлғамен қашан, қайда таныcты;

– олардың кездесулері қашан және қай жерде болды;

– олардың әңгімелерінің маңызы қандай;

– пара беруші қайда жұмыс істейді және оның атқаратын қызметі қандай;

– параны қорқытып алу орын алған жоқ па;

– пара беру басқа қылмыспен байланыстырылған жоқ па және қандай қылмыспен;

– сыбайлас жемқорлық қылмысын жасап отырған тұлғаның үнемі төлеп отыратын төлемдерінің қайнар көздері қандай;

– сыбайлас жемқорлық қылмысын жасауға көмектесіп отырған тұлғаның қылмыс әрекеттер жасаудағы қызметі қандай еді;

– бір жолғы төлемақының жиілігі және сомасы қандай;

– оның сыбайлас жемқорлыққа байланысты атқарып отырған қызметі және жауапкершілігі қандай;

Қаралатын жағдайларға қатысты мәліметтер алумен күдіктіден және айыпталушыдан жауап алу міндеті осымен аяқталмайды. Жауап алу әрекетіне басқа да төмендегідей мәселелерді анықтау кіреді:

– істің ахуалы, оқиғаның туындауының жағдайы мен тетіктері, іс бойынша оқиғаны зерттеу кезінде болғандарды санаға қабылдау және онда бейнелену жағдайлары туралы;

– қылмыстық істі жасау кезінде жауап берушінің психикалық және физикалық жағдайы оның құқыққа сай және құқыққа сай емес мінез-құлқына байланысты басқа да оқиғалардың іске асырылуы туралы;

– зерттеліп отырған қылмыстық белгілері бар істің тікелей алдында, кезінде және одан кейін жауап алушының мінез-құлқының ерекшеліктері туралы;

– болған оқиға бойынша басқа қатысушылардың қылмыс орнына, қылмыстық қол сұғушылық нысанына, оқиға туындауына қатысушы басқа да материалдық объектілерге байланысы болуы, оның сипаты туралы;

– қашан, кімге, қандай мақсатпен және қандай жағдайларда (тергеу шегінен тыс) оларға қылмыстық тұрғыда маңызы бар мәлімет берілгені, бұның әсері қандай болғаны туралы;

– қол сұғушылықтың, қылмыстық әрекеттердің уақыты, орны, себебі мен мақсаты, қылмыс тәсілі мен механизмі, жауап берушінің жасалған іске қатысы туралы;

– қылмысты дайындау, жасыру, басқа да қарсылық әрекеттер, сондай-ақ тергеуге қарсы ықпал ететін әрекеттер, егер мұндайлар орын алса;

– жауап берушінің жазасын тартпаған, құқыққа қайшы жазалануы тиіс басқа да әрекеттері туралы.

Қаралған жағдайлар жөнінде айғақтар, мәліметтер тергеу сараптамасы мен бағалаудың нысаны болып табылады. Осылармен қатар, талдау және бағалау нысанына мына жағдайлар да кіреді:

- жауап алу кезінде тергеушілерді қызықтырған нысандар туралы жауап берушінің хабардарлық деңгейі, күдіктінің, айыпталушының жеткізген мәліметтерінің қылмысты ашудағы маңыздылық деңгейі, күдіктінің қатысуымен, онсыз да жасалған басқа да қылмыстардың анықталуы және ашылуы;

- жеткізілген мәліметтердің толықтығы мен шынайлылығы;

- бұл ақпарат нақты жинақталған мәліметер жүйесіне қаншалықты үйлеседі, басқа көздерден алынған мәліметтермен қабысады ма, оларға қайша келмей ме;

- жауап берушінің ұстанған позициясының тұрақтылығы, мықтылығы, оның қайсы бір жағына қарай өзгеру мүмкіндігі.

Егер жауап алу шиеленісті сипатта болса, тактикалық тәсілдер тергеушіде қандай айғақтар барлығына қарай жіктеледі. Бұл жерде үш нұсқа болуы мүмкін:

а) күдіктіні толық әшкерелейтін айғақтардың болуы;

ә) айғақтардың жетіспеуі;

б) жанама дәлелдерге ғана негізделген күдіктің болуы.

Бірінші нұсқа болған кезде шынайы жауап бергісі келмей отырған жауап берушінің барлық оң қасиеттеріне қолдау жасалуы, дәлелдер дұрыс қисынды және тактикалық икемді қойылуы тиіс. Егер дәлелдер жеткіліксіз болса, жауап берушінің әшкереленуі сөзсіз болатынына сендіруге ықпал ететіндей тәсілдер қолданылады. Бұл жерде жауап берушіні тергеушіде бар дәлелдер мөлшері туралы білдірмей қоятын тәсіл де заңды болады.

Бұл тәсіл топтық қылмыс бойынша жауап алуда табысты қолданылады. Жауап алу кәсіби сауатты жүргілуі тиіс. Өйткені сенімсіз сөз, мазасыз көзқарас, аздаған толқу, жауап берушінің сөздеріне аса қызығушылық танытудың өзі-ақ тергеушінің қажетті дәлелдері жоқ екенін оған түсінікті етеді [116, б.159].

Тактикалық тәсіл ретінде қайталап жауап алуда байқалмаған жаңа дәлелдер, мейлі тіпті өте аз болса да, жиналғаннан кейін жүргізіледі. Оны бірінші жауап алудағы айғақтар көлемімен өткізудің мәні жоқ. Айыпталушы бірден аңғарып, осы кезге дейін өзіне қатысты жаңа айғақтар жиналмағанын түсінеді де, бұл оған әшкереленуден тайқып кету мүмкіндігіне сенім туғызады.

Қорытынды сатыда (жауап тіркеу сатысы) жауап берушінің жауаптарын неғұрлым толық және жан-жақты жазып алуға ықпал ететін тактикалық тәсілдер қолданылады. Олардың қатарына мыналар жатқызылады: бақылау және нақтылау сұрақтарын қою, хаттамаға жазылуы тиіс ойларды неғұрлым толық көрсетуге ұсыныс, жауап алу хаттамасын өзі оқу. Әсер ету бағытына қарай тактикалық тәсілдер эмоционалды-психологиялық әсер ету тактикалық тәсілдері мен процессуалды жағдай мен жасына қарай жіктеуге болады. Осы

тактикалық тәсілдерді қолдану ерекшеліктері бұдан әрі қарай қаралатын болады.

Жауап алудың барлық тактикалық тәсілдерін шартты түрде үш топқа біріктіруге болады:

Біріншісі – есіркеуші криминалистикалық терапияға негізделген жұмсақ тәсілдер, яғни тақырып бойынша шыдамдылықпен, жан дүниеге еніп әңгімелесу, салауатты ой-санаға жүгініп, түсіндіру, қалыптасқан жағдай мен оның мүмкін болатын даму болашағына қисынды және құқықтық талдау жасау, т.с.с.;

Екіншісі – басты тактикалық құралы фактілермен әшкерелеу әдісі болып табылатын үздіксіз қатаң прессинг, тергеу мүмкіндігін көрсету, табандылық және ымырасыздық таныту (өтірікті ашу, әшкерелейтін дәлелдерді көрсету, бейформалды жағдайда белсенді оперативтік қимылдар, беттестіру, т.с.с.) ретінде сипатталатын тактикалық тәсілдерді біріктіреді;

Үшіншісі – бірінші және екінші топтың тәсілдерін кезегімен қолдану мүмкіндігі, яғни «қамшы мен тоқаш» әдістемесі деп аталатын әдістерді қолдану.

Жауап алу іс бойынша тергеу жүргізу кезінде іздестіру әрекетінің белгілі бір жүйесінде жүретінін есте ұстау керек. Сондықтан оның ортақ тактикасы басқа іздестіру әрекеттерін жүргізудің тактикалық тәсілдерімен келісілген және тергеудің ортақ мақсатына бағынған болуы тиіс.

Күдіктіні әшкерелеу мақсатымен мынадай тактикалық тәсілді де қолдануға болады. Ең алдымен, оның қылмыс жасалған күнгі айғақтары барынша егжей-тегжейлі тіркеледі. Хаттаманың бұл бөлігі күдіктіге қол қоюы үшін беріледі.

Содан кейін одан қылмыстың алдындағы және қылмыстан кейінгі күндерінің бірін толық суреттеп беру сұралады. Күдіктінің бұл сұраққа жауаптары онша толық және айқын емес болады. Содан кейін тергеуші оның қылмыс болған күнді өте мұқтят есте сақтап, ал жақында болған басқа күнді ұмытып қалғанын немен түсіндіретінін сұрайды. Бұл тәсілді қолдану дәлелді дерегінің жалғандығын анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан соң күдікті атаған адамдардан жауап алу керек, олардың айғақтары күдіктінің дәлелді деректерін растауы немесе жоққа шығаруы мүмкін.

Жауап алу кезінде күдіктінің не туралы айтып отырғанына ғана емес, қалай айтып отырғанына; оның сөздері мен қылықтары арасындағы байланысқа да назар аударылады. Толқу, күйзелу, әшкере болудан және жазаданудан қорқу сыртына да шығып тұрады. Атап айтқанда, қорыққаннан «аузы құрғап қалу», толқыған кезде ағыл-тегіл терлеу. Күдіктінің жауап алу кезіндегі мінезін қадағалай отырып, жауап алу нысанына оны көбірек қозғаған сайын, ол соншалықты күйгелектенетінін байқауға болады.

Күдіктінің психологиялық жағдайының физиологиялық сәттерін байқау жауап алу тактикасының көрсеткіші ретінде қарауға болады, бірақ оның қандай да бір дәлелдік күші жоқ. Жауап алуда күдікті мен айыпталушының қайсібір мінез-құлқы, жауап беру екпіні, өзін-өзі ұстау мәнері т.с.с.

кінәлілігінің дәлелі ретінде қарала алмайды. Өйткені ол оқиға бойынша зерттелетін іске қатысы жоқ себептерден де бола алады. Жауап беруші қобалжып, сасқалақтауы, былықпай жауап беруі бірдеңеге кінәлі болғандығынан емес, психологиялық қиналыстан, үйреніспеген жағдайдан, өзіне сенбейді деп, барлық болған жағдайды жан-жақты шешілмеуінен қорыққандықтан пайда болуы мүмкін. Бірдей тітіркендіргіштерге әр адамның әсері әр түрлі, өте дербес болады. Мұның бәрі жеке қасиеттерге, темпераментке, нерв жүйесінің жағдайына, әсерленгіштігіне, жауап алу жағдайына т.б. байланысты. Бірақ адамның осындай психикалық жағдайларын ескермеуге де болмайды. Дәл соларға қарап жауап алудың қай тұсында күдікті мазасызданады, оның толқуы неден болып тұр. Осы сәтте оның қуаты мен қарсыласу еркі қандай екенін анықтауға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес зерттеу барысында жауап алынатын адамның психоэмоционалдық жағдайын анықтап, оның жалған айғақтар беруі немесе шынайы айғақтар беруі мүмкіндігін анықтап талдайтын жауап алуды толықтай жазбаға түсіретін интеллектуалды құрылғыны жасауды ұсынамыз.

Негізгі идея – іс бойынша жауап алудың нақты уақыт режимінде автоматты жазбасын жүргізетін зияткерлік құрылғыны әзірлеуден көрінеді. Зияткерлік құрылғының ерекшелігі жауап алуда қазақ және орыс тілдеріндегі сөйлесуді, соның ішінде қиын акустикалық және фондық шу жағдайларында қазақ және орыс тілдерінде сөйлесуді заңи терминологияға, әртүрлі диалектілер мен акценттерге бейімделе отырып таниды. Сонымен қатар, зияткерлік құрылғыға қарама-қарсы әңгімелесу мен стандартты емес сөйлеу мәнерін танудың дәлдігін көтеретін алгоритмдер зерттеліп, ендіріледі.

Зияткерлік құрылғы хаттамаларға автоматты түрде семантикалық талдау жүргізіп жауап алуға қатысушылар құқықтарының сақталуын бағалау мен мүмкін болатын бұзушылықтарды анықтайды. Әзірленген құрылғы жауап алуға қатысушылардың мінез-құлқындағы күйзеліс, жалған айғақтар мен ауытқушылықтарды анықтауға бағытталған. Бұл мақсатта психофизиологиялық мәліметтерді талдау үшін машиналық оқыту модельдері мен нейрожелілер зерттеліп, тиімді модельдері қалыптастырылады. Жауап алуда туындауы мүмкін ауытқушылықтар мен алдын ала теріс түсініктерді болдырмау үшін тергеушілер мен жедел уәкілдердің әрекеттеріне предиктивті талдау жүргізетін алгоритмдер енгізіледі. Бұл өткен тәжірибеден сабақ алып алдағы жауап алуларда оны қайталамауға және оны автоматты түрде болдырмауға мүмкіндік береді.

Зияткерлік құрылғы автоматты түрде жазылып алынған аудиофайлдарға ондағы басты фразалар мен оқиғаларды анықтау үшін семантикалық талдаулар жүргізеді және оларды мәтіндік файлдарға айналдырады. Әрбір цифрлық хаттама бірегей ID номерге байланыстырылып, қол жетімділіктен қорғалған құжаттарды басқару жүйесінде сақтайды. Цифрлық хаттамалар блокчейн жүйесімен интеграцияланады. Бұл мүмкін болатын өзгертулер мен жалған мәліметтерді енгізуді болдырмайды және де қауіпсіздік пен құпиялылықты сақтаудың заманауи хаттамаларын қолдану істі жүргізетін

тұлғалардың барлық әрекеттерін ашық әрі есептілікте ұстауды қамтамасыз етеді.

Оларды процессуалдық шешімдер негізіне алуға болмайды, өйткені олар айғақтар болып табылмайды, бірақ материалдарды ұйғарым жасауға бере отырып, олар тактикалық сипаттағы шешімдерге, тергеушінің жауап алудағы мінез-құлық бағытын анықтауға, қайсы бір тактикалық тәсілдерді таңдауға, нақты тергеу әрекетінің жоспарын құруға негіз бола алады. Дәл осылар тергеушіге күдіктінің психикалық жағдайын анықтап, онымен байланыс жасау жолдарын, жауап алу тактикасын белгілеуге жәрдемдеседі.

Егер тергеуші жауап алынушының әсерін дұрыс болжамаса, онда өзінің процессуалдық жағдайының күшінің әсерінен ол осы әңгімелесуді барлық жағынан қадағалап отыра алады. Сонымен қоса тергеуші жауап алынушыға құқықтық психологиялық әсер ете алады. Құқықтық әсер ету нақты бір іс-әрекетті көздемейді, болмаса нақты бір жауап берудің мазмұнын талап етпейді, ол ішкі психологиялық процестерге араласып, тұлғаның құқықтық позициясын қалыптастырады.

Жауап алушыға құқықтық психологиялық әсер етудің түрлерінің тергеушінің түйіскен іс-әрекетін рефлекстік басқару, ол жауап алушының белгілі бір бағытта қызметіне жағдай жасау, шын жауап беруіне мәжбүр ету. Рефлексті басқару – ол жауап алушының ойының имитациясының негізінде және нақты шешім қабылдау кезіндегі оның қызмет басқаруынан тұрады. Ол жауап алынушыға негіздің ауысуы яғни оның объективті нақты шешім қабылдауы болып табылады.

Ұйымдасқан топ ішіндегі ішкі қатынасты зерттеу, олардың топ ішіндегі орны, олардың жеке іс-әрекеттерінің негізін ашуға, осы негізде тергеуші жауап алушының қатысуымен болған қылмыстың объективті және субъективті жағын ашуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс жауап алынушы тұлға жауап беруден бас тартса болмаса жалған жауап берсе қолданылады. Тергеуші жауап алынушыға оның ойында қалыптасқан жобаларды айтады. Онда мынадай вариантарды болжауға болады:

а) Жауап алынушы тергеушінің жобасымен келісуі, дәл солай болғанын мойындауы мүмкін.

б) Жауап алынушы оған айтылып отырған позиция нақты жағдай екенін айтып, өзінің ұстанымын өзгерте бастайды. Жаңа ақпарат бере бастайды. Мұндай ақпаратты оңай тексеруге болады, өйткені ол алдын ала ойланбай айтылған.

в) Жауап алынушы тергеушінің жобасына жауап бермей, үнсіз отырады. Бұл жерде тергеушінің мақсаты – оның бет құбылысы мен іс-әрекеттеріне назар аудару.

Осындай тактикалық әдістерді қолдану жағымды әсер береді. Рефлексті қадағалау кезінде жауап алынушыға психологиялық көмек көрсетілуі мүмкін. Оның мақсаты – жауап алынушыға психологиялық қарсылықты кедергі қорқыныш негізінде осы жағдайдан шығудың амалын таппаған кезде болады. Тергеушінің мақсаты – жауап алынушыға осы позициядағы дұрыс бағытты

көрсетуі, оның кінәсін жеңілдететіндей дәлелдемелерді көріп түсіну. Осы жерде қандай да бір қарсы ақпараттар психологиялық көмекке негіз бола алады.

Өзінің кінәсін мойындаған айыпталушыдан істің мәнісі бойынша мына сұрақтар анықталады:

- қандай жағдайлармен, қандай негізде, қандай мақсатқа жету үшін ол қылмыс жасады, жасаған қылмысына ол өкіне ме, өзінің жазасын жеңілдету үшін оған не қажет және не істей алады;
- қылмыс жасауға ол қайда, қашан, қандай, ненің нәтижесінде ойға барды, қылмыс жасауға дайындық ретінде өзі немесе басқа адамдар не істеді;
- алдағы қылмыс жасалатын жерге қашан, қай уақытта, қандай тәсілмен, қай жақтан келді;
- осы жермен, қол сұғу нысанымен оны бұрын қандай қарым-қатынас байланыстырды;
- қылмыстың жағдайы мен салдары қандай, қылмыс орнында қанша уақыт болды, қылмысты қандай тәсілмен, қандай мүмкіншіліктері мен заттардың көмегімен жасады, қандай нақты әрекеттер және қандай ретпен жасады, қылмыстық мақсаты орындалды ма т.б.;
- қылмыс жасағаннан кейін оқиға орнында ол нақты не істеді;
- оқиға орнынан қалай және қайда кетті, одан кейін және жасалған қылмысы үшін жауапқа тартылғанға дейін не істеді.

Өз кінәсін мойындамаған айыпталушыға айыптаудың мәні мен оның ұстанатын тұжырымы бойынша дәлелдер мен аргументтер келтіре отырып, өзінің пікірін, нұсқасын баяндау, өзіне белгілі айыптау дәлелдерінің бағасын беру ұсынылады.

Айыпталушы өз кінәсін ішінара мойындаған кезде ол өз кінәсін нақты қай жерде мойындайды, айыптаудың қай жеріне қарсы және неліктен екенін анықтау қажет, содан кейін оған айыптау мәнісі бойынша толық көлемде және барлық сұрақтар бойынша егжей-тегжейлі айғақтар беруге мүмкіншілік жасау қажет.

Одан әрі, қажет болған жағдайда, айыпталушы кінәсін мойындай ма жоқ па, оған қарамастан, тергеу барысында тергеушіде туындаған сұрақтар бойынша, атап айтқанда айыпталушының нұсқасын, оның дәлелдерін, өтініштерін, арыздарын тексеру қорытындысы бойынша қосымша жауап алынуы мүмкін (көптеген сағаттар бойы).

Айыпталушының еркін айтып беру түріндегі айғақтары мен қойылған сұрақтарға жауаптары, оның пікірі, бағасы, дәлелдері, өтініші, арызы жауап алу хаттамасына енгізіліп, оған айыпталушы мен тергеуші қол қояды (айыпталушы өзінің айғақтарын хаттамада өз қолымен жазуға құқылы).

Қаржылық есеп операциясының әдістемесінің ережелері тергеушінің арнайы білімінің болуын талап етеді.

Әр жағдайды талдау үшін тергеуші болжауды құрады олар бірнешеу болуы мүмкін. Тергеуші ақпараттар негізінде ұсталған адамның қорқытып алу белгілеріне сәйкес екендігін, ерікті түрде мүлікті беру жүзеге

асырылғандығын, ерікті түрде қызмет көрсетілгендігін, күдіктінің іс-әрекетінде қорқытып алу белгілерінің бар екендігін, қорқытып алу ұсталған адамның жасағандығын, қорқытып алу қай жерде, кіммен, не мақсатта және қалай жүзеге асырылғандығын анықтау қажет [117, б.89].

Жауап алудың жалпы талаптары Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің 26-тарауында 208-218 баптарында қаралған және де жалпы жауап алу мәселесі пікірталас тақырыбы ретінде үздіксіз қарастырылып келеді.

Қазақстандық авторлар Д.Т. Нұрбек, М.А. Рахметова «сотталушыдан жауап алудың тактикасын айыптаушы нақты криминалистикалық жағдайға байланысты анықтайды» [118, б.273-278]. Және мұндай жағдайлар ретінде: сотталушының өз кінәсін мойындауы; сотталушының өз кінәсін мойындамауы; сотталушының алдын ала тергеу барысында өз кінәсін мойындап, сотта өз жауаптарынан бас тартуы сияқты жағдайларды қарастырған. Бұл сот тергеуі барысында сотталушыдан жауап алуда жиі кездесетін жағдайлар. Және авторлар мұндай жағдайларда мемлекеттік айыптаушының ұстануы тиіс тактикасының белгілі бір бөліктерін атап өткен.

Келесі бір отандық ғалымдар жоғарыда атап өткеніміздей жауап алудың маңызды факторы - криминалистикалық зерттеулер мен әзірлемелер деп көрсетеді [119, б.103-111]. Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, жауап алуда алдын ала қылмыскердің жеке басына, оның процестік жағдайына, жауап алудың орны мен уақытына т.б. жүргізілген криминалистикалық зерттеулер мен тактикалық әзірлемелер алдын ала тергеуде көш бастайды, кейін қылмыстық процестік заңның нормаларына сілтеме жасала отырып ауысады деп көрсетеді. Яғни, талданып отырған мақаланың басты мақсаты жауап алумен байланысты тергеу әрекетін жүргізуде криминалистика ғылымының, криминалистикалық зерттеулер мен әзірлемелердің, қылмыстық процестік және жедел-іздестіру әрекеттерімін тығыз байланысын, сондай-ақ оның орнын анықтау болып табылған.

«Жауап алу» түсінігін анықтауда біз осы уақытқа дейін криминалист ғалымдармен қалыптасқан ортақ ұғымды түсінетін боламыз. Яғни, жауап алу - алдын ала тергеу органдарының қылмыстық процестік заңнамада бекітілген ережелерге сәйкес тұлғадан тергеліп отырған қылмыстық іс үшін маңызды өзі білетін фактілер туралы айғақтар алу мақсатында жүргізілетін тергеу әрекеті [120, б.215].

Жоғарыдағы анықтамаға сәйкес, жауап алудың басты мақсаты толық және объективті шынайы сипатталған айғақтарды алу болып табылады. Мұндай айғақтар дәлелдемелердің негізгі қайнар көзі, ал оларда айтылған фактілі мәліметтер – дәлелдемелер болып табылады.

Украин ғалымы Г.Гросс жауап алу қылмыстың ашудың құралы ретінде аса маңызды деп көрсетеді. Ол өз еңбегінде «жауап алудың мақсаты – жауап алынып отырған тұлға қылмыстың барлық оқиғаларын өзінің көз алдында өтіп жатқанындай айтып беруі үшін қалпына келтіру» деп көрсеткен [121, б.74].

Жалпы алғанда жауап алу қылмыстық істі тергеуге қажетті мәліметтерді алудың құралы. Осыған сәйкес жауап алудың мәні оның өндірісіндегі процестік, тактикалық және психологиялық негіздерінде ашыла түседі. Және де тергеушінің өз өндірісіндегі қылмыстық істі тергеуде іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтер алу мақсатында жүргізетін қылмыстық процестік заңмен қарастырылған танымдық және куәландырушылық операциялардың кешенінен тұрады.

Біздің ойымызша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстарды тергеуде жауап алуды қылмыс жасалғаннан кейін дереу жүргізген маңызды. Бұл жауап алынып отырған тұлғаның интеллектуалдық даму дейгейі, объектіні ойында қайта жаңғырта алу қабілеті, сипаттап отырған объектінің маңызды белгілерін қайта еске түсіре алу қабілеті мен оны есте сақтай алуы сияқты спецификалық ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Сонымен бірге, тергеу тактикасының жалпыға ортақ белгіленген ережелерін бұзуға да жол берілмеуі керек, яғни заңдылық қағидатын сақтауымыз да маңызды. Заңдылық қағидатын бұза отырып жауап алу, кейбір алынған іс үшін маңызы бар айғақтарды кейін жарамсыз деп тануға негіз болуы да мүмкін. Себебі, қылмыстық іс жүргізудің ең басты мәні қылмыстық процесс қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау екенін де ұмытпауымыз керек.

Осылайша, жауап алу аса маңызды да күрделі, кей жағдайда даулы тергеу әрекеттерінің бірі. Сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстарды тергеуде оқиға туралы немесе онымен байланысты жағдайлар мен тұлғалар туралы ақпарат берудің күрделі процесі. Мұндай ақпараттар жауап алынып отырған тұлғалармен белгілі бір құбылыстар мен оқиғаларды бастан кешірген уақытта қабылданады да, кейін жауап алу барысында тергеушіге айтылады.

Ресейлік ғалым В.В. Крюков жүргізген сауалнаманың негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстарды тергеуде жауап алу тергеушілердің жұмыс уақытының 40%-ын құрайды екен [22, б.135]. Салыстыру үшін қарастырсақ, өзге процестік әрекеттерге жұмыс уақытының 15-20% жеткілікті. Жауап алу тергеу әрекеті ретінде кең таралған түрі болуымен қатар, біздің ойымызша ең күрделі түрі деп есептелуі керек. Жоғарыдағы ғалым жүргізген сауалнама нәтижесінде тергеушілердің 48% жауап алынатын тұлғамен коммуникативті байланыс орнатуға мүмкіндік беретін тактикалық амалдар мен тәсілдерді таңдауда қиналатынын көрсеткен. Осы жерде ресей ғалымы В.В. Городиловтың «жауап алу – шеберліктің шыңы» деген ойымен келісуге болатын шығар [122, б.150]. Автор өз еңбегінде көптеген істер бойынша жауап алу оған қатысушылардың ақылы мен ерік-жігерінің шайқасы деп көрсетеді. Жауап алу процесінде екі жақ тілдеседі. Бір жағынан тергеуші, екінші жағынан қылмыстық процестің қатысушысы, яғни жәберленуші, куә, күдікті, айыпталушы, сотталушы т.б. Сонымен қатар, қылмыстық процестік заңнамаға сәйкес жауап алуда қорғаушы, аудармашы және өзге де тұлғалар қатысуы мүмкін. Екі жақтың қандай да мақсат алдына қоғанына қарамастан, өзара ақпарат алмасу болады. Тергеуші үшін жауап алудағы ақпараттар дәлелдемелердің көзі, ал ондағы фактілік мәліметтер барлық тыйым

салынбаған тәсілдермен алуға тырысатын дәлелдемелер болап табылады. Күдікті немес айыпталушы үшін жауап алу оған қарсы келтірілген күдікті сейілту немесе тағылған айыптан қорғалудың құралы.

Осыған сәйкес тергеуші жауап алу сияқты тергеу әрекетін жүргізген уақытта жауап алынатын тұлғаның процестік мәртебесіне қарамастан тактикалық амалдарды шебер қолдана алуы қажет. Мұндай амалдар істі тергеу үшін қажетті ақпараттарды жинау, зерттеу, бағалау мен қолдану процесінде жауап алынып отырған тұлғаға не оның мінез-құлқына әсер ететін тиімді әрі ұтымды тәсілдерден тұрады.

Тактикалық амалдарды қолданудың жол берілетіндігі оның қылмыстық процестік заңнамаға сәйкестігінен ғана емес, сонымен бірге алынған нәтижелердің жеткіліктілігінің кепілі болатындай өзге де критерийлерге байланысты. ҚР Қылмыстық процестік кодексінің 197-бабы, 4-тармағы тактикалық амалдарды қолданудың жол берілмейтін тәсілдерін атап өткен. Мұндай тәсілдер ретінде азаптау, зорлық-зомбылық көрсету, қорқыту, қатігез қарым-қатынас қолдану, жауап алушының өмірі мен денсаулығына қауіп төндіру айтылған.

Заң шығарушының бұл талаптары орынды деп есептеледі. Бір жағынан бұл ереже күмән тудырмайды, қылмыстық процесс барысында адам құқықтарын қорғауда мұндай тәсілдерді қолдануға тыйым салу мейлінше негізделген. Екінші жағынан айғақ беру үшін шақыртылған жәбірленуші мен куә жауап алу алдында көрінеу жалған айғақтар бергені айғақтар беруден бас тартқаны үшін қылмыстық жауаптылық туындайтыны туралы ескертіледі. Сонымен бірге жауап алуға аудармашы қатысқан жағдайда ол жасаған көрінеу қате аударма үшін қылмыстық жауаптылық туралы ескертіледі. Мұндай ескертулер кейбір қатысушылар үшін мейлінше жағымсыз қабылданып, қорқыныш пен үрей туындатуы мүмкін. Сондықтан кей жағдайда қорқыту ретінде бағалануға да алып келеді. Соның нәтижесінде жәбірленуші, өз ықтиярымен келген куә, аудармашы қандай да бір себептерден шатасуы, ақпаратты өңін айналдырып айтуы да мүмкін.

ҚР қылмыстық кодексінің 415-бабына сәйкес айғақтар беруге мәжбүрлеуге тыйым салынған. Бұл тергеуді жүзеге асырудағы тактикалық амалдар мен тәсілдерді тергеу әрекеттеріне қатысушыларының мәртебесі мен тұлғасына қарай мұқият таңдау қажеттігін білдіреді. Себебі, тергеуші қандай да бір тактикалық амалды қолдану мүмкіндігін ойлаған уақытта жәбірленуші немесе куәнің, сондай-ақ күдіктінің не айыпталушының іздеп отырған ақпаратты білетініне сенімді бола алмайды. Оның үстіне тергеуші жауап алынатын субъектіні ақпаратты ерікті әрі еркін беруіне түрткі болып, өзін-өзі немесе өзгені негізсіз айыптауына жол бермеуі қажет. Тактикалық амалдар тек заңды және ғылыми негізделген болып қана қоймай, ерікті таңдауға мүмкіндік беретіндей, бейтарап сипатта болуы, әдеп пен имандылық қағидаттарынан аспауы тиіс.

Осы уақытқа дейінгі криминалистикада әзірленген және тергеу практикасында тәжірибеден өткен тактикалық амалдар өзінің мазмұны мен

қолдану мақсаттары бойынша ерекшеленеді. Алайда, әртүрлі болғанына қарамастан кейбір тактикалық амалдар универсалды болып келеді және кез келген тергеу әрекеттерінде, соның ішінде жауап алуда да қолданылады. Мысалы, жауап алудың табысты болуы оған қатысушылар арасындағы психологиялық байланысқа тәуелді деген ереже қазіргі уақытта бұлжымас аксиомаға айналған. Осындай байланыс орната алу тактикалық амалдардың бірі.

Тергеу әрекеттерін жүргізудің мол тәжірибесіне қарамастан тергеушілермен қолданылатын жәбірленуші мен куәдан жауап алудың тактикалық амалдары аса мардымсыз. Тергеушілер арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелеріне сәйкес тергеушілердің 46% өтіріктерін әшкерелеу, айғақтарды детализациялау, қарама-қайшылықтарды анықтау, сияқты амалдардың кешенін қолданса, респонденттердің 34% жәбірленуші мен куәні жалған куілік етудің болашағы жоқ екендігіне сендіру, жағымды тұлғалық қасиеттеріне мән беру, «азаматтық парызды» еске салу, жауапкершілік туындайтынын ескерту арқылы ашық әрі еркін ақпараттарды беруге көндіруге болады деп есептейді. Респонденттер арасында бұдан өзге тактикалық амалдар көрсетуге қиналған. Бұл алдын ала тергеу органдары қызметкерлерінің кәсіби дайындығының төмендігін және криминалистикалық тактиканың теориялық негіздері бойынша білімдерінің жетіспеушілігін білдіреді.

Шындығында қазіргі уақыттағы криминалистикалық білім деңгейі мұндай тактикалық амалдардың бүтіндей жүйесі қалыптасқандығын көрсетеді. О.Я. Баев тұлғаға әсер етудің сендіру мен мәжбүрлеу сияқты екі негізгі әдісін қарастырған [123, б.217].

Біз қарастырып отырған билікті не лауазымдық міндеттерін асыра пайдалану, пара алу немесе заңсыз кәсіпкерлік қызметпен айналысу сияқты қылмыстарды тергеуде мәжбүрлеу бағытында амалдарды қолдану мүмкіндігі жоқтың қасы. Осыған қарамастан, арам пиғылды жауап алынатын адамнан жауап алуда оған психологиялық әсер ету практикада жиі қолданыс тапқан. Және де құқыққа сай амалдардың бірі болып табылады. Ресейлік ғалымдар В.А. Оразцов, С.Н. Богомолов «егер жауап алуда психологиялық әсер ету тәсіліне тыйым салынса, бұл қылмыстарды әшкерелеу мүмкіндігіне мейлінше кедергі келтіріп, іс бойынша ақиқатты дәлелдеуді қиындататын еді» деп көрсеткен [124, б.313-340].

Сендіру әдісі бір тұлғаның келесі бір тұлғаға имандылық, интеллектуалдық, эмоционалдық және өзге де көзқарастарын келесі бір тұлғаға бере отырып оның позициясының өзгеруінен тұрады. Мұндай әдісті куәдан, күдіктіден не айыпталушыдан жауап алуда қолдануға болады. Анық мәліметтерді анықтауға кедергі болатын мән-жайлардың бірі мүдделі тараптан қатысушылардың жалған айтуы. Сондықтан да күдіктіден не айыпталушыдан шынайы айғақтар алуға ұмтыла отырып, олардың берген айғақтардың жалғанын анықтап отырғаннан гөрі, көрінеу жалған айғақ беру үшін жауаптылық болатынын ескерту тиімдірек екенін ескерген жөн. Практикада

куәнің, күдіктінің не айыпталушының шындықты айтқысы келмейтінін анықтау әрқашан мүмкін бола бермейді. Біз қарастырып отырған сыбайлас жемқорлық қылмыстарына қатысты мұндай мәселелер жиі туындайды. Оның себебі, күдікті не айыпталушы ретінде жауап алынып отырған қылмыс субъектілерінің әлеуметтік және интеллектуалдық қасиеттерінің дейгейімен байланыстырамыз.

Сонымен қатар кейбір ғалымдар қолданылып келе жатқан тактикалық амалдарда қолдануға жатпайтын жауап алынып отырған адамға психологиялық ықпал ету элементтері бар деп есептейді. Мысалы, біз қарастырып отырған сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстарды тергеу оған қарсы күштердің болуы жағдайында жүргізіледі. Яғни, тергеу әрекеттерін, соның ішінде жауап алудың заңға сәйкес жүргізілуіне түрлі нысандағы қысымдар жасалуы мүмкін. Осыған байланысты тергеушіні қылмыстың жасалуын жан-жақты анықтауға мүмкіндік беретін қандай да бір тактикалық амалдарды қолданудан бұл амалдардың «адамгершілік тұрғысынан таза болмауы» себепті ғана бас тартуға мәжбүрлемеуіміз керек.

Егер де «заңмен тыйым салынбағанның барлығы рұқсат» деген жалпыға ортақ қағидатқа сүйенер болсақ тергеуші заңда айтылған процессуалдық мүмкіндіктердің аясында бірақ заңға (соның ішінде заңға тәуелді актілерге де) қайшы келмейтін барлық мүмкіндіктерді пайдалана алады. Оның үстіне ҚР Қылмыстық процестік кодексінің 210-бабы 4-тармағына сәйкес жетелеуші сұрақтар қоюға ғана тыйым салынған. Сондықтан да заң шығарушы тергеушінің шығармашылық еркіндігіне жасанды кедергі қоймаған деп есептейміз.

Біздің ойымызша жауап алынып отырған адамға ықпал етуді амалдарын таңдайтындай жоспар дайындалуы керек. Осы бағытта кейбір авторлар жауап алынатын адаммен байланыс орнату мақсатында оның кейбір қажеттіліктерін қанағаттандыруға болады деп есептейді [125, б.10]. Алайда, осындай амалды қолдануды болады не тыйым салынуы керек деп біржақты айту мүмкін емес. Бұл амалдарды қолдану тергеудің мазмұнына, жауап алынатын субъектінің тұлғасына, оның саналық дейгейіне байланысты.

Ғылыми әдебиеттерде тергеуге алынған адамдардың арасында даулы жағдай туындату сияқты тергеу амалы бұрыннан айтылып келеді. Біздің ойымызша, мұндай амалды сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстар бойынша іс жүргізуде күдіктілерді, кейбір жағдайларда куәларды тергеуде қолдану өзінің жемісін береді. Кейбір авторлар мұндай тактикалық амалды қолдануды «жауап алуда мейлінше динамикалық шиеленіс туғызу» [126, б.7] деп те атайды. Бұл жағдайда тергеуші жауап алуда барынша үздіксіз шеиленіс туғызады: жауап алудың жылдамдығы; дауыс ырғағы; бет қимылы мен қол сермеудің жиілігі; жауап алу ритмі; жауап алудың ұзақтығы (әрине заңға сәйкес).

Бұдан бөлек жауап алынып отырған тұлғада іске қатысушы өзге адамдар тарапынан оның жасағанын мойындағаны туралы көзқарас қалыптасуына бағытталған тактикалық амалдар қолдануға болады. Тергеуші қылмысқа және

айыптайтын дәлелдемелерге қатысты мейлінше көп ақпарат білетіндей жағдай қалыптастыратын тактикалық амалды қолдану да заңды деп есептейміз. Алайда, мұндағы басты талап тергеушінің дәлелдемелерді бұрмаламауы.

Жауап алынып отырған адаммен өзара келісімге келу амалы да мән беруге тұрарлық. Яғни тергеуші мен жауап алынатын тұлға арасында өзара келісімнің болуы. Мұндай келісімдер белгілі бір тергеу әрекеттерін немесе жедел-іздестіру шараларын жасау немесе жасамауға, оны кейінге қалдыруға байланысты болуы мүмкін [127, б.949-962]. Өзара келісім жасау амалы тек жол берілетін амал ғана емес, сонымен бірге қажетті амалдардың қатарына кіреді. Бұл өзара қарым-қатынастың негізі. Ал мұндай келісімнің шегі қандай болуы керек деген мәселе де бар [128, б.721-736]. Бұл жерде нақты бір ұсыныстар беру мүмкін емес, себебі барлығы сол жердегі оқиғаға, жауап алудың субъектілеріне және өзге де жағдайларға байланысты. Жалпы жауап алуда тергеу әрекеттерін ұйымдастыру мен оның тактикасы тергеуді жүргізудің жағдайына тікелей байланысты және де барлық бөліктердің органикалық бірлігін құрайтынын айта кетуіміз керек.

Сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстар бойынша іс жүргізуде куә ретінде көбіне төмендегідей адамдар тартылады:

а) өзінің қызметін асыра пайдаланды не кәсіпкерлік қызметпен заңсыз айналысты немесе пара алды деген лауазымды адам, күдік келтірген (айыпталған) адам жұмыс жасайтын кәсіпорында не мекемеде бөлім басшылары, қатардағы жұмыскерлер болып бірге жұмыс жасайтын тұлғалар;

ә) осы ұйымда жұмыс жасамайтын тұлғалар – әріптес ұйымдардың, жоғары тұрған ведомстволардың, бақылау-ревизиялық органдардың қызметкерлері;

б) туыстары, достары және де лауазымды адамның өзге де таныстары.

Жәбірленуші мен куәдан жауап алуда келесідей типтік тергеу жағдайлары туындап отырады:

Жәбірленуші, куә, күдікті, айыпталушы болған оқиғаның барлық жағдайлары туралы егжей-тегжейлі айтып береді. Осындай даусыз жағдайлар жауап алудың 76%-нда кездесіп отырады [13]. Жағдайдың қолайлылығына қарамастан, осылай берілген айғақтардың өзінде олқылықтар, бұрмалаулар, өңіп айналдырып айту, тым әсірелеу кездеседі. Әдетте мұндай адамдар әңгімеге белсенді тартылады, болған оқиғаға өзіндік баға береді, тергеуді жүргізуге қатысты кеңестер айтады. Мұндай жағдайларда жауап алуды тергеушінің кабинетінде жүргізген абзал, себебі ресми жағдай іскерлік қарым-қатынастың одан әрі қалыптасуына өз әсерін береді. Мұндай жәбірленушілер мен куәлар әдетте ҚР Қылмыстық процестік кодексінің 71-бабы 6-тармағы 6-тармақшасында, 78-бабы 3-тармағында көзделген құқықтарын пайдаланбайды. Сыбайлас жемқорлық бағытында жүргізілген қылмыстық істерді қарау нәтижесінде жәбірленушілер мен куәлардың тек 3% ғана жауап алуда алвокаттың көмегіне жүгінгендігін байқадық [13].

Егер де жәбірленуші не куә «еркін баяндауда» жауап алудың негізгі тақырыбынан ауытқып кетсе оның көңілін іске қатысты оқиғаға байланысты

айтуға бұру қажет. Жалпылама мәліметтерді әңгімелеп кеткен жағдайда тактикалық түрде іс бойынша білетін нақты мәліметтерді баяндауға мүмкіндік беру қажет. «Сұрақ-жауап» бөліміндегі сауалдар жауап алуға негіз болып отырған тақырыпқа сәйкес болуы және ондағы жауаптар алдында баяндалған мәліметтерді толықтыруы қажет [129, б.68].

Жәбірленуші, куә көрінеу жалған айғақтар береді. Бұл жағдай алдыңғыға қарағанда жағымсыз сипатта дамиды. Зерттеу барысында қаралған істердің 24%-нда кездескен. Және мұндай жағдайлар істе бірнеше жәбірленуші болған жағдайда көптеп кездеседі. Сонымен қатар, істердің 4% бойынша мұндай куәлардан жауап алуды өз кінәсін мойындамай отырған күдікті не айыпталушы ұсынған. Жағдайды шешу мақсатында тергеуші жауап алудың алдында куәнің көрінеу жалған айғақтар беретінін болжай алуы қажет. Осы мақсатта мұндай куәнің іске қатыстылығын анықтауды талап етеді [130, б.604-620]. Көрінеу жалған айғақтар беру достық, аяушылық сезімнен, пайдакүнемдік ниетпен айыпталушымен сөз байласу нәтижесінде берілуі мүмкін. Және олардың мазмұны әдетте алдын ала ойластырылады [131, б.523]. Бұл жауап алу өндірісінде міндетті түрде есепке алынып оның нәтижесінде бағалануы тиіс.

Осылайша даулы жағдайдағы жауап алудың негізгі тактикалық амалдарының бірі – көрінеу жалған аңғақтар беруінің себептерін анықтау мен оларды жою. Одан бөлек куә, жәбірленуші ҚР ҚК 419-бабына сәйкес көрінеу жалған сөз жеткізгені үшін қылмыстық жауаптылық бар екені ескерілуі қажет. Осы жағдайда жәбірленуші, куә өзінің алдын ала дайындаған жалған ақпаратын еркін мәлімдеп болғаннан кейін, оның айғақтарындағы алдыңғы алынған жауаптармен қарама-қайшылықтарды не осыған дейін жиналған іске қатысты дәлелдемелерді көрсету ұсынылады.

Күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алу қиындығымен және құрылыммен ерекшеленеді. Күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алудың тактикасын әзірлеу өткен ғасырдың 60-жылдарынан бері ғылымда талқыланып келеді [132, б.63].

Күдікті (айыпталушы) қылмыстық процесте ерекше мәртебеге ие және айғақтар беруге міндетті емес. Сондықтан да күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алуда тергеуші оны шынайы айғақтар берудің қажеттігіне сендіру мақсатында тактикалық амалдар мен тәсілдерді іскер қолдана алуы қажет.

Сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстық іс бойынша күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алудың мақсаты қылмыстық іс бойынша дәлелденудің пәні болып табылатын оған белгілі барлық жағдайлар туралы шынайы әрі толық айғақтар алу болып келеді. Күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алу нақты бір қиындықтарға толы, оның нәтижелілігі тергеушінің кәсіби біліктілігіне, білімі мен тәжірибесіне тікелей байланысты. Жауап алуға дейін тергеуші жауап алынатын тұлға туралы жекелеген мәліметтерді білуі, істі мұқият зерттеуі және алда болатын жауап алудың жоспарын әзірлеп алуы тиіс.

Күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алуға дайындық төмендегідей бөліктерден құралуы тиіс:

а) жауап алудың пәнін құрайтын және жауап алынатын тұлға туралы ақпараттарды жинақтау. Күдіктінің (айыпталушының) жеке тұлғалық қасиеттерін, қылмыстық жасалуының себептерін анықтауда адамның өмір салты, оның қызығушылықтары, қалыптасқан әдеттері, күнделікті өмірдегі мінез-құлқы, әртүрлі мәселелер бойынша айтқан әңгімелері және т.б. ең қажетті ақпарат болуы мүмкін. Бұл мәліметтер жауап алудың тактикасын, қойылатын сұрақтардың сипаты мен кезектілігін дұрыс анықтауға, күдіктінің (айыпталушының) мүмкін болатын мінез-құлқын алдын ала болжауға мүмкіндік береді;

ә) жауап алуды тактикалық қамтамасыз ету. Жағдайға қарай қолданылуы мүмкін келесідей тактикалық амалдарды ұсынуға болады: 1) жауап алынатын тұлғаның өтірігі әшкере болатынына сендіретін амалдар; 2) алынған айғақтар мен қылмыстың жағдайлары туралы жауап алынатын тұлғада әсіреленген көріністі қалыптастырумен байланысты амалдар; 3) күдіктіге (айыпталушыға) қарсы қолда бар дәлелдемелер туралы оның бойында әсіреленген көрініс қалыптастыру амалдары; 4) «аңыз қалыптастыру»; 5) көңілін аулау немесе қосымша сұрақ;

б) жауап алуда күдіктіге (айыпталушыға) ұсынуға қажетті дәлелдемелерді жинау мен әзірлеу. Жауап алу барысында жалтарма жауаптарды немесе жалған айғақтарды жоққа шығаратын сол арқылы шынайы айғақтар алудың тиімді құралы болып табылатын дәлелдемелерді шебер қолдану қажет;

в) жауап алудың уақыты мен орнын таңдау, жауап алуға шақырудың тәсілін таңдау. Күдіктіні (айыпталушыны) жауап алуға шақыру тәсілін тактикалық дұрыс қолдану осы тұлғаның алдағы диалогқа жағымды қатынасын қалыптастырады;

г) техникалық қамтамасыз ету. Жауап алу барысында аудио, видео жазбаны қолдану ҚР ҚПК-нің 210-бабы 9-тармағына сәйкес тергеушінің шешімі, сондай-ақ куәнің, жәбірленушінің, күдіктінің, айыпталушының өтініші бойынша қолданылуы мүмкін.

Қорыта келе, сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстық істер бойынша жәбірленуші, куә, күдікті, айыпталушыдан жауап алудың төмендегідей ерекшеліктері анықталды:

а) тергеушілермен қолданылатын жәбірленуші, куә, күдікті, айыпталушыдан жауап алудың тактикалық амалдары мен тәсілдері әлі күнге дейін жеткіліксіз зерттелген күйде болып отыр.

ә) жоғарыда аттылған тұлғалардан жауап алуда психологиялық қысым көрсету мен ескертулер берудің, айғақтар беруге мәжбүрлеу мен жасалған қылмыстық әрекеттері әшкерелеудің ара жігін ажырату қажет. Ол үшін сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстық істерді жүргізудегі типтік жағдайлар қалыптастырылып, ондағы жауап алынатын тұлғаларға

қолданылған амалдар мен жүргізілген процестік әрекеттер мен заңға сәйкес процедуралардың әсері зерттеліп талдануды қажет етеді.

б) сыбайлас жемқорлық бағытындағы қылмыстар бойынша жауап алуды жүзеге асыруда оның орны, уақытымен қатар, тактикалық амалдар мен тәсілдерді алдын ала таңдалып, жоспарлануы маңызды екені анықталды. Оның басты себептерінің бірі күдікті, айыпталушы ретінде қылмыстық іске тартылып, жауап алынатын адамның әлеуметтік және құқықтық мәртебесінің ерекшелігі, лауазымдық өкілеттіліктерінің болуы болып отыр.

в) жемқорлық бағытындағы қылмыстық істерді жүргізудегі типтік жағдайларына байланысты тиімді тактикалық амалдар мен тәсілдерді қолданудың әдістемесін қалыптастыру қажет. Және де болашақ тергеушілердің осы саладағы құзіреттіліктерін өсіру мақсатында оқыту үдерісіне енгізу қажет.

3.3 Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексерудегі тінту жүргізудің маңызы

Осы санаттағы істер бойынша тінтудің нәтижелігі келесідей жақтардан тұратын оның дайындалу дәрежесіне байланысты:

а) тінту жүргізілетін тұлғалар туралы мәлімет алу;

ә) табуға қажетті объектілер туралы мәліметтерді анықтау;

б) тінту жүргізілетін орын туралы мәліметтерді алу;

в) тінту жүргізудің уақытын анықтау;

г) жедел-тергеу тобының құрылуы және оны тергеу әрекеттерін жүргізетін жерге жеткізілуі үшін көлік құралдарын дайындау;

д) тінту нәтижелерін қосымша тергеу үшін және қаруды, ұрланған бағалы заттарды және басқа да объектілерді табу үшін қажетті техникалық құралдарды дайындау.

Тінту қай тұлғаға қатысты жүргізілуі қажет екендігі туралы мәлімет алынады:

- жәбірленушінің, куәлардың, күдіктінің (айыпталушының) олардың туыстарының, таныстарының, қызметкерлерінің берген жауаптарынан;
- жедел-іздестіру жолымен алынған материалдардан;
- ізделінетін объектілерді сипаттайтын қару хаттамасынан және сарапшы қорытындысынан.

Бұл санаттағы істер бойынша күдікті ізделініп жатқан затты кімде тығуы мүмкін екендігін анықтау үшін тінтуге жататын тұлғаның таныстарының аясын, байланыстарын анықтау қажет.

Қылмыстық істерді талдау барысы осы санаттағы істер бойынша тінту күдіктінің (айыпталушының) тұрғылықты жерінде немесе олардың туыстарының, таныстарының тұрғылықты жерлерінде, автомашиналарда жүргізіледі [133, б.147].

Күдіктіні ұстаған кезде ҚР ҚПК-нің 255-бабына сәйкес жеке басын тінтуді жүргізіледі.

Ұсталуға тиісті күдіктінің жеке басын зерттегенде қылмыс жасаған кездегі оның әрекетінің каншалықты қатыгездігі, қауіптілігі, оның бойында каруының бар-жоқтығы, бұрын ауыр қылмыс жасаған не жасамағандығы, сондай-ақ бұған дейін билік өкіліне қарулы қарсылық көрсеткен жоқ па екен, дәл қазір оның осындай әрекетке баруы мүмкін бе, міне осы меселелердің бәрі егжей-тегжейлі зерттеледі. Осыған қоса, оның күнделікті тұрмыс-тіршілігі, өмір салты, мінез құлқы, уакытын қайда, қалай өткізетіні, әдетте, қайда, қалай жүріп баратыны, қылмыстық байланысы, т.б. тексеріледі. Аталған әрекеттер ұстау кезінде қылмыскердің қалай әрекет ететінін дәл болжап, соған орай тиімді қимыл жасау, яғни жедел топтың әрекет мәнерін дұрыс жоспарлау, ұсталатын жер мен ұстау уакытын дұрыс белгілеу, тиімді тактикалық әдісті жоспарлау, жедел топтың сандық құрамын дәл анықтау үшін кажет.

Көптеген сыбайластықтың пайда болуы пара алу және берумен байланысты. Осыған байланысты пара алу сараланған белгілермен сипатталады:

- ҚР мемлекеттік қызметін атқаратын тұлға немесе оның субъектісі және де жергілікті басқару органының басшысымен;
- Алдын ала сөз байласқан немесе ұйымдасқан топпен;
- Бірнеше рет;
- Параны қорқытып алушылықпен;
- Ірі мөлшерде.

Сонымен қатар, пара алу сараланған белгілеріне лауазымды тұлғаның заңсыз әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасауы да жатады.

Сыбайлас жемқорлық пен пара алу қылмыстарының объектісі, субъектісі, жасалу тәсілі бір болуына байланысты бір криминалистикалық методика пайдаланылады.

Соңғы жылдары қоғамымызда өмірдің әлеуметтік-экономикалық шарттарының бұзұлуына байланысты сыбайлас жемқорлық қылмыстарының саны күрт өсіп кетті.

Мемлекеттік қызмет агенттігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, елімізде шенеуніктер армиясы бір жылда мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлық туралы заңнамаларды өрескел бұзып, 18 мыңнан астам құқық бұзушылық әрекеттерге барған. Мемлекеттік қызмет агенттігінің 2024 жылы орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың жұмысына 3728 рет тексерулер жүргізілген. Кезекті және арыз, шағымдар бойынша жүргізілген тексерулер нәтижесінде, 1119 мемлекеттік қызметкер әкімшілік шараларға тартылған. Бұл 2023 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда екі есеге көп. Осы тексерулер нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністері үшін бар-жоғы 17 қызметкер ғана қызметінен кеткен. Аймақтағы тәртіптік кеңестердің шешімімен 1503 лауазым иесі ғана тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Тінту жүргізілетін уақыты нақты тергеу жағдайымен және жедел мәліметтерін басшылыққа ала отырып анықталады. Жеке тінту және автомашинаны тінту күдікті ұсталған соң бірден жүргізіледі.Күдіктінің тұрғылықты жері бойынша тінту одан жауап алынған соң жүргізілуі мүмкін.

Жедел-тергеу тобының құрамы тінтудің мақсатына және оны жүргізу кезінде қалыптасуы мүмкін болатын жағдайға тәуелді.

Топқа тергеуші, куәгер, қылмыстық іздеу қызметкерімен қатар маман-криминалист, аудармашы, итімен қоса кинолог және арнайы білім және тәжірибені талап ететін әртүрлі нұсқауларды орындайтын тұлғалар да қатыстырылуы мүмкін. Егер күдіктінің (айыпталушының) қаруланғандығы туралы ақпарат тұрғын-жайға ену кезінде белсенді қарсылық көрсету мүмкіндігі туралы мәлімдеме болса, ұстап алу тобының қатыстырылуы қажет.

Қылмыстық топтың анықталған барлық мүшелерінде бір уақытта тінту жүргізу үшін тәжірибелі тергеушінің немесе қылмыстық іздеу қызметкерлерінің басқаруымен бірнеше бригада құрылады. Топтар арасында байланыс телефон немесе рация құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Тінтудің пәрмеңділігі оның аяқ асты жүргізілуіне криминалистика әдебиеттерінде сипатталған және тығылған заттарды іздеудің нәтижесімен бекіту үшін пайдаланылатын сәйкесінше техника құралдарын пайдаланудың тактикалық тәсілдер жиынтығын қолданумен қамтамасыз етіледі. Тінту жүргізілетін жерге келген сәтте ең алдымен телефонды сөндіріп тастау керек. Және белгі беру арқылы ақпарат беруді болдырмау қажет.

Қорыта айтқанда, сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша нақты жағдайды ескере отырып тінту жүргізуге жасалған жоспарға байланысты келесідей тактикалық тәсілдер қолданылады:

- тінтудің кезекті және таңдау тәсілі (бірінші жағдайда – тергеуші барлық объектілерді қарай отырып, таңдаған бағытымен жүреді, ал екіншіде – тығылған объектілерді жасыруы мүмкін жерлері таңдалып тінтіледі);
- жеке және топтық тінтулер (тәсілдер, ізделінетін затқа байланысты таңдалады);
- бірігіп және жеке тінту (жеке тінту немесе маманның қатысуымен жүргізілетін тінту);
- параллельді немесе қарама-қарсы тінту (тінтілетін мекен-жай немесе азаматтық учаскеге байланысты);
- қалыптығын бұзып немесе бұзбай тінту;

3.4 Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша тануға ұсынудың тәртібі

Қылмыстық істерді тергегенде кей жағдайда жеке адамның, заттардың, бұйымдардың және басқа да объектілердің осы тергеліп жатқан қылмысқа байланысты анықтау үшін оларды жәбірленушіге, куәгерге таныту мақсатымен ұсынып, көрсетуге тура келеді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексеру кезінде адамды тану нәтижелері маңызды дәлелдемелер рөлін атқарады. Тануды ойдағыдай жүргізудің негізі болып пара беруші (жәбірленуші) мен пара алушының немесе парақорлыққа делдалдың неғұрлым ұзақ байланыста болуы табылады, яғни осы уақыт аралығында жәбірленушінің қылмыскердің сыртқы бейнесін, олардың іс-қимылын, сөйлеу ерекшеліктерін есінде сақтап қалуға мүмкіндігі болады [136, б.375].

Кез келген тергеу әрекеті, соның ішінде тану үш кезеңнен тұрады: дайындық жүргізу немесе өткізу немесе алынған нәтижені процессуалдық құжаттарда бекіту. Тану жүргізуге дайындық кезеңінде тергеушіге қажетті мәліметтер:

- ішінде танылатын адамды бар өзге тұлғаларды танитын адамға іріктеп беру;
- куәгерлердің қатысуын қамтамасыз ету;
- айыпталушының (күдіктінің) қорғаушысына жасалмақ болып отырған іс-әрекет туралы хабарлау;
- тануға қатысатын тұлға, яғни куә (жәбірленуші) кәмелетке толмаған болса 14 жасқа дейін немесе айыпталушы (күдікті) 16 жасқа дейін болса педагогтың қатысуын қамтамасыз ету және кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің қатысуы туралы мәселені шешуге;
- фото немесе видеотехниканың көмегімен тануды бекітуге қажетті құралдарды дайындау;
- танитын адаммен психологиялық даярлықты өткізу (оған тергеу әрекетінің қажеттілігін түсіндіру, оны шындықты айтуға үгіттеу, танылатын адамның алдында қорқыныш сезімін болдырмауға көмектесу).
- танылатын тұлғаны дайындау, оның сыртқы түрін, киімін;
- қажет болған жағдайда аудармашының қатысуын қамтамасыз ету.

Сыртқы бейнесі ұқсас болып келетін және бір-бірінен ерекшеленбейтін танудың өзге тұлғаларын таңдауға ерекше көңіл бөлу қажет. Бұл топқа танитын адам бұрын білетін тұлғалары кірмеу керек. Тану ҚР ҚПК-нің 229-230-баптарына сәйкес жүргізіледі.

Адамдардың кім екенін таныту үшін танушы адамнан алдын ала танылатын адамның сыртқы бейнесі, пішіні, киімі туралы оны қандай жағдайда көргені жөнінде асықпай жауап алу керек. Танытуға көрсетілетін адам, өзіне ұқсас, кем дегенде үш адамның арасында, қалаған орында тұруы керек. Танушы адам танытуға көрсетілетін адамды тергеу әрекеті басталғанша көріп қоймайтындай жағдай жасалуы керек. Танытылуға тиісті адам кем дегенде үш адамның арасынан өзі қалаған орын алғаннан соң, танушы адамды кіргізіп: «Кәне, танитын кісіңіз қайсы, көрсетіңіз және қандай нақты белгілері бойынша ол кісіні танитыңызды түсіндіріңіз» деп тергеуші ұсыныс жасайды. Танушы адам осы үш кісінің ортасында тұрған адамды тиісті жасалған қылмысқа байланысты белгілі бір жағдайда қалай көргенін, оның сыртқы бейнесінің қандай белгілері, ерекшеліктері бойынша танығанын айту керек. Уақыт өткеннен кейін көрсетілген адамның сыртқы бейнесінде, әрине өзгерістердің болуы мүмкін. Сондықтан көрсетілген адамды таныганымен оның бейнесінде қандай өзгерістер бар екенінде танушы адам толық айтып беруі тиіс [137, б.154].

Әр адамның өзіне ғана тән және қайталанбайтын сырт пішіні болатыны ғылыми нақты анықталған. Жастың ұлғаюына байланысты өзгерістерге қарамастан (адам өседі, қартаяды, ауырады, косметологтар қызметін пайдаланады және т.б.) адамның сыртқы келбеті салыстырмалы түрде тұрақты

болып қалады. Адамның сыртқы түрінің трансформациясының заңдылығы белгілі болғандықтан пішіннің аздаған өзгерістері оны криминалистикалық практикада пайдалануға кедергі бола алмайды.

Адамның сыртқы келбетінің әртүрлі кескіндерде бейнелену қасиетіне байланысты, мысалы, суретте, фотографияда, бейне таспада және идеалдық – басқа адамның жадында, ол туралы белгілі болған ақпараттарды қылмыстарды ашу, тергеу практикасында пайдалануды қамтамасыз етеді. Келбетті пайдаланудың маңызды алғы шартына криминалистикалық практикада оның кескінделінуінің жалпы қасиеттерін жатқызады: нақтылығы – объективтік заңдылыққа сәйкес адам пішінінің кескінделуі; шынайылығы – ақиқатқа сәйкестілігі; толықтығы – белгілі бір криминалистика міндеттерін шешуге адамның сырт пішін белгілерінің жеткіліктілігі.

Сырт пішін дегеніміз ол көру арқылы қабылданатын адамның сыртқы түрі және ол туралы мәліметтер жиынтығы. Мұндай мәліметтер қылмысты ашу, тергеу процесінде пайдаланылады, нақтылап айтқанда, мына міндеттерді шешу үшін: қылмыс болған жерден қашып кеткен белгісіз адамды іздестіру, егерде оның сырт пішіні туралы мәліметтер болса; жазаны өтеу орнынан қашып кеткен, тергеу және сот органдарынан бой тасалап жүрген белгілі адамдарды іздестіру; хабар-ошарсыз кеткендерді іздестіру; тірі және өлген адамдарды идентификациялау [138, б.96].

Бұл міндеттер тергеу әрекеттерін, жедел-іздестіру іс шараларын, сараптау жұмыстарын, криминалистикалық есептерді жүргізу барысында шешіледі.

Осы тергеу әрекетін жүргізгенде танушы адамның өзіне көрсетілген адамды тануы, сол адамның бейнесінде, пішінінде бар белгілерге негізделеді. Сол ойында қалған белгілерді көріп тұрған адамның пішініндегі белгілерімен танушы адам ойша салыстырады.

Бұл сыртқы бейне және пішін белгілері криминалистикада үш түрге бөлінеді. Біріншісін анатомиялық белгілер, ал екіншісін функционалдық белгілер дейді.

Анатомиялық статистикалық белгілерге адамның бойы, дене, құрылысы, бет-әлпеті және дене мүшелерінің басқа ерекшеліктері жатады (басы, маңдайы, мұрны, аузы, ерні, иығы, қол-аяғы т.б.).

Функционалдық (динамикалық) белгілерге дауысы, тіл ерекшеліктері, жүрісі, аяқ алысы және басқа да дене қимылының ерекшеліктері жатады.

Сонымен қатар, криминалистикада сыртқы бейне және пішін белгілерінің жалпы физикалық түрі бар.

Адамның сыртқы келбетін элементтер жүйесі түрінде қарастыруға болады. Бастың, беттің, мүсіннің, қол-аяқтардың сыртқы құрылымдары; адамның функционалдық көрінісі (тұрысы, жүрісі, мимикасы және т.б.); жалпы дене көрінісі (жынысы, жасы, антропологиялық типі және т.б.); киім киісі және өзімен бірге алып жүретін заттары – бұл элементтердің барлығының да криминалистика тұрғысынан алғанда маңызы бар.

Бір адамның сыртқы келбеті басқа адамнан өзіндік белгілерімен ерекшеленеді, мысалы, сырт пішіннің жекелеген сипаттамаларымен немесе

оның элементтері арқылы. Криминалистикалық идентификация теориясында белгілер зерттеу затының қасиеттерінің объективті кескіні болып табылады.

Тану жүргізілгенде осы көрсетілген белгілер бойынша белгілі адам танылса, оны бейнелеп, сипаттап айту кейде танушыға өте қиынға түседі.

Осыған байланысты тергеуші криминалистикада қолданылатын бейнелейтін әдісті – «ауызша бейнелеу» әдісін қолдану керек, яғни адамның келбетін ауызша бейнелеу. Мысалы, бойы биік, орташа, аласа бойлы; басы үлкен, кіші, шашы қою, сирек, қара, жирен; беті жалпақ, сопақ; маңдайы биік, кең маңдайлы, шот маңдай, төмен т.б. Дене мүшесінде анатомиялық кемістік болса, олар ерекше белгілері есебінде ерекшеленеді.

Кісі тануда әр адамдарға тән, қалыптасқан дене қимылдары да жеке белгі есебінде пайдаланылады. Атап айтқанда, оның дауысы, сөлеу мәнері, тіл ерекшелігі, жүрісі, аяқ алысы ерекшеліктері. Кей жағдайларда осы белгілерге ғана негізделіп кісіні танытуға болады. Бірақ бұл функционалдық белгілерді өте оңай өзгертуге болатындықтан, мұндай көрсету көбіне тиісті нәтиже бере алмайды. Себебі, танылатын адам дауысын да, жүрісін де, көрсету үстінде өзгертіп жіберуі мүмкін. Сондықтан бұл белгілер әдетте анатомиялық белгілермен қоса көрсетіліп, пайдаланылады.

Тану нәтижесі бойынша ҚР ҚПК-нің 199-бабына сәйкес хаттама толтырылады.

Қорыта айтқанда, сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша тану жүргізу ҚР ҚПК-нің 229–230-баптарында көзделген реттерде бұрын алынған ақпаратты нақтылауға, қылмысқа қатысы болуы мүмкін адамдар мен объектілерді сәйкестендіруге, соның нәтижесінде дәлелдемелік ақпаратты қалыптастыруға бағытталған процестік құрал болып табылады. Оның маңыздылығы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің көбіне жасырын жағдайда, алдын ала келісім негізінде, делдалдар арқылы немесе сырттай заңды болып көрінетін қызметтік шешімдермен ұштасып жасалуымен айқындалады. Мұндай істерде қылмыстың барлық қатысушылары тікелей көрінбеуі, пара беруші мен алушының байланысы шектеулі жағдайда жүзеге асуы, ал ақша қаражаты мен өзге де игіліктерді беру бірнеше аралық тұлға арқылы ұйымдастырылуы мүмкін. Сондықтан тану үшін көрсету белгілі бір тұлғаның немесе объектінің қылмыстық оқиғамен байланысын тексеруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл тергеу әрекетінің нәтижесі өздігінен адамның кінәлілігін дәлелдемейді: ол іс бойынша өзге дәлелдемелермен жиынтықта бағалануға тиіс. ҚР ҚПК-нің 229-бабы тану үшін көрсетудің мақсаттары мен оған дейін танушыдан жауап алу талабын, ал 230-бабы оны жүргізу тәртібін белгілейді.

Осыған дейін айтқанымыздай, сыбайлас жемқорлық бойынша қозғалған және сотқа дейін барған 217 қылмыстық істі талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша тану үшін көрсету жүргізілуі ықтимал негізгі жағдайларды олардың қылмыстық-процестік міндеттері мен дәлелдемелік маңызына қарай бірнеше топқа бөлуге болады.

Біріншіден, пара алу немесе пара беруге байланысты оқиғаға қатысқан лауазымды адамды тану қажеттілігі. Бұл жағдай пара берушінің, куәгердің немесе өзге де процестік қатысушының параны беру, алу, талап ету немесе келіссөз жүргізу кезінде белгілі бір мемлекеттік қызметшіні тікелей көргенімен байланысты туындайды. Мұнда тану үшін көрсетудің негізгі міндеті – бұрын байқалған адам мен қылмыстық оқиғаға қатысы бар деп болжанатын тұлғаның сәйкестігін тексеру. Оның қажеттілігі лауазымды адамның аты-жөнінің анықталмауынан ғана емес, оқиғаға қатысы бар адамның жеке басын процестік жолмен нақтылау қажеттілігінен де туындайды. Мәселен, азамат мемлекеттік органның қызметкеріне белгілі бір мәселені шешкені үшін ақша беруді талап еткен адамның сыртқы белгілерін сипаттауы мүмкін, алайда оның аты-жөнін білмеуі ықтимал. Осындай жағдайда тану үшін көрсету адамның жеке басын анықтауға және оның өзге дәлелдемелермен байланысын тексеруге ықпал етеді. Бұл тергеу әрекеті тұлғаның кінәлілігін алдын ала белгілеу құралы емес, нақты сәйкестікті анықтау тәсілі ретінде қарастырылуға тиіс.

Екіншіден, парақорлық схемасындағы делдалды немесе өзге де аралық қатысушыны анықтау. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарында параны тікелей алушы мен берушінің арасында ақша қаражатын жеткізетін, кездесуді ұйымдастыратын немесе тараптардың байланысын қамтамасыз ететін тұлға – делдал болуы мүмкін. Мұндай жағдайда қылмыстық оқиғаның жекелеген эпизодтарын көрген куә немесе пара беруші делдалдың сыртқы келбетін есте сақтағанымен, оның жеке басы туралы нақты мәліметтерге ие болмауы ықтимал. Делдалды тану үшін көрсету оның оқиғаға қатысуын тексеруге мүмкіндік береді, бірақ оның қылмысқа қатысқанын автоматты түрде білдірмейді. Тергеу үшін маңызды мәселе – адамның кім екендігін анықтаумен қатар, оның нақты қандай әрекет жасағанын, кіммен байланысқанын және оның әрекеттері пара беру немесе алу фактісімен қалай ұштасатынын басқа дәлелдемелер арқылы тексеру. Бұл әсіресе бірнеше адамның қызметтері өзара бөлінген, ұйымдастырушы, делдал және пара алушының әрекеттері әртүрлі кезеңдерде жүзеге асырылған істерде маңызды.

Үшіншіден, қылмыс туралы хабарлаған адамның немесе куәгердің бұрын кездескен тұлғаны тануы. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері кейде бір реттік кездесу арқылы емес, бірнеше келіссөз, қызметтік қабылдау немесе қайталанатын байланыстар барысында жүзеге асырылады. Осыған байланысты куә белгілі бір адамды бұрын бірнеше рет көрген болуы мүмкін, бірақ оның ресми деректерін білмеуі ықтимал. Танудың бұл түрінің маңызы – куә көрсеткен тұлғаның бұрынғы кездесулерге қатысы бар-жоғын тексеру және оның айғақтарындағы мәліметтерді нақтылау. Алайда бірнеше рет кездесу адамның сыбайлас жемқорлық қылмысына қатысқанын білдірмейді. Мысалы, мұндай эпизодтар Қызылорда облысының экс-әкімінің ісінде кездеседі. Сондықтан тану нәтижесін кездесулердің мән-жайлары, байланыс деректері, қызметтік құжаттар және басқа да заңды жолмен алынған дәлелдемелермен салыстыра бағалау қажет. Сонымен қатар танушының

адамды қаншалықты ұзақ және қандай жағдайда көргені, тануға дейін оның фотосуретін немесе бейнежазбасын көрген-көрмегені анықталуға тиіс, өйткені мұндай факторлар танудың сенімділігіне әсер етуі мүмкін.

Төртіншіден, пара беру немесе алу кезінде пайдаланылған заттарды тану. ҚР ҚПК-нің 229-бабы адаммен қатар қылмыстың затын да тану үшін көрсетуге мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлық істерінде бұл тергеу әрекеті оқиғаға қатысы бар заттың бұрын көрген затпен сәйкестігін тексеру қажет болғанда өзекті болуы мүмкін. Мысалы, куә пара беру кезінде пайдаланылған, айрықша белгілері бар қаптаманы, белгілі бір затты немесе оқиғамен байланысты өзге объектіні бұрын көргені туралы мәлімет бере алады. Мұндай жағдайларда танудың дәлелдемелік маңызы заттың сыртқы белгілерін сәйкестендірумен шектелмей, оның қылмыстық оқиғаға қатыстылығын басқа материалдар арқылы тексерумен байланысты. Бұл ретте ақша купюраларының бірдей номиналда және ұқсас сыртқы белгілерде болуы оларды тек сыртқы көрінісіне қарап сенімді тануды қиындатуы мүмкін. Сондықтан ақша қаражатының жеке белгілері, арнайы белгіленуі, алыну және сақтау тәртібі, бейнежазбалар мен өзге де материалдар ескерілуі қажет. Затты тану оның кімге тиесілі болғанын немесе қандай мақсатта пайдаланылғанын өздігінен дәлелдемейді.

Бесіншіден, қылмыстық оқиғаға қатысы бар тұлғаның жеке басын қосымша тексеру қажеттілігі. Кейбір істерде күдіктінің жеке басы белгілі болғанымен, куәнің немесе жәбірленушінің оны бұрын көрген адам ретінде сәйкестендіруі қажет болуы мүмкін. Бұл қажеттілік әсіресе күдіктінің белгілі бір кездесуге қатысқанын, пара беру немесе алу сәтінде болғанын не оқиғаға қатысы бар басқа тұлғамен байланысқанын анықтау кезінде туындайды. Мұндай жағдайда тану үшін көрсету бұрын алынған айғақтардың дұрыстығын тексерудің бір тәсілі бола алады. Дегенмен тану нәтижесін айғақтарды қайталап растаудың формалды рәсіміне айналдыруға болмайды. Егер танушы адамды бұған дейін тергеу органының әрекеттері арқылы біліп қойса немесе оған танылуға тиіс тұлғаның кім екені алдын ала көрсетілсе, танудың объективтілігіне күмән туындауы мүмкін. Сондықтан оның дербес тану қабілеті мен тану жүргізілген жағдайлар ғылыми және процестік тұрғыдан маңызды болып табылады.

Алтыншыдан, сыбайлас жемқорлық қылмысының бірнеше эпизодын немесе қатысушылар арасындағы байланысты нақтылау. Ұзақ уақыт бойы жүзеге асырылған немесе бірнеше тұлғаны қамтитын қылмыстық әрекеттер бойынша әрбір эпизодта кездескен адамдардың кім екендігін, олардың бір-бірімен байланысын және нақты оқиғаға қатыстылығын тексеру қажеттілігі туындайды. Мәселен, бір куә пара беруге қатысты келіссөз жүргізген адамды, ал екінші куә ақша қаражатын жеткізген адамды көрген болуы мүмкін. Олардың әрқайсысына қатысты тану нәтижелері іс бойынша жекелеген фактілерді тексеруге көмектеседі. Алайда әртүрлі эпизодтар бойынша алынған тану нәтижелерін өзара байланыстыру үшін уақыт, орын, қатысушылар және әрекеттердің сипаты жөніндегі мәліметтер өзге дәлелдемелермен расталуы

қажет. Мұндай тәсіл тергеудің толықтығын арттырып, қылмыстық оқиғаның құрылымын анықтауға ықпал етеді.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша тану үшін көрсетудің қажеттілігі ең алдымен қылмысқа қатысы бар тұлғалар мен объектілердің сәйкестігін анықтау, олардың нақты оқиғаға қатыстылығын тексеру және басқа дәлелдемелермен салыстыруға болатын процестік мәліметтер алу міндеттерінен туындайды. Бұл тергеу әрекетін жүргізудің неғұрлым тән жағдайлары – пара алушыны немесе берушіні, делдалды, оқиғаға қатысы бар өзге тұлғаны, сондай-ақ бұрын байқалған және іс үшін маңызы бар затты тану қажеттілігі. Аталған жағдайлардың барлығы сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің жасырын сипаты, қатысушылар арасындағы міндеттердің бөлінуі және оқиғаның жекелеген эпизодтары туралы мәліметтердің әртүрлі адамдарда шоғырлануы сияқты ерекшеліктермен түсіндіріледі. Сонымен бірге тану үшін көрсету барлық сыбайлас жемқорлық істерінде міндетті түрде жүргізілетін тергеу әрекеті емес: оны жүргізу нақты қажеттілікке, танушының бұрынғы қабылдау жағдайларына және сәйкестендіруге жататын адамның немесе объектінің бар-жоғына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, оның тиімділігі тек тану фактісімен емес, танудың заңда белгіленген тәртіпте жүргізілуімен, нәтижелерінің сенімділігімен және олардың өзге дәлелдемелермен жиынтықта бағалануымен айқындалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекетті қалыптастырудың маңызды бағыттарының бірі - сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді саясатты іске асыру болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік билік институттарының беделіне нұқсан келтіріп қана қоймай, қоғамдық қатынастардың қалыпты дамуына, экономикалық қауіпсіздікке, инвестициялық тартымдылыққа және азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сеніміне теріс әсер етеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлық қылмыстарын дер кезінде анықтау, ашу және сапалы тергеп-тексеру мемлекет қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Осыған байланысты диссертациялық зерттеу барысында сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексерудің криминалистикалық ерекшеліктері кешенді түрде зерттеліп, олардың теориялық негіздері мен практикалық мәселелері талданды. Зерттеу нәтижесінде қойылған мақсатқа қол жеткізіліп, алға қойылған міндеттер толық көлемде орындалды. Нақтырақ айтсақ,

Қорғауға ұсынылатын ***бірінші нәтижеге*** сәйкес сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеуді жүзеге асыратын тұлғалардың ғылыми негізделген және практикада апробациядан өткен тиімді әдістемемен жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілмегендігі алғаш рет кешенді эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен негізделді. Бұл тұжырым тергеушілер арасында жүргізілген сауалнама мен 217 қылмыстық істің материалдарын талдау арқылы алынған өзара сабақтас деректерге сүйенеді. Аталған екі дереккөз бір мәселенің субъективтік және объективтік қырларын көрсетуге мүмкіндік берді: сауалнама тергеушілердің әдістемелік қамтамасыз етуге қатысты кәсіби бағасын айқындаса, қылмыстық істерді зерделеу тергеуді ұйымдастыру мен жекелеген тергеу әрекеттерін жүргізудегі нақты кемшіліктерді анықтады.

Сауалнамаға сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексеруге қатысатын 21 тергеуші тартылды. Респонденттердің 35%-ы ғана алдын ала тергеу жоспарын құратынын көрсеткен. Іріктеменің көлемін ескергенде пайыздық көрсеткіштер дөңгелектеліп берілгенімен, бұл нәтиже тергеуді жоспарлау тұрақты әрі барлық қызметкер қолданатын кәсіби практикаға айналмағанын білдіреді. Басқаша айтқанда, сауалнамаға қатысушылардың шамамен үштен екісі алдын ала жоспарды жүйелі түрде құру тәжірибесінің жоқ екенін білдірген. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жасырын сипатта болатынын, дәлелдемелердің көбіне құжаттарда, электрондық ақпаратта, қаржылық операцияларда және лауазымды адамдар арасындағы байланыстарда көрініс табатынын ескерсек, жоспарлаудың жеткіліксіздігі тергеудің бастапқы кезеңінде дәлелдемелік ақпараттың қайнар көздерін толық анықтамау қаупін арттырады. Мұндай істерде тергеу әрекетінің уақытын, кезектілігін және өзара байланысын алдын ала белгілемеу мүдделі тұлғалардың құжаттарды өзгертуіне немесе жоюына, электрондық деректерді

өшіруіне, куәлардың ұстанымын келісуіне және заңсыз алынған мүлікті жасыруына жағдай туғызуы мүмкін.

Арнайы әдістемелік ұсынымдарды пайдаланатын тергеушілердің үлесі небәрі 21%-ды құрады. Демек, респонденттердің басым көпшілігі сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеуге арналған арнайы алгоритмдерге, типтік тергеу жағдайларына және жекелеген әрекеттерді өткізу жөніндегі жүйеленген ұсынымдарға тұрақты түрде сүйенбейді. Бұл көрсеткіш әдістемелік материалдардың мүлде жоқ екенін ғана емес, қолда бар ұсынымдардың қолжетімділігі, бірізділігі, өзектілігі немесе практика қажеттілігіне сәйкестігі жеткіліксіз болуы ықтимал екенін де аңғартады. Сондықтан алынған нәтиже қолданыстағы әдістемелік қамтамасыз етудің жай-күйін тек материалдардың формалды болуымен емес, оларды нақты тергеу қызметінде қолдану деңгейімен бағалау қажеттігін көрсетеді. Егер арнайы ұсынымды тергеушілердің бестен бір бөлігі ғана пайдаланса, қолда бар материалдарды тергеудің тиімді құралы ретінде орныққан және практикада кеңінен апробацияланған әдістеме деп тануға жеткілікті негіз жоқ.

Тергеу әрекеттерінің реттілігін белгілеуде қиналатынын респонденттердің 57%-ы көрсеткен. Бұл сауалнама нәтижесіндегі негізгі диагностикалық көрсеткіштердің бірі болып табылады, өйткені тергеу әрекеттерінің дұрыс кезектілігі дәлелдемелерді дер кезінде бекітуге, бастапқы ақпаратты тексеруге және кейінгі әрекеттер үшін қажетті фактілік негіз қалыптастыруға тікелей әсер етеді. Мәселен, жауап алуды кешіктіріп, оған дейін мүдделі адамдарға өзара байланысу мүмкіндігін беру жауаптардың келісіліп алынуына әкелуі ықтимал; тінтуді уақытында өткізбеу ізделетін құжаттар мен заттардың басқа жерге көшірілуіне немесе жойылуына жағдай жасайды; лауазымдық өкілеттіктерді, қаржылық құжаттарды және электрондық коммуникацияларды алдын ала зерттемей жауап алу тергеушінің тактикалық мүмкіндігін шектейді. Респонденттердің жартысынан астамының реттілікті анықтауда қиындық көруі жекелеген тергеушінің тәжірибесіне ғана тәуелді емес, ұйымдастырушылық және әдістемелік сипаттағы ортақ мәселенің бар екенін көрсетеді.

Сауалнамаға қатысушылардың 82%-ы бірыңғай әдістеме қажет деп санайды, ал 71%-ы қазіргі әдістемелік қамтамасыз етуді жеткіліксіз деп бағалаған. Бірінші көрсеткіш тергеушілердің айқын практикалық сұранысын білдірсе, екіншісі қолданыстағы қамтамасыз етудің нақты қажеттілікті толық өтемейтінін көрсетеді. Бұл нәтижелердің өзара жақындығы кездейсоқ емес: тергеу әрекеттерінің реттілігін белгілеудегі қиындықтар мен арнайы ұсынымдарды пайдаланудың төмен деңгейі бірыңғай әдістемеге деген қажеттілікті қалыптастырып отыр. Сонымен бірге «бірыңғай әдістеме» барлық қылмыстық істерге өзгеріссіз қолданылатын қатаң нұсқаулық ретінде түсіндірілмеуі тиіс. Ол қылмыстың түрі, тергеудің бастапқы жағдайы, дәлелдемелердің сипаты мен оларды жоғалту қаупіне қарай бейімдеуге болатын ғылыми негізделген алгоритмдерден, типтік модельдерден,

жоспарлау құралдарынан және тактикалық ұсынымдардан тұратын икемді жүйе болуы қажет.

Сауалнама нәтижелері қылмыстық істерді талдау барысында алынған объективтік деректермен расталды. Зерттеу шеңберінде 217 қылмыстық іс зерделенді. Іс материалдарынан алдын ала жоспардың жасалғанын анықтау мүмкін болмады. Бұл жағдай жоспардың мүлде құрылмағанын барлық іс бойынша біржақты бекітуге мүмкіндік бермейді, өйткені жоспар ұйымдастырушылық құжат ретінде қылмыстық істің материалдарына тіркелмеуі немесе бөлек сақталуы мүмкін. Соған қарамастан, талданған материалдарда жоспарлаудың нәтижесін көрсететін анық және бірізді әрекеттер жүйесінің жеткіліксіз болуы, сондай-ақ кейінгі анықталған процессуалдық және тактикалық кемшіліктер тергеуді жоспарлаудың іс жүзіндегі сапасына күмән келтіреді. Сондықтан бұл дерек «217 істің барлығында жоспар жасалмаған» деген абсолютті тұжырымға емес, зерттелген істердің материалдары бойынша жоспарлаудың бар-жоғын және оның мазмұнын тексеруге мүмкіндік болмағаны туралы сақ қорытындыға негіз болады.

Талданған 217 істің 118-інде, яғни шамамен 54,4%-ында тергеу әрекеттерінің реттілігі бұзылған. Бұл көрсеткіш сауалнама барысында тергеу әрекеттерінің кезектілігін анықтауда қиналатынын білдірген 57% респонденттің жауабымен мазмұндық тұрғыдан сәйкес келеді. Сауалнама қызметкерлер сезінетін кәсіби қиындықты көрсетсе, қылмыстық істерді талдау сол қиындықтың процессуалдық қызметте нақты көрініс тапқанын айқындайды. Екі дереккөз бойынша алынған нәтижелердің жақындығы зерттеу қорытындысының сенімділігін күшейтеді және анықталған кемшілікті кездейсоқ немесе жекелеген қызметкерге тән жағдай ретінде бағалауға жол бермейді.

Сонымен қатар, 110 істе, яғни зерттелген істердің шамамен 50,7%-ында дәлелдемелердің дер кезінде алынбағаны анықталды. Дәлелдемені кешіктіріп алу оның мазмұнының өзгеруі, жойылуы, басқа тұлғаға берілуі немесе дәлелдемелік маңызын төмендететін жағдайлардың туындауы қаупін күшейтеді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарында бұл қауіп әсіресе жоғары, себебі құжаттар мен электрондық мәліметтерге қызметтік қолжетімділігі бар тұлғалар оларды өзгертуге немесе жасыруға әрекет етуі мүмкін. Дәлелдемелерді алу уақытын дұрыс айқындау жедел-іздестіру материалдарын қылмыстық процеске енгізу, тінту мен алуды ұйымдастыру, куәлардан және күдіктілерден жауап алу, қаржылық операциялар мен цифрлық іздерді бекіту тәрізді әрекеттерді біртұтас жоспарға біріктіруді талап етеді. Сондықтан 110 іс бойынша белгіленген кемшілік жоспарлау мен әдістемелік алгоритмдердің жеткіліксіздігінің тікелей практикалық салдарын көрсетеді.

Тергеу әрекеттерінің кешіктірілуі салдарынан 30 істің қысқартылғаны анықталған. Бұл зерттелген істердің шамамен 13,8%-ын құрайды. Қылмыстық істі қысқартудың әрбір жағдайы тек бір себеппен түсіндірілмеуі мүмкін екенін ескеру қажет. Алайда талдау барысында тергеу әрекеттерінің кеш өткізілуі

істің қысқартылуына әсер еткен фактор ретінде белгіленсе, мұндай дерек әдістемелік кемшіліктің жай ұйымдастырушылық олқылықтан нақты процессуалдық салдарға ұласқанын дәлелдейді. Яғни мәселе тергеу мерзімінің техникалық бұзылуымен шектелмейді: уақыт жоғалту дәлелдемелік базаның әлсіреуіне, тергеу болжамдарын тексеру мүмкіндігінің азаюына және қылмыстық қудалауды жалғастыру үшін жеткілікті дәлелдемелердің қалыптаспауына әкелген.

Қылмыстық істерді зерделеу кезінде жауап алуды кешіктіру, тінтуді уақтылы өткізбеу және жауап алу барысында тиісті тактикалық әдістерді қолданбау типтік кемшіліктер ретінде анықталды. Бұл кемшіліктер өзара байланысты. Уақытылы тінту жүргізілмесе, кейінгі жауап алуда пайдаланылатын заттай және құжаттық дәлелдемелер алынбайды; қажетті құжаттар алдын ала зерттелмесе, тергеуші жауап алынатын тұлғаның мәліметтеріндегі қайшылықтарды дер кезінде көрсете алмайды; жауап алу кешіктірілсе, тұлғалардың өз ұстанымдарын келісіп алуы немесе оқиғаның мән-жайларын әдейі бұрмалауы ықтимал. Ал тактикалық әдістерді қолданбау жауап алудың ақпараттық мүмкіндігін толық пайдаланбауға соқтырады. Осылайша, жекелеген тергеу әрекеттеріндегі кемшіліктерді бір-бірінен бөлек қарастыру дұрыс емес: олар тергеудің бастапқы және кейінгі кезеңдерін байланыстыратын тұтас әдістемелік модельдің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Эмпирикалық деректерді жиынтық бағалау бірнеше тұрақты байланысты анықтады. Біріншіден, алдын ала жоспар құратын тергеушілер үлесінің төмендігі қылмыстық істердің жартысынан астамында анықталған әрекеттер реттілігінің бұзылуымен ұштасады. Екіншіден, арнайы әдістемелік ұсынымдарды пайдалану деңгейінің төмендігі дәлелдемелердің дер кезінде алынбауы және типтік тактикалық қателердің қайталануымен сәйкес келеді. Үшіншіден, тергеушілердің бірыңғай әдістемеге жоғары сұранысы қылмыстық істер материалдарынан анықталған жүйелі кемшіліктермен объективті түрде расталады. Демек, сауалнама мен істерді талдау нәтижелері бірін-бірі қайталамай, зерттелетін проблеманың әртүрлі деңгейлерін ашады және әдістерді өзара толықтыру қағидаты бойынша ортақ қорытындыға алып келеді.

Сонымен, жүргізілген зерттеу сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергейтін тұлғалардың ғылыми негізделген және практикада апробациядан өткен тиімді әдістемемен жеткілікті қамтамасыз етілмеуі тергеу сапасына тікелей ықпал ететінін көрсетті. Бұл қорытынды респонденттердің субъективтік пікірімен ғана емес, 217 қылмыстық істен анықталған нақты кемшіліктермен дәлелденеді. Әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі тергеуді жоспарлаудың тұрақсыздығынан, арнайы ұсынымдарды қолданудың төмен деңгейінен, әрекеттердің кезектілігін таңдаудағы қиындықтардан, дәлелдемелерді кеш алудан және тактикалық мүмкіндіктерді толық пайдаланбаудан көрінеді. Осыған байланысты қорғауға ұсынылатын бірінші нәтиже ретінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің жағдайға бейімделетін бірыңғай әдістемесін әзірлеу қажеттігі негізделеді. Мұндай

әдістеме бастапқы ақпаратты бағалау, тергеу болжамдарын ұсыну, жоспар құру, дәлелдемелерді жоғалту қаупін анықтау, тергеу әрекеттерінің оңтайлы кезектілігін белгілеу және жауап алу мен тінтудің тактикалық тәсілдерін таңдау жөніндегі практикада тексерілетін ұсынымдарды қамтуы тиіс.

Қорғауға ұсынылатын ***екінші нәтиже*** ретінде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің тиімділігін айқындайтын төрт компонентті практикалық-әдіснамалық модель негізделді: 1) тергеу процесін басқару құзыреттіліктері; 2) ақпараттық-техникалық ресурстар; 3) тиімді тергеу әдістері; 4) аналитикалық құзыреттіліктер. Алғашқы екі компонент қажетті ақпараттық базаны қалыптастырады, ал ол тиімді әдістермен және аналитикалық құзыреттілікпен ұштасқанда тергеудің нәтижелілігіне қол жеткізіледі. Компоненттер өзара байланыста және теңгерімді іске асырылғанда ғана толық нәтиже береді.

Тергеу процесін басқару құзыреттіліктері алдын ала жоспарлау, әрекеттердің реттілігін дұрыс белгілеу, жауап алу кезінде тактикалық амалдарды шебер қолдану және күдіктімен кәсіби әрі сенімді байланыс орнату қабілеттерін білдіреді. Сауалнама респонденттердің 35%-ы ғана алдын ала жоспар құратынын, 57%-ы тергеу әрекеттерінің реттілігін белгілеуде қиналатынын көрсетті. Зерделенген 217 істің 118-інде әрекеттер реттілігінің бұзылуы, 110 іште дәлелдемелердің дер кезінде алынбауы анықталды. Бұл басқару құзыреттілігінің формалды талап емес, дәлелдемелерді жоғалту қаупін азайтатын нақты практикалық шарт екенін дәлелдейді.

Ақпараттық-техникалық ресурстар аудио-бейнетіркеу құралдарын, электрондық деректерді алу мен сақтау жабдықтарын, ақпараттық жүйелерге қолжетімділікті және құжаттарды жедел өңдеу мүмкіндігін қамтиды. Тергеушілердің көпшілігі бұл қамтамасыз етуді жеткіліксіз деп бағалаған. Техникалық тапшылық жауап алуды толық тіркеуге, цифрлық іздерді бекітуге және құжаттық ақпаратты жүйелеуге кедергі келтіреді. Сондықтан басқару құзыреттілігі мен жеткілікті ресурстар тексеруге жарамды ақпараттық база қалыптастырады.

Үшінші компонент – алдын ала жоспарлау, типтік тергеу жағдайына сәйкес әрекет алгоритмін таңдау, жауап алу мен тінтудің тактикалық тәсілдерін дер кезінде қолдану және дәлелдемелерді алу кезектілігін белгілеуді қамтитын тиімді әдістер. Қылмыстық істерде жауап алуды кешіктіру, тінтуді уақтылы өткізбеу және тактикалық амалдарды қолданбау типтік кемшіліктер ретінде кездескен. Тергеу әрекеттерінің кешіктірілуі салдарынан 30 істің қысқартылуы әдісті дұрыс таңдамау немесе кеш қолдану нақты процессуалдық салдарға әкелетінін көрсетеді. Сондықтан тиімді әдістер ақпараттық базаны қалыптастыру, толықтыру және тексерудің бүкіл кезеңінде қолданылуы тиіс.

Төртінші компонент – аналитикалық құзыреттілік. Ол бұйрықтарды, келісімшарттарды, еңбек кітапшаларын, бухгалтерлік есеп құжаттары мен есептерді өзара байланыстыра талдауды, мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың қызметін реттейтін ережелерді болжалды сыбайлас жемқорлық

тәуекелдері тұрғысынан бағалауды талап етеді. Бұл қабілет заңды шешім мен қылмыстық мақсатта пайдаланылған өкілеттікті ажыратуға, құжаттардағы сәйкессіздіктерді және тұлғалар мен операциялар арасындағы жасырын байланысты анықтауға мүмкіндік береді.

Модельдің негізгі қағидасы – компоненттердің өзара алмастырылмайтындығы. Техникалық жабдықталу жоспарлау мен аналитикалық дағдының әлсіздігін өтемейді, ал кәсіби шеберлік қажетті ақпарат пен техника болмағанда толық іске аспайды. Ақпараттық база тиімді әдістерсіз ретсіз деректер жиынтығы болып қалса, аналитикалық құзыреттіліксіз оның дәлелдемелік маңызы ашылмайды. Сондықтан нәтиже төрт компоненттің қажетті сапалық деңгейде теңгерімді жұмыс істеуіне тәуелді.

Модельдің қолданбалы жарамдылығы сот істерін, тергеу материалдарын және сауалнама нәтижелерін салыстыру арқылы негізделді; оны тергеушілерді даярлауда, әдістемелік ұсынымдар әзірлеуде және тергеу тиімділігін бағалауда қолдануға болады.

Үшінші ғылыми нәтиже сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексеруді жоспарлау мәселелеріне арналды. Зерттеу барысында тергеудің тиімділігі көбінесе оның алғашқы кезеңдегі дұрыс ұйымдастырылуына тәуелді екендігі анықталды. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша дәлелдемелердің едәуір бөлігі құжаттарда, электрондық жүйелерде немесе қаржылық операцияларда сақталатындықтан, оларды уақытылы анықтап бекіту ерекше маңызға ие. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің кезеңдік алгоритмі ұсынылды. Алгоритм тергеу жағдайын бағалау, бастапқы ақпараттарды талдау, дәлелдеуге жататын мән-жайларды анықтау, тергеу болжамдарын қалыптастыру және тергеу нәтижелерін болжау кезеңдерінен тұрады. Ұсынылған тәсіл тергеушінің қызметін жүйелеуге, дәлелдемелерді жоғалту қаупін төмендетуге және тергеу әрекеттерінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл алгоритм тергеудің бастапқы кезеңінде жіберілетін тактикалық қателіктердің алдын алуға ықпал етеді.

Төртінші ғылыми нәтиже сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексерудің бағдарламасын әзірлеумен байланысты (*Қосымша Б*). Зерттеу нәтижесінде тергеу бағдарламасы тек тергеу әрекеттерінің тізбесі ғана емес, ол белгілі бір логикалық жүйеге құрылған кешенді криминалистикалық модель болуы тиіс деген қорытынды жасалды. Бағдарламада қылмыстың жасалу механизмі, күдіктінің тұлғасы, дәлелдемелік ақпарат көздері, тергеу әрекеттерінің кезектілігі, арнайы зерттеулердің қажеттілігі және процессуалдық шешімдердің алгоритмі қамтылуы тиіс. Ұсынылған бағдарлама сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша тергеу жүргізетін қызметкерлердің практикалық қызметінде қолдануға жарамды әмбебап әдістемелік құрал ретінде бағаланады. Оның тәжірибеге енгізілуі тергеу сапасын арттыруға және дәлелдеу процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Бесінші ғылыми нәтиже сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудің тактикалық ерекшеліктерін жетілдіруге арналды. Жүргізілген зерттеу құжаттарды зерттеу тактикасының ерекше маңызын көрсетті. Тергеуші белгілі бір мекеменің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жан-жақты зерттемейінше, лауазымды тұлғаның әрекеттеріне дұрыс құқықтық баға бере алмайды. Сондықтан тергеудің бастапқы кезеңінде құқықтық реттеу жүйесін зерделеу міндетті тактикалық элемент ретінде қарастырылды.

Сондықтан да, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеудегі маңызды тергеу әрекеті ретінде күдіктіден жауап алу мәселесіне ерекше назар аударылды. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасаған тұлғалардың көпшілігі жоғары интеллектуалдық және кәсіби дайындық деңгейіне ие болғандықтан, олардан жауап алу барысында психологиялық тәсілдерді қолданудың маңызы жоғары екендігі анықталды. Және де диссертациялық жұмыста күдіктіден (айыпталушыдан) жауап алудың бірнеше нұсқасы жасалып талданды. Жоғарыда аталғанындай сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жоғары латенттілігін ескерсек, осы қылмыстар бойынша жауап алудың авторлық типтік нұсқалары ерекше практикалық маңызға ие. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарымен күрес органдарының назарына алуға лайықты деп есептейміз.

Сонымен қатар тінту жүргізудің тактикалық ерекшеліктері зерттелді. Қазіргі уақытта дәлелдемелердің едәуір бөлігі цифрлық тасымалдаушыларда сақталатындықтан, тінту жүргізу барысында ақпараттық технологиялар саласындағы мамандардың қатысуының қажеттілігі негізделді. Зерттеу нәтижесінде жауап алу, тінту жүргізу, құжаттарды алу, беттестіру және арнайы зерттеулерді тағайындау бойынша типтік тактикалық ұсынымдар әзірленді.

Алтыншы ғылыми нәтиже құқық қорғау органдарының қызметіне жасанды интеллект технологияларын енгізудің ғылыми негіздерін әзірлеуге бағытталды. Цифрландыру жағдайында сыбайлас жемқорлық қылмыстарының жаңа нысандары қалыптасуда. Электрондық мемлекеттік сатып алу жүйелері, цифрлық қаржылық операциялар, электрондық құжат айналымы және ақпараттық жүйелер қылмыстық әрекеттерді жүзеге асырудың жаңа тәсілдерін қалыптастыруда.

Жетінші ғылыми нәтиже сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша жауап алудың нақты режимінде автоматты жазбасын жүргізетін зияткерлік құрылғы әзірлеуді ұсынамыз.

Зияткерлік құрылғы автоматты түрде жазылып алынған аудиофайлдарға ондағы басты фразалар мен оқиғаларды анықтау үшін семантикалық талдаулар жүргізеді және оларды мәтіндік файлдарға айналдырады. Әрбір цифрлық хаттама бірегей ID номерге байланыстырылып, қол жетімділіктен қорғалған құжаттарды басқару жүйесінде сақтайды. Цифрлық хаттамалар блокчейн жүйесімен интеграцияланады. Бұл мүмкін болатын өзгертулер мен жалған мәліметтерді енгізуді болдырмайды және де қауіпсіздік пен құпиялылықты сақтаудың заманауи хаттамаларын қолдану істі жүргізетін

тұлғалардың барлық әрекеттерін ашық әрі есептілікте ұстауды қамтамасыз етеді.

Осыған байланысты дәстүрлі тергеу әдістері күрделі цифрлық деректер ағынын өңдеуде жеткіліксіз болып отыр. Зерттеу барысында жасанды интеллект технологияларының құқық қорғау органдары қызметіндегі әлеуеті талданды. Жасанды интеллект құралдары үлкен көлемдегі ақпараттарды өңдеуге, қаржылық операцияларды автоматты талдауға, жасырын байланыстарды анықтауға, тәуекелдерді бағалауға және сыбайлас жемқорлық схемаларын модельдеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мұндай технологиялар электрондық дәлелдемелерді жинау мен талдаудың сапасын арттырып, тергеу мерзімдерін қысқартуға ықпал етеді. Осыған байланысты қылмыстық-процестік заңнамаға жасанды интеллект құралдарын пайдалану тәртібін енгізу, оларды қолданудың құқықтық шектерін белгілеу және алынған нәтижелердің дәлелдемелік маңызын анықтау қажеттілігі негізделді.

Құқық қорғау жүйесін жетілдіру ең әуелі қылмыстарды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді сапалы ұйымдастырудан басталады. Бұл өз кезегінде тергеу әрекеттерін сауатты әрі кәсіби жүргізуді талап етеді. Ақпарат алуда кеңінен танылған және тиімді тергеу әрекеттердің бірі – жауап алу. Жауап алу тергеу әрекеттерінің сан қырлы әрі қиын түрі. Сонымен қатар, іске асыруда қарапайым әрі сенімді бола отырып, жауап алу бұл дәлелдемелік ақпарат және келесі бір тергеу әрекеттерін жасаудың алғышарты ретінде танылады.

Ғылыми-техникалық ілгерілеу қылмыстық сот өндірісіне де еніп келеді. Қазіргі уақытта сотқа дейінгі тергеп-тексеру электрондық форматта табысты жүргізіліп келеді. Қылмыстық сот өндірісінің цифрлық кеңістікке өтуін 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде (бұдан әрі – ҚР ҚПК) «Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алудың (қашықтықтан жауап алу) ерекшеліктері» сияқты тергеу әрекетін енгізуінен байқауға болады.

ҚР Жоғарғы соты сайтында қол жетімді апелляциялық сатыда қаралған істерді талдау нәтижесінде шағымдардың 70%-ға жуығы сотқа дейінгі тергеп-тексеруде іске қатысушылардан жауап алуда берілген түсініктемелерінде ескерілмеген мәселелер екенін көрсетті. Қолданыстағы ҚР ҚПК-нің 210-бабы 9-тармағына сәйкес жауап алу кезінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның шешімі бойынша, сонымен бірге күдіктінің, айыпталушының, куәнің не жәбірленушінің өтініші негізінде дыбыс-бейне жазба қолданылуы мүмкін. Демек, жауап алу процесінің дыбыс-бейне жазбасы автоматты түрде емес, тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаның шешімі бойынша немесе жауап алынатын тұлға өтінгенде ғана жүргізіледі. Бұл сотқа дейінгі жауап алуда дыбыс-бейне жазба барлық істер бойынша жүргізілмейді дегенді білдіреді. Бұл өз кезегінде жауап алу хаттамасының бұрмалануына немесе ондағы кейбір іс үшін қажетті мәліметтердің еленбей қалуына әкеп соғатын бірден-бір фактор. Бастапқы жауап алуды жүргізудің процестік нормаларын елеулі түрде бұза отырып, тәндік немесе психикалық қысым

көрсету арқылы мәліметтер алған фактілер жиі кездеседі. Мұндай жағдайларда ҚР ҚПК-нің 211-бабына сәйкес қосымша немесе қайталап жауап алу қажеттігі туындайды. Бұл істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімінің созылуына, сондай-ақ қосымша ресурстарды шығындауға (уақыт, еңбек т.б.) алып келеді. Нәтижесінде, құқық қорғау органдарына деген тұрғындардың сенім деңгейі төмендейді.

Диссертациялық жұмыстағы жасанды интеллектіні сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу әрекеттерінде қолданудың негізгі идеясы - іс бойынша жауап алудың нақты уақыт режимінде автоматты жазбасын жүргізетін зияткерлік құрылғыны әзірлеуді көздейді. Зияткерлік құрылғының ерекшелігі жауап алуда қазақ және орыс тілдеріндегі сөйлесуді, соның ішінде қиын акустикалық және фондық шу жағдайларында қазақ және орыс тілдерінде сөйлесуді заңи терминологияға, әртүрлі диалектілер мен акценттерге бейімделе отырып таниды. Сонымен қатар, зияткерлік құрылғыға қарама-қарсы әңгімелесу мен стандартты емес сөйлеу мәнерін танудың дәлдігін көтеретін алгоритмдер зерттеліп, ендіріледі. Зияткерлік құрылғы хаттамаларға автоматты түрде семантикалық талдау жүргізіп жауап алуға қатысушылар құқықтарының сақталуын бағалау мен мүмкін болатын бұзушылықтарды анықтайды. Әзірленген құрылғы жауап алуға қатысушылардың мінез-құлқындағы күйзеліс, жалған айғақтар мен ауытқушылықтарды анықтауға бағытталған. Бұл мақсатта психофизиологиялық мәліметтерді талдау үшін машиналық оқыту модельдері мен нейрожелілер зерттеліп, тиімді модельдері қалыптастырылады. Жауап алуда туындауы мүмкін ауытқушылықтар мен алдын ала теріс түсініктерді болдырмау үшін тергеушілер мен жедел уәкілдердің әрекеттеріне предиктивті талдау жүргізетін алгоритмдер енгізіледі. Бұл өткен тәжірибеден сабақ алып алдағы жауап алуларда оны қайталамауға және оны автоматты түрде болдырмауға мүмкіндік береді. Зияткерлік құрылғы автоматты түрде жазылып алынған аудиофайлдарға ондағы басты фразалар мен оқиғаларды анықтау үшін семантикалық талдаулар жүргізеді және оларды мәтіндік файлдарға айналдырады. Әрбір цифрлық хаттама бірегей ID номерге байланыстырылып, қол жетімділіктен қорғалған құжаттарды басқару жүйесінде сақтайды. Цифрлық хаттамалар блокчейн жүйесімен интеграцияланады. Бұл мүмкін болатын өзгертулер мен жалған мәліметтерді енгізуді болдырмайды және де қауіпсіздік пен құпиялылықты сақтаудың заманауи хаттамаларын қолдану істі жүргізетін тұлғалардың барлық әрекеттерін ашық әрі есептілікте ұстауды қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, диссертациялық зерттеу нәтижелері сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеп-тексерудің криминалистикалық теориясын дамытуға елеулі үлес қосады. Ұсынылған ғылыми тұжырымдар мен практикалық ұсынымдар құқық қорғау органдарының қызметінде қолданылған жағдайда сыбайлас жемқорлық қылмыстарын анықтау, ашу және тергеу тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің теориялық маңызы сыбайлас жемқорлық қылмыстарының криминалистикалық сипаттамасын жетілдіруде, тергеу алгоритмдерін жүйелеуде, тергеу бағдарламаларын әзірлеуде және цифрлық криминалистиканың жаңа бағыттарын дамытуда көрінеді.

Зерттеудің практикалық маңызы ұсынылған әдістемелік ұсынымдардың құқық қорғау органдарының күнделікті қызметіне енгізілу мүмкіндігімен, оқу процесінде пайдалануға жарамдылығымен және нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру барысында қолдану мүмкіндігімен айқындалады.

Осылайша, диссертацияда қойылған мақсат толық көлемде орындалды, ал алға қойылған ғылыми міндеттер шешімін тапты. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы, теориялық негізділігі және практикалық маңыздылығы олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіруге және құқық қолдану практикасының тиімділігін арттыруға бағытталғанын көрсетеді. Бұл нәтижелер Қазақстан Республикасында заң үстемдігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға және қоғамның мемлекетке деген сенімін нығайтуға қызмет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 ҰҚК қызметінің 2025 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нәтижелері туралы // http:www.gov.kz 15.06.2026

2 2024 жылғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Ұлттық баяндама. // http://www.gov.kz 01.09.2025

3 Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде кеңес өтті. // http://www.akorda.kz 20.05.2019

4 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзі. // http://www.akorda.kz 19.08.2020

5 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы. // htpp:www.primeminister.kz 01.09.2021

6 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы. // http://www.akorda.kz 01.09.2022

7 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауы. // http://www.akorda.kz 01.09.2023

8 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ. // http://www.adilet.zan.kz. 31.03.2026

9 Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығы. // http://www.adilet.zan.kz. 31.03.2026

10 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған. // http://www.prg.kz. 19.09.2026

11 Ибраймов А.С. О некоторых вопросах обеспечения конституционного права граждан на защиту в уголовном процессе. // Вестник Атырауского университета имени Х.Досмухамбетова. – 2019. – №4 (55).– Б.147-148

12 Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі №231-V ҚРЗ. // http://www.adilet.zan.kz. 31.03.2026

13 ҚР Жоғарғы соты сайты. Сот актілерінің банкі. // http://www.office.sud.kz. 08.01.2025

14 Қаңтар оқиғасы: 23 азаматты үтікпен күйдірген. // http://www.youtube.com. 08.01.2025

15 Қаңтар оқиғасынан кейін істі болған 11 полицей тағылған айыппен келіспейді. http://www.youtube.com. 08.01.2025

16 Хусаинов О.Б. Организационно-тактические особенности расследования коррупционных преступлений: по уголовно-процессуальному

законодательству Республики Казахстан: дисс. ... канд.юрид.науч.: 12.00.09. – Челябинск, 2005. – 216 с.

17 Кенжетаев Ч.Д. Методика расследования посредничества во взятничестве на превоначальном этапе: автореф. дисс. ... канд. юрид. наук.: 12.00.09. – Караганда, 2006. – 28 с.

18 Абдрашев Р.М. Теория и практика расследования коррупционных преступлений в системе правоохранительных органов: автореф. дисс. ... докт. юрид. наук.: 12.00.09. – Алматы, 2010. – 30 с.

19 Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы № 207-1 Кодексі (Күші жойылған). // http://www.prg.kz. 19.09.2026

20 Лашко Н.Н. Криминалистическая характеристика и первоначальный этап расследования взяточничества и коррупции. Дисс. … канд.юрид.наук. – Москва, 2001. – С.3-15

